

ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНОВ

АҚЫН ІЗІ
СЛЕД ПОЭТА

Петропавл - 2008

Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану
мұражайы «Асыл мұра» орталығы

Северо-Казахстанский областной историко-
краеведческий музей, центр «Асыл мұра»

ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНОВ. АҚЫН ІЗІ.
СЛЕД ПОЭТА

Петропавл – 2008

Қазақстан журналистер одағының мүшесі, «Асыл мұра» орталығының қызметкері Қайролла Мұқановтың бұл кітабына халқымыздың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев туралы әр жылдары баспасөз бетінде жарияланған зерттеу мақалалары енгізілді. Кітап оқушылар мен студенттерге, оқытушылар мен әдебиетшілерге, жалпы оқырман қауымға арналған.

В книгу члена Союза журналистов Казахстана, сотрудника центра «Асыл мұра» вошли исследовательские статьи о великом казахском поэте Магжане Жумабаеве, опубликованные в разные годы в периодической печати. Книга рассчитана на широкий круг читателей.

*Басқа жұрт өз өнерпаздарымен
мақтанса, қазақ әдебиеті де бір
кезде суретшілік жөнінен
Мағжанмен мақтануында сөз жоқ.*

Жүсіпбек Аймауытов

СӨЗ БАСЫ

«Мағжан! Мағжан!.. Ерек есім киелі
Ұмытпайды, халқың сені сүйеді.
Күннен туған пайғамбары өлеңнің
Алты алашың өзіңе бас иеді.»

Кәрібай Мұсырман.

Жарты ғасыр бойы қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармалары қамауда болды, тек өткен ХХ ғасырдың 80-ші жылдарының соңында ғана халқымен қайта табысты. Ақынның есімін атауға тыйым салынған жылдардың өзінде халқы оны ұмытпады. Біздің бала кезімізде ел ішінде үлкендер жан-жақтарына қарап алып, «Шіркін, Мағжанның өлеңдері-ай!» – деп, ақырын оның өлеңдерін жатқа айтып отыратын еді. Осының өзі Мағжанның тек қатардағы ақын емес, есімі, өлеңдері халық жүрегінде мәңгі сақталатын ұлы ақын екенін білдірмей ме?!

Ақын, жазушы, журналист, фольклорист, тарихшы, философ, аудармашы, ұстаз, қоғам қайраткері, саясаткер – Мағжан Жұмабаев артында мол мұра, мол із қалдырды. Мағжан қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өзге елдер әдебиетімен, мәдениетімен тең болуын қалады. Қазақ елінің мәдениеті мешеу, тарихы белгісіз «бұратана» ел атануына намыстана қарады. Мұның өзі халқымыздың тарихын білмегендіктен екенін аңғарды. Сөйтіп, халқымыздың тарихы мен

мәдениетін терең зерделеп зерттеуіне кірісті. Өткен тарихымызға терең бойлаған ақын, орыстың және әлем әдебиеті мен ғылымын меңгеруге тырысты. Елінің тарихы мен мәдени мұраларына қызығушылығы мен сүйіспеншілігін өмірінің соңына дейін сақтады. Ол қазақ халқының асыл мұраларын келешек ұрпақ үшін, тарих үшін қажет деп санады. Сондықтан да өзінің шығармаларында ел тарихын, халықтан шыққан ұлы тұлғалардың (Абылай, Кенесары, Сыздық...), ел қорғаған батырлардың ерен еңбегі мен ерлігін көрсетуге ұмтылды.

Мағжан өзінің қысқа өмірінде көп қалада болды. Ол өзінің Сасықкөл жағасындағы туған ауылынан бастап Қызылжар, Уфа, Қазан, Омбы, Орынбор, Ташкент, Мәскеу қалаларында болды. Сол қалалардың қайсысында болса да, туған халқын ұмытқан жоқ, соған қызмет етуге тырысты, тамаша өлеңдер, поэмалар, ғылыми еңбектер жазып, өз ізін қалдырып отырды. Осы жолдарында ақын Алаш партиясының басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтан бастап көптеген зиялы азаматтармен танысып жолдас болды. Оның ақындығын, білімділігін, отансүйгіштігін Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов жоғары бағалады.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, әсіресе Қазақстанға бірінші басшы болып Ф.И.Голощекин

келгеннен кейін оның шығармаларын сынап, өзіне ұлтшылсың, байшылсың, түрікшілсің, менменсің деген сияқты кінә тағу көбейіп кетті. Соның өзінде ол мойымады, өзінің бағасын білді:

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын,
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзім де – от.
Өзіме - өзім табынам, – деп қыр көрсетті.

Ұлы ақын қандай қыспақ көрсе де, халқына сыйлы екенін, өзі өлсе де, есімі, шығармалары өлмейтінін, халық жадында сақталатынын сезді.

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім – патша, өзім – қазы, өзім – би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді? –

деуі де сондықтан.

50 жылдан астам сергелдені мол үзілістен кейін Мағжандай ұлы ақынымыздың азаматтық арда келбетімен халқымен қайта табысып, ақындық өр дауысының жаңадан жаңғыра естілген үнін бүгінгі ұрпақ зор қуанышпен қарсы алды. Ақын ақталып, шығармалары жарыққа шығуы еліміздің талай ақындарының шабытын оятып, оған арналған көптеген өлеңдер, поэмалар туды.

Көрнекті ақын, жерлесіміз Кәкімбек Салықов ақын есімінің халқына қайта оралауына арнаған бір өлеңінде:

Есесін ессіз күннің тағдыр берсін,
Қайтадан Мағжан атты жаңғырды есім.
Жетеді ет – жүрекке әрбір сөзі,
Кетеді еске оралтып тағдыр көшін – деп
өзінің де, халықтың да зор қуанышын білдірді.

Ұлы ақын ақталғаннан бері оның өмірі мен шығармашылығын зерттеген көптеген еңбектер жарық көрді. Дегенмен ақынның өмір жолы мен шығармашылығы толық зерттеліп болды деуге болмайды. Әлі талай жылдар бойы талай әдебиетші, тарихшы ғалымдар бұл жолда еңбектенері хақ.

Біз де өз әлімізше ақын өмірі мен шығармашылығын зерттеп оның әр қалада болғанда өзінің шығармаларымен қалдырған ізін, асыл мұраларын көрсетпек болдық. Сонымен қатар оның Міржақып Дулатов, Жұмағали Тлеулин, Нәзір Төреқұлов, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, т.б. сияқты қазақтың зиялы азаматтарымен қарым-қатынасын көрсетуге тырыстық. Осыған орай, кітаптің атын «Ақын ізі» деп қойдық. Бұл еңбек ойдан шығарылған жоқ. Мұрағат көмбесінде бұғып жатқан құжаттарды, баспасөз бетінде жарияланған материалдарды екшеп, зерделеп пайдаландық.

Еңбегіміз өскелең ұрпаққа ұлы Мағжан ақынның өмірі мен шығармашылығынан аз да болса қажетті мағлұмат берсе мақсатымыздың орындалғаны деп санаймыз.

Автор.

Мағжан Жұмабаевтың
100- жылдығына

МАҒЖАННЫҢ «ТАҢДАМАЛЫСЫ»
(4.02.1993ж.)

Қазақтың ұлы ақыны, халқымыздың мақтанышы Мағжан Жұмабаевтың шығармалары 60 жыл бойы жарық көрмей қапаста қамаулы болды. Біздер оның шығармаларын оқымай білмей өстік. Тек 1988 жылдың қараша айында Мағжан өзі сияқты бір топ қазақ зиялыларымен бірге толық ақталғаннан кейін ғана оның шығармаларын жарыққа шығаруға мүмкіндік туды.

1989 жылы «Жазушы» баспасынан Мағжанның бір томдық шығармалар жинағы шыққан болатын. Мұнда ақынның 192 өлеңі, 6 поэмасы, он мақаласы, 19 аудармасы жарық көрді. Әрине, бұл басылым ақынның мол мұрасын түгел қамти алмады. Соның өзінде бұл жинақ Мағжанның өлеңдерін сағынған жұртқа, әсіресе оның шығармаларын бұрын мүлде білмеген біздерге шөліркегенде қолға тиген сусындай әсер етті. Ақынның бұл жинағындағы шығармаларын оқыған біз оның өлеңдері мен дастандарының мінсіз сұлулығына, сыршылдығы мен әуезділігіне, ақынның суретшілігі мен өз халқына деген сүйіспеншілігіне тәнті болдық. Сөйттік те оның бұл жинаққа кірмей қалған шығармаларының жарық көруін асыға күттік.

Бірақ біз асыққанмен астанадағы кітап шығарушылар асықпады. Обалы не керек, Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты филология ғылымының кандидаты Батырхан Дәрімбетовтың құрастыруымен Мағжанның Таңдамалы шығармаларын әзірлеп баспаға 1990 жылдың 16-шы наурызында тапсырады. Бірақ бұл «Таңдамалы» кітап болып тек 1992 жылы шықты. Бұған да тәуба деп енді осы кітапта басылған Мағжан шығармаларын саралап көрейік.

Кітапта ақынның таңдамалы 66 өлеңі, 4 поэмасы, 2 зерттеуі, 2 аудармасы және соңғы кезде табылған 3 өлеңі басылған. Аталған өлеңдердің ішінде 1989 жылғы жинаққа кірмеген 3 өлең бар. Олар «Ақсақ Темір сөзі», «Сәлем хат», «Адастым». «Ақсақ Темір сөзі» атты өлеңде Мағжан Ақсақ Темірдің қабірінің басына қойылған көк тасқа жазылған сөзді жырға айналдырған. Онда көк тәңірісі құдай болса, жер тәңірісі – Темір деген ой айтылады. Өлең:

«- Көк тәңірісі-тәңірінің

Тұқымы жоқ, заты жоқ.

Жер тәңірісі – Темірдің

Тұқымы – түрік, заты – от!» – деп аяқталады. Осындай сөздер үшін кезінде қарсыластары Мағжанды түрікшілсің деп айыптағаны белгілі.

«Сәлем хат» атты өлең алғаш 1924 жылдың аяғында жарық көрген. Бұл кезде Мағжан

Москвада оқуда болатын. Ақын Москвада сол кезде 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан жинағындағы өлеңдері үшін ауыр сынға ұшырап, ұлтшыл, түрікшіл, байшыл сияқты сөздер естіп қамығып жүргенде туған елін сағынып жазған көрінеді:

Сәлем сөзім алыстағы еліме,
Алыстағы ақ селеулі беліме.
Айдан да айқын сендерді іздеп қайтуым,
Күнім бітіп кіргенінше көріне.

Қар қаланың тастап қызыл-жасылын,
Сар даланың аңсап жусан-сасырын.
Қайтуым хақ бір күн қонып іңірде,
Қар қаладан қашып шығып жасырын, - деп қамығады.

Одан әрі ақын не көрсе де елмен бірге көретінін білдіреді:

Мен қайтармын болмақ үшін елмен ел,
Ел бел асса, аспақ үшін бірге бел.
Аз ғана елдің өмірі құрғыр қалтылдақ,
Ел шер тартса, тартпақ үшін бірге шер.

Ақын өлеңін еліне арналған мынадай жүрек сөздерімен аяқтайды:

Қайтуым хақ. Белді будым тас қылып,
«Кет!» деме елім, енді мені басқа ұрып.
Дейтін болсаң: «Қой жырынды, жырауым!»
Қобызымды қиратармын тасқа ұрып.

Сөзім осы алыстағы еліме,
Алыстағы ақ селеулі беліме.
Жатсың демей, өзімсің деп баурыңа ал,
Қолың беріп мендей саяқ серіңе.

«Адастым» деген өлеңі, сірә, Қазан төңкерісі және азамат соғысы кезінде жазылса керек. Оны мына жолдардан байқауға болады:

Әлдеқайдан шу шықты,
Қып-қызыл қан-ту шықты.
Жердің жүзін түн басты –
Шегір көзді, сары шаш
Бәрі тырдай жалаңаш,
Жан-жағынды жын басты.
Әлденені бөлісіп
Ыржиысып күлісіп
Ән жер, мін жер жалтта-жүлт
Жел ұлиды өкіріп,
Жындар жалп-жалп секіріп...

«Ертегі» атты поэмасында Мағжан Кенесарының ұлы Сыздықтың батырлығын, батылдығын ертегі-аңыз түрінде мадақтайды. Бұл шығармасын ақын 20-шы жылдардың басында Қызылжарда жазып осында өзі қызмет істеп жүрген «Бостандық туы» газетінде бастырған екен. Бұл да ақынның жабығып жүрген кезі. Оны поэманың кіріспесіндегі мына жолдардан-ақ көруге болады:

Бүгін жаным өртке оранған жанға ұсап,
Бүгін жаным тым аңсады от құшақ.
Жынды жүрек тығылады аузыма,
Тілім-тілім тілсе келіп у пышақ...

Аласұрад, жынданады жас жүрек
Қорақ керек. Арақ керек! Не керек!
Бәріде жоқ, жалғыз жолдас – қиялым,
Жұбатады айтып маған тәтті ертеқ...

Осындай өзінің жабығып жүрген кезінде ақын поэмасын Сыздық батырдың әкесінің жолын қуып елін азаттық күреске шақырғанда соңынан ешкім ермегеніне өкініш білдірумен бастайды: Дастаннан Мағжанның Сыздықты жақтайтыны анық көрінеді.

Жап-жас Сыздық қорғамақ боп қазағын,
Ту көтеріп, қарға іледі садағын.
Балаусасың қанды майдан көрмеген,
Құтты қадам болғай еді, қарағым!

Сыздық батыр тұлпар атын ерттеген,
«Алты алашым, енді маған ер!» – деген.
Көп соққы жеп, сүле болған сорлы алаш!
Алты алаштан алты адам да ермеген.

Алты алаштан алты адам да ермеген...
Алаш сорлы келешегін көрмеген.
Патша алды, қимылдаған қазақ жоқ,
Қайран Сыздық құса болды шерменен...

«Толғау» атты дастаны 1927 жылы «Тоқсанның тойымен» қатарлас жазылса керек. Мұнда ақын халқының отаршылықта күйзелген қалпына жаны ашып, не көрсемде еліммен бірге көремін дейді. Ақынды сол үшін «ұлтшыл» деп сынағандарға ол өз өлеңінде «мен мұны айып деп білмедім» деп ағынан жарылады:

Бұл айып деуші дей жатар,
Мен мұны айып деп білмедім,
Мен еліме басшы емен,
Мен еліме қосшымын.
Күлкісін күлге бөлейтін,
Жыласа бірге жылайтын,
Жаны бір жолдас жыраумын
Жылағанда жалпы жұрт,
«Жылама, күл!» – дегенде,
Көне алмадым көнбедім.

Ақын өлеңінің аяғында өзін Кеңес еліне «жау» деп пәле жабатындарға өзінің «жау» еместігін айтып дәлелдейді:

«Жау» деген жаудың жаласы,
Әділ болсаң өмірімді,
Ақтарып әділ қарашы.
Отыз жыл өмір бойында
Жазғанымды жайып сап,
Екі жар ғып санашы...
Мен толқынға жау болсам,
Жеті жыл бұрын осыдан,
Төңкерістің таңында

Алты алашқа әйгілеп:
Не бостандық, не құлдық,
Не езілу, не теңдік,
Не патшалық, не Кеңес –
«Екіден бір» – дер ме едім.

Ақынның соңғы кезде табылған өлеңдерінің ішінде «Жас Мағжанға» атты өлең бар. 1936 жылы айдаудан қайтқан Мағжан Омбы жағындағы нағашыларына қонаққа барады. Сол күндердің бірінде сол жақта тұратын Баймұқан деген кісінің әйелі босанып, ұл табады. Баланың атын шілдеханаға жиналған жұрт Мағжан қояды. Бұл ілтипатқа Мағжан осы өлеңімен жауап береді. Өлең жас сәбиге арналған мынадай сөздермен аяқталады:

«Мен туғанда ақын ағам келді», - де,
«Келіп маған ақ батасын берді», - де.
Өс, бөбегім, жас балауса құрақтай,
Өмір-керуен, бір сәт тоқтап көрді ме?!

Сол соңғы табылған өлеңдерінің қалғаны ақынның нағашыларына арнап жазылған.

Сонымен қатар, бұл кітапта Мағжанның Мамин-Сибиряктан аударған «Ақбозат» деген әңгімесімен, П.Дорохов деген орыс жазушысының «Сын большевика» деген әңгімесінің аудармасы басылған.

Осы кітапта Мағжанның 1922 жылы Орынборда жеке кітап болып шыққан ғылыми еңбегі «Педагогика» оқулығы да берілген. Оқулыққа 1922 жылғы 15 сентябрьде жазған алғы сөзінде Мағжан:

«Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсына оқылған дәрістерден тізілген еді» – дейді. Соған қарағанда бұл оқулықты ақын-педагог Омбыда бастап Қызылжарда бітіргенге ұқсайды. Одан әрі Мағжан өзінің бұл кітапты қалай жазғанын баяндайды: «Кітапты бір орыс кітабынан тура тәржіма деуге болмайды... Тәрбие ғалымдарының пікірлерін тандап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ қанына қабыстыруға тырыстым». Бұл оқулық шынында да қазақ тұрмысына, қазақтың халық педагогикасына бейімделіп жазылған. Кітаптың әр бетінен білімді ұстаз бен тілге шебер суретшінің еңбегі көрініп тұр. Газет бетінде бұл оқулыққа тереңірек талдау жасауға мүмкіндік болмағандықтан онымен кеңірек танысуды оқырмандардың өздеріне ұсынамын. Айтайын дегенім, бұл оқулықты облысымыздың барлық қазақ мұғалімдері, оқу-ағарту қызметкерлері, балабақшалар тәрбиешілері, ата-аналар оқып пайдалануы қажет.

Бір өкініштісі «Таңдамалы» не бары 10 мың дана ғана болып шығыпты. Ақынның 1989 жылғы бір томдығы 25 мың дана мен шыққанда да жұртқа жетпей қалып еді. Енді мына «Таңдамалы» кімге жетеді? Меніңше, қазір біздің облыста бұл кітаптың көп болса он-шақты ғана данасы бар. Дегенмен ақынның «Педагогикасы» бұдан бұрын «Үйелмен және балабақша» және «Жұлдыз» журналдарында басылып шыққан болатын. Іздеген

оқырмандар сол журналдардан тауып алып оқуларына болады.

Тағы бір қуанышты жәй, жуырда Алматыда «Ана тілі» баспасынан М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығы жеке кітап болып шықпақшы және ол кітап жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарында халық педагогикалық негізінде жүргізілетін сабақтарда қолға тиюге тиіс.

Сонымен Мағжан Жұмабаевтың «Таңдамалысынан» оқырмандар қауымы ақынның тағы бірсыпыра бұрын оқымаған шығармаларымен танысады. Ұлы ақынның 100-жылдық мерейтойына орай, оның басқа да шығармаларымен танысуымыз ықтимал. Ақынның біз үшін жаңа шығармаларын асыға күтеміз.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ – АҚЫН, АЗАМАТ, ПЕДАГОГ

Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдығына арналған облыстық ғылыми практикалық конференцияда 1993 жылғы 25 наурызда жасалған баяндама.

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасыр басындағы жарық жұлдыздарының бірі – Мағжан Бекенұлы Жұмабаев. Өмірі мен өлеңі бір кезде аңызға айналған ақынның аты соңғы жарты ғасыр бойы айтылмайтын, аталмайтын болып кеткен еді. Сондықтан кейінгі буын – біздер бұл ақынды

білмей, оның өлеңдерін оқымай, тіпті көрмей өстік. Бірақ, ол заманның жүзін көрген, егде азаматтар, немесе солардан үйренген көңілі ояу жандар Мағжанды білген, оның өлеңдерін жатқа айта жүрген.

Мысалы, жазушы Жайық Бектұров былай деп жазады: «Біз жас шағымызда, 20-шы жылдарда Мағжан өлеңдерін жаттап өстік, алғашқы совет мектептерінде оның термелерін тақпақ етіп айттық. Алғаш бала кезімізде молда алдынан «әліп-би» «Әптиек», «Иманшарт» оқып хат таныған біздерге Мағжан өлеңдері мен әндері соқыр адамның айналасындағы жарық дүниені алғаш көзін ашып көргеніндей әсер етіп еді. Содан да Мағжан ерте күннен көңілімізге қонған ақын еді». (Бес арыс. Естеліктер, эссе және зерттеу макалалар. Алматы. «Жалын» 1992 жыл. 306 бет).

Ал біздің буын ақынның кітаптарын соңғы 3-4 жылға дейін көре де алмады, өйткені Мағжан кітаптары аузы ашылмайтын құлыптаулы сандықта сарғайып, тозып, жыртылып, жоғалып жатты. Өйткені оның атын атауға да, кітаптарын оқуға да тиым салынған еді.

Ақын бір кездегі ақты кара, қараны ақ деп түсіндірген зорлық-зомбылық дәуірдің құрбаны болған еді.

Сонда бұл Мағжан Жұмабаев кім? Қайдан шыққан, қандай еңбегімен аты аңызға айналған?

Не үшін қудаланған?

Не себепті оның атын атауға, шығармаларын оқуға тиым салынған?

Оның «Мен кім?» деген өлеңінде мынадай жолдар бар:

«Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте – бұлт, жерде-желмін гулеген,

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?...

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,

Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.

Құл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,

Көз қырымен күліп қана қарармын...

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,

Надан адам өлім жоғын білмейді.

Өзім – патша, өзім – қазы, өзім – би,

Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?»

Осы романтикалық асқақ шумақтардан ақынның өз күшіне, өз талантына, өз тағдырына кәміл сенгенін байқаймыз. Бұл жолдардан асыптасуды, астамдықты – емес, асылдықты, тектілікті, мықтылықты көреміз. Ақын сөзі ащы шындықтың айнасы болып отырған. Өзі оны түсінген де, білген де. Асыл сөздерінің ардақты иесі бар екенін, ол иесі – ақыл-парасатты, мейірімді, үлкен жүректі туған халқы екенін де білген. Өйткені Мағжан ақын бар өмірін, өнерін, білгенін сол туған халқына, еліне арнаған, арнаған да сарнаған. «Жан сөзі» деген әйгілі өлеңінде (1920 ж.)

«Қазақ елі, бір ауыз өзім саған:
Болғайсың, сыншы болсаң әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған, - деуінің де
төркіні сонда жатыр.

Мағжан өз тегін де, өз жерін де мадақтаумен өткен, өміріндегі азаматтық орнын адақтауға ұмтылған, өлең сөздің асыл маржанын төгілтікен, сұлу жырымен оқырманын егілтікен, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мүлт кеткен, өзі айтқандай, соры арылмаған халқының зарлы перзенті. «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді» дегенде, қауіп-қатер жоқ демегені белгілі, бірақ сондадағы қылша мойын талша қиылатынын біліп пе? Жалпы алып қарағанда, «Мен өлмеймін» деген сөздерде терең шындық жатыр. 60 жылдан аса уақыт бойғы деспотизм ақын үнін шығартпай, тұмшалап келсе де, енді естіліп, ақыры жалғастық тапқаны шындық. Философиялық мағынада алсақ, ақын өлеңі мен дана сөзі өлмек емес.

Осы орайда ақын тағдырына біраз тоқталайық. Ғасыр басынан-ақ ел-жұртына мәшһүр болған Мағжан Жұмабаев 1988 жылдың желтоқсанында ғана ақырғы рет ақталды. Ақырғы рет деуіміз – ол ресми түрде 1960 жылы-ақ ақталған еді. Бірақ сол кезде оның есімін атауға, шығармаларын жариялауға рұхсат болмады. Себебі, бұлай жасауды тоқырау заманының басшылары мақұл көрмеді, жабулы қазан жабулы күйінде қала берді.

Енді ақын қазасынан соң жарты ғасыр өткенде ғана, аты аңызға айналған есім халқына қайта оралды. Мұны жалпы қауым қуана, тебірене қарсы алды. Өйткені, бұл мәдени өміріміздегі үлкен оқиға еді. Бір кездері нахақтан күйген есім ақталып қайта оралса, оған қалай қуанбаймыз?! Кешелері дүлей қара күш ақыл парасатты ауыздықтап; шідерлегенін, ата-баба жолын ұмыттырып, теңсіздікке сүйрегенін білеміз. Бүгіндері өткендегі орасан қателерді жөндеп, рухани байлықты, талант сөздерін халықтың өз иелігіне қайтаруға мүмкіндік туып отырғаны, әрине, қуанарлық жай. Өйткені, М.Жұмабаевтың Жүсіпбек Аймауытовтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Міржақып Дулатовтың бай мұрасының ұлттық мәдениетімізге қайта оралуына ризашылық білдірмей, бейтарап қалу мүмкін емес.

Енді ақынның өмір жолына қысқаша шолу жасап көрейік. Мағжан Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда Ақмола губерниясының Ақмола уезіндегі Полуденовский болысында (Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, М.Жұмабаев атындағы совхоз) Сасықкөл деген көлдің жағасында әулетті семьяда туған. Мағжан төрт жасында ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашады. Мағжанның оқуға зеректігін көрген әкесі оны 1905 жылы Қызылжар қаласындағы медресеге оқуға береді. Бұл медресені Стамбул университетінде оқып дәріс алған, араб, парсы,

түрік тілдерін еркін меңгерген жергілікті интеллигент Мұқаметжан Бегішев ашқан екен. Ол өзі шығыс халықтарының тарихы жөнінде де сабақ берген. Мағжан бұл медресені 1910 жылы 17 жасында жақсы үлгіріммен бітіреді. Ол арабша, парсыша, түрікше тіл біліп, сол тілдердегі әдебиетпен таныса бастайды. Оның ақындық талантының ояна бастағаны да осы жылдар болса керек.

Сол 1910 жылдың күзінде өзінің ауылдасы әрі мектептес досы, талапкер жазушы Бекмұқамбет Серкебаевпен (СССР халық артисі, белгілі әнші Ермек Серкебаевтың әкесі) бірге Уфа қаласындағы атақты «Медресе – Ғалияға» оқуға барып түскен. Бұл сол кездегі мұсылмандық бағыттағы жоғары оқу орны болатын Мағжан сол медреседе сабақ беретін ұстаз, белгілі татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен, медресенің жетекшісі Сәлімгерей Жантуринмен, жерлесі, болашақ көрнекті жазушы Бейімбет Майлинмен болашақ башқұрт жазушысы Сайфи Құдашпен танысады.

Мағжан бұл медреседе көп оқымайды. Мағжанның білім деңгейін байқаған және оның ақындық талантын таныған Ғалымжан Ибрагимов; «Мұнда сен оқитындай оқу жоқ, сен білімнің жолын басқа жерден ізде», - деп ақыл береді. Кейіннен осы Ғалымжан Ибрагимов өзінің көпшілікке таныс «Қазақ қызы» атты романында Мағжанның мына бір шумағын эпиграф қып алады:

«Кең дала, көресің ғой ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқап.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне сол анам еді мені тапқан».

Бұдан соң Мағжанға ұстаз болған – оның аға замандасы сол кездің өзінде «Оян қазақ!» атты жинағы шыққан қазақтың белгілі ақыны, әрі публицисі, қоғам қайраткері Міржақып Дулатов бір қыс бойы Мағжанға орыс тілін үйретеді, орыс және шет ел ақындарының өлеңдерін аударттырып, орыс тілінің нәрімен сусындатады. Бұл Міржақыптың «Оян қазақ!» кітабы үшін қуғынға түсіп, 1910 жылдан Қызылжарға келіп паналаған кезі болатын. Өзінің ағасы Асқарға жазған бір хатында Міржақып былай дейді:

«...Осы қалаға келгелі орысша оқытып жүрген шәкіртім, Мағжан Жұмабаев сынды ақыным бар. Оның менен жасы кіші, жазған өлеңдері тамаша, ақындығы күшті, өте дарынды жігіт. Екеуміздің өмірге деген көзқарасымызда айырмашылық жоқ десе де болады, сырласып, достасып кеттік».

Осы кезде Мағжанға Орынборда Ахмет Байтұрсынов шығарып тұрған «Қазақ» газетінің де ықпалы зор болған. Ол өзі де осы газет жұмысына белсене ат салысқан.

1909 жылы Уфа мен Петербург баспаханаларынан Қазақ даласын дүр сілкіндірген 3 кітап шықты. Олар: Абайдың өлеңдерінің алғашқы жинағы, Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы»,

Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы» еді. Мағжан, әрине, бұлардың бәрін де оқыған.

1912 жылы Қазан қаласында Мағжанның «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады. Оны шығаруға Ғалымжан Ибрагимов көп көмек көрсеткен. Бұл өлеңдер жиңағы өзінің соңы сөзімен, қазақ поэзиясындағы жаңа өрнегімен көзге түседі. Мағжанның бұл кітабы қазақ поэзиясында 1909 жылы шыққан Абай жинағының жалғасындай әсер етті. Мағжан сол өзінің тұңғыш жинағында ұлы ақынға арналған «Алтын хакім Абайға» атты өлеңін бастырған. Бұл өлеңде жас ақынның бәрінен бұрын ойға көбірек көңіл бөлгені көрінеді:

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,

Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.

Көз ашып, жұртың ояу болған сайын

Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар – дейді.

1913 жылы Мағжан Ахмет, Міржақып сынды жаңа достарының ықпалымен Европа біліміне жақындаспақ ниетпен Омбыға келіп оқытушылар семинариясына оқуға түседі. Семинария қабырғасында ол Сәкен Сейфуллинмен танысады. Осы 1913 жыл Мағжанды жаңа сапалық биікке көтереді. Ол халқының осындай мүсәпір себебін табады, көп нәрсеге көзі ашылады. Қазақтың жан-жағынан қысып, еркін бермей, тұншықтырып отырған патша үкіметі екенін түсінеді. Ол кезде қазақ баласы ең шығандап шыққанда болыс болуы мүмкін, орысша оқығаннан шығар биігі оязға

тілмаш болу ғана. Өз алдына ел болмай, халықтың бордай тозып, быт-шыты шығатынын сезе бастайды. Сонда да болса ол болашақтан үміт күтеді. Сонымен бірге халқының өткен күндеріне де көз тігеді. Сонау қантөгіс жорықтарға толы хандар мен бектер дәуірі оған нағыз еркіндік заманындай көрінеді. Ол кезде қазақтар өзімен-өзі болып, бұлғақтап өмір кешкендей болады. Ақын қиялы өткен күндерді шарлайды, жаралы жүрегіне тағат іздейді. Кешегі күннің кейбір суреттерін жанына жалау етіп, сонан жарасына ем тапқандай болады. 1913 жылы жазған «Орал тауы» атты өлеңінде ақын былай дейді:

Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.
Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік
Қойныңа жайыменен кіріп еді...
Ер түрік ен далаңа көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса – ерік еді,
Тұрғанда бақыт құсы бастарында,
Іргесі жел-күн тимей берік еді.

Осылайша ол түрік елінің сонау біртұтас болып тұрған кезін еске түсіреді. Бірақ артқа қанша бұрылғанмен өткен қайтып келмейтінін білген ақын енді өз заманын ойлап, елдің қамын жейді. Сондықтан ол бұдан былайғы жерде өлеңдерінде көбінесе өз заманының сан қилы кескін-келбетін суреттеуге бет бұрады. Ол азаттық жолын өткеннен де, кеткеннен де, Батыстан да, Шығыстан да

іздемейді, өз халқының ұмтылатын, арпалысатын, аяусыз күреске түсетін шаруасы деп біледі.

Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын.
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрелік төңіректі, тек таң атсын!

«Есімде... тек таң атсын!» деген өлеңіндегі осы бір сөздер Мағжанның нағыз әлеумет ақыны бола бастағанының белгісі еді. Патша өкіметін сұр жыланға теңей отырып, сол жылан қазақты қаттырақ шаға түссе, қазақ та қарсы қимылдар еді, бостандыққа ұмтылар еді дегенді айтқысы келген. Бірнеше ғасыр бойы елін-ерін тонап, еркінен, елдігінен айырған патша өкіметін бостандық сүйгіш ақын қалай жақсы көрсін! Құрықты алыстан салып, әуелі елдігінен, сонан соң дінінен, ақыр аяғы тілінен айырмақ болып отырған өкіметті ақын жүрегі қабылдай алар ма? Сондықтан да ол аяқ-қолы шырмалған туған елін бейғам отырмауға шақырады.

Қарманбай, қарап жатып бақ күтуге,
Ізденбей, аласұрып, тақ күтуге.

Тағдырда бір тақтайға жазулы деп,

Әр іске, кім үйретті, шақ күтуге? – деп өзіне де жұртқа да сұрақ қояды «Дін үйреткенге» деген өлеңінде. Ол болмыстың осындай қасіретті құбылысын айтып қана қоймайды, күреске шақырады:

Жоқ енді, жату болмас бос еңбексіз,
Жалбарып: «Жасаған!» - деп жас төкпеспіз.
Өзіңде, сөзің де кет бізден аулақ,
Жаны өлген, жүрегі өлген, мұндар кексіз. –
деп, дін үйреткен молдалардың патша үкіметінің
езгісіне шыдау керек деген үмітін сынай отырып,
одан әрі

Біз жаңа көрдік таңның желі ескенін,
Салқынмен сескендірмек боп өскенін.

Сылдырлап су, сыбдырлап жапырақтар:

«Есіңді жи енді, алаш, тұр!» - дескенін! – деп
халқын оянуға, есін жиып, күреске шығуға үндейді.

1913-1916 жылдар Мағжанның ақын және
азамат ретінде әбден қалыптасқан кезеңі, атаның
баласынан адамзаттың баласы болуға біржола
ойысқан кезі. Ол осы жылдарда Омбы мұғалімдік
семинариясында оқып жүріп, орыс және батыс
европа ақын-жазушыларын құныға оқиды, өзіне
жаңа да тосын ой, идеалдарды көңіліне тоқи береді.
Оның алдында жаңа бір әлем ашылады. Гете мен
Толстой, Гейне мен Горький, Верлен мен
Мережковский, Бальмонт пен Брюсов, Блок пен
Сологуб сынды сан қилы, сан қырлы таланттар енді
Мағжанмен бірге, соның жүрегінде өмір сүре
бастайды. Немістің Шпенглері мен орыстың
Соловьеві секілді философтарды да Мағжан
түсінуге тырысады, солардың әлдебір ойлары,
тұңғиық тылсым толғаныстары бұның жанына әсер
етеді.

1916 жылғы маусым айындағы патша жарлығы бұрын әскерге алынуды білмеген қазақтарға аспан айналып жерге түскендей, дүние төңкерілгендей әсер етті. Жұрт нағыз қыспаққа түскенін енді ғана білгендей болды. Бар ауыртпалық байғұс кедейге түсті. Мыңдаған жас эшелонға тиеліп, көз көріп, құлақ естімеген алыс қиырларға аттанды, соғыстың қанды ауызына жөнелді. Осы оқиғалардың әсерінен Мағжан “Орамал” атты өлеңін жазды:

Солдатша сымдай киініп,
Шекпені оның сұр ма екен?
Күрегіне сүйеніп,
Суықта жаурап тұр ма екен?

Жатқан шығар ор қазып,
Жауға ма әлде өзіне?
Бұрыла алмай бой жазып,
Қайғы шығып жүзіне, - деп соғысқа сүйген жарын аттандырып, артынан күтіп қалған жас келіншек болып сөйлейді.

1917 жылғы ақпан революциясы қазақ оқығандары үшін аса қуанышты оқиға болды. Мәңгі мызғымастай көрінген патша өкіметінің құлауы қазақтарды тағы бір дүр сілкіндірді. Мағжан да басқа ақындар сияқты бұл оқиғаны қуанышпен қарсы алды. Нағыз таң атты деп есептеген Мағжан 1917 жылдың көктем – жаз айларында құрылған «Алаш» партиясы

басшыларының Қазақстан Россия федерациясы құрамында автономия алуы тиіс, құрылтай жиналысынан жер мәселесінің қайта, әділетті шешілуін сұрануымыз керек деген ұранына елікті. «Алаштың» құрылтай съезінде Мағжан оқу комиссиясына мүше болып сайланды,

Ақпан өзгерісінен кейін Мағжан өлеңінің көбін елге арнап жазатын болды... Әлеумет мұңын қолға алғаннан бері, Мағжанның алатын қаһармандары: Абылай, Кенесары, Сыздық, Ақсақ Темір, Қорқыт, Қойлыбай, Баян сықылды хандар, батырлар, ақындар болса да, ақынның ізгі мақсаты көрінбесе де, енді ол елдің уәкілі, елдің аузымен сөйлейді. Енді ол азамат міндетін көрсетеді... Азаматқа ұран салады. Халыққа қызметке шақырады, - дейді Жүсіпбек Аймауытов 1923 жылы Ташкент студенттеріне Мағжанның ақындығы туралы оқыған лекциясында.

Азамат, анау қазақ қаным десең,

Ұжмақтың суын апар жаным десең.

Болмаса ібіліс бол да у алып бар,

Тоқтатам, тұншықтыраам зарын десең.

Азамат болсаң қазағына пайда тигіз, өйтпесең “ібіліссің” деп, ауыр міндет артады. Азаматқа сын тағады. Қазақ азаматы саясат жүзінде пікірі шынықпаған бала екенін көреді, белгілі пікір, жол тұтына алмай, бас қамын ойлап, боялып жүрген кейбір азаматтарды сөгеді:

«Біреуіне» сен тәңірім деп табынад,
«Біреуіне» мен құлың деп бағынад,
«Біреуіне» садақа бер деп жалынад,
«Біреуіне» құйрық болып тағылад.

Ылғи сорлы сағым қуып сабылад
Ылғи түссіз бір сұр нәрсе жамылад.
Қазағы - қой, артынан оның ағылад
Азаматқа қонақтық қой табылад.

Қазақ қой сықылды, кім бастаса соған ере береді, қазақта білім, сана, әлеуметшілік, жұртшылық сезім жоқ. Сол қазаққа «ұлық» болғанына мастанбай, шын жүрегіңмен тура бастап, адал қызмет ет дегені.

1917 жылы 24 жасында Мағжан Омбының мұғалімдер семинариясын алтын медальмен бітіреді...

Мағжан 1917 жылы «Алаш» басшыларының өзіне тапсырған істерінен ешнәрсе өндіре алмады. Аз ғана қазақ оқығандарының басы бірікпеді. Бірі мен бірі билікке таласты. Ақыры «Үш жүз» партиясы 1917 жылдың 19 қазаны, күні Мағжанды абақтыға жапты. Осы түрмеде отырып, Мағжан әйелі Зейнепке, ұлы Гражданға, шешесі Гүлсімге арналған жаңа баска да бірнеше өлеңдер жазған. «Үш жүздің» түрмесінде Мағжан 1918 жылдың май айына дейін отырған. Ұлы Қазан революциясы күндері ол – жазушы Шерияздан Елеукеновтың тілімен айтқанда – сахнада не болып не қойып

жатқанын түсінбеген көрермен халін кешеді. Түрмеден ол Чехословак лаңы кезінде босайды.

Абақтыдан шығысымен ол ауылын сағалайды. Сол 1918 жылдың аяқ шенінде қылышынан қан тамған Колчак үкіметі дүрілдеді. Адмирал «Алаш Орда» үкіметін әу дегенде мойындамады. Қазақ автономиясы деген сөзді естігісі де келмеді. Елдің бостандық деген үміті күл-талқан болды. Қазақ басына түскен жаңа қасіретті Мағжан жаны күйзеле отырып мойындады. Міне осы кезден бастап М.Жұмабаев бұрынғы біраз теріс көзқарасынан айниды. Оның бір үлкен дәлелі Мағжанның өзі Ташкентте шыққан өлеңдер жинағында арнайы сілтеме жасап, 1918 жылы «Сібірде реакция дәуірінде жазылды» деген «Бостандық» атты өлеңі. Бұл кезде Мағжан Омбыда екі жылдық педагогтік курсқа жетекшілік етеді.

Колчак қуылып, үкімет тізгінін большевиктер партиясы алғаннан соң «Алаш» үкіметі таратылады. 1919 жылғы 4-ші сәуірде Бүкілодақтық атқару комитеті (ВЦИК) «Алаш орда» партиясының басшыларына кешірім жариялайды. «Алаш» партиясының басшыларының бірі Ахмет Байтұрсынов РКП(Б) қатарына кіріп, Орынборда сайланған алғашқы қазақ үкіметінің мүшесі, оқу-ағарту халық комиссары болады. Әлихан Бөкейханов Москваға қызметке шақырылады. Мағжан Жұмабаев Ақмола

губерниялық «Бостандық туы» газетіне қызметке тағайындалады.

Мағжан жаңа өмірге белсене араласады. Өлең-жырмен шектеліп қалмай, өмірдің әр саласын қамтитын мақалалар жазады. «Бостандық туы» газетінде оның “Бірінші май мейрамы”, «Сайлау», “Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз” т.б. мақалалары жарық көреді.

Сонымен қатар сол кезде Қызылжарда қазақ-татар жастарына арналған «Қазақ-татар клубы» жұмыс істейді. Оны ұйымдастырушылардың бірі Мағжан болады. Мағжан осы клубта жиналған жастарға өзінің өлеңдерін оқиды. Клуб жұмысына жазушы Мәжит Дәулетбаев, Оспан Қашағанов, Тауық Бердіқожин, Жәмшит Нұрмұхамбетов және қыздардан Хадиша Жаналдикова, Зылиха Серкебаева (Ермек Серкебаевтың шешесі), Әмина Қуанышева, Жамал Бақшилова (Сырғабековтың әйелі), Гүлшара Жалтырова, Әмина Нұрымова, Жамал Тастемірова, Мағжанның болашақ жұбайы Зылиқа т.б. белсене қатысады.

1921 жылы Мағжан Көкшетауға келіп Бурабай төңірегін аралайды. Осы жолы ол Ақан серінің өмір тарихына материалдар жинап, «Оқ жетпестің қиясында» деген поэмасын жазады.

1922 жылы Мағжанның «Шолпаннан» (1912ж.) кейінгі екінші өлеңдер жинағы Қазан қаласында басылып шығады. Сол жылы

Орынборда «Педагогика» деген еңбегі жарық кереді.

Сол 1922 жылы Мағжан белгілі қазақ совет қайраткері Нәзір Төреқұловтың шақыруымен Ташкентке қоныс аударады. Ташкентке ол өзінің жаңа қосылған жұбайы Зылихамен бірге келеді.

Ташкентте ол оқу-ағарту наркомы Сұлтанбек Қожановтың көмегімен қазақ оқу-ағарту институтына оқытушы болып орналасады әрі қазақ-қырғыз ғылыми білім комиссиясына мүше болып сайланады. Сонымен қатар ол Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің органы «Ақ жол» газетінде істейді және Ташкентте сол кезде шығып тұрған «Шолпан», «Сана» журналдарының жұмысына да белсене араласады.

Бұл фактілер М.Жұмабаевқа сол кездегі совет үкіметі орындарының үлкен сенім көрсеткенін де аңғартады. Осының бәріне ақынның көңілі көтеріліп, шабыты тасыды. Ташкентте Мағжан бірінші рет жүзбе-жүз Мұхтар Әуезовпен танысады.

1920-1927 жылдары Мағжан Жұмабаев творчествосы ең шырқау биігіне көтеріледі. Атақты «Батыр Баян» поэмасы осы Ташкент қаласында дүниеге келді. Осында Түркістан мен Сыр циклдары жазылды. Ақан сері, Базар жырау Әубәкір Диваев туралы мақалалары жарыққа шықты. Осы кезде оның Кольцовтан, Горькийден, Лермонтовтан, Гетеден, Феттен, Мамин-

Сибиряктан т.б. жасаған аудармалары, әртүрлі педагогикалық еңбектері жарық көрді. 1923 жылы Ташкентте оның үшінші өлеңдер жинағы басылып шықты. Мағжан жаңа өмір көшіне 1924 жылы «Ақ жол» газетінде басылып шыққан «Қызыл жалау» өлеңін тудай желбіретіп қосылды.

-“Жалынды жалау кімдікі?”

-“Тұрағы тарғыл тас қия

Арбандаған Азия

Жалынды жалау сонікі –

Ендеше, қазақ, сенікі!”...

-“Қанды жас жалау кімдікі?”

-“Кімнің ұлы құл болса,

Тұлымдысы тұл болса,

Қанды жас жалау соныкі, -

Ендеше, қазақ, сенікі!”

-«Азаттық жалау кімдікі?»

-«Қөре алмаса кім теңдік,

Тепкі көрсе кім кемдік,

Азаттық жалау соныкі, -

Ендеше, қазақ, сенікі!»

Мағжан жаңа өмір өркендеріне шын жүректен қуанды. «Жердің жұмырлығы», «Алатау», «Оқудағы қарындас» т.б. өлеңдерінде ол ауылдағы жақсылық, жаңалықтарды жырлады.

Осы жылдардың шуағында Мағжан балалар үшін әдемі өлеңдерді өндіре жазды. Революция

тақырыбына «Өтірік ертек», «Шын ертек» («Жүсіп хан») поэмаларын туғызды. Мағжан етектен тартқан ескілікті шенеді. Жаңаны тек жаңалығы үшін төпеп мақтай берген жоқ, оған да сын көзбен қарады. Ол сонау 20-шы жылдары экологиялық мәселені көтерді. Қаланың, демалысы, от-түгін жайын сынады. Кең сахараның жұпар исін сақтап қалуға шақырды. Экологиялық мәселені биік моральдық, адамгершілік категория өресіне көтерген жазушы ол кезде кемде-кем екенін ескерсек, Мағжанның ақындық жүрегінің алғырлығына бас иесің.

20-шы жылдары Мағжан сол кездегі өмірді жырлап қойған жоқ. Ол сонымен бірге, өткен күн өрнектерін естен кетпес ертек етіп тамылжытып, тарихтың тар жол, тайғақ кешулерінде тайсалмай алаштың ала туын көтерген хан Абылай, батыр Баян, күрделі Қенесарыларды аялап, асқақтата жырлады. Ол бұған неге барды? Мұның басты себебі ақын 20-шы жылдары бастан кешкен аласапыран заман сипатында жатқаны күмәнсіз. Сол себепті де ол «Батыр Баян» дастанында:

«Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,

Сұм өмір абақты ғой саналыға.

Қызыл тіл қолым емес, кісендеулі,

Сондықтан жаным күйіп жанады да.

Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,

Толғанып қарауым сол баяғыға», - деп жазып

еді.

Ақын Мағжан отаршылдық езгі мен надандықтың темір-күрсауында, азаматтық соғыстың алапатында қырылып, құрып бара жатқан алашы үшін арыстан Абылай мен батыр Баяндарды үлгі етеді. Халқы тап болған тығырықтан шығар жол ерлік күресте, тәуелсіздікте, туысқан халықтардың бірігуінде деп біледі. Ол күлданушы Ресейге, қанқұйлы патшаға қарсы шыққан Кенесарыны, оның баласы Сыздықты сондықтан да ағыл-тегіл жалын жыр құдыретімен ел үшін еңіреген ерге айналдырып жібереді. Бірақ ол бәрібір әділдіктің, адалдықтың ақ жібін аттамайды, халықтар достығы тұрғысынан танбайды. Яғни ол: «Оқ жетпестің қиясында» «Мынау орыс – обыр ол еміп жатқан», - десе, оның бұл кейіпкері – жаулаушы, мылтықты зорлықшының бейбіт орыс халқына түк қатысы жоқтығын дәлелдеп жатудың қажеті шамалы.

Тағы да ол: «Біле алмай надандықпен ердің ойын, Сорлы қырғыз мерт қылды арыстанды», - десе, мұнда да ақынның ойында бауырлас халықты мұқату жоқ, зұлмат жауға, батыстан қаптап келе жатқан қара бұлт – қауіпке бірігіп қарсы тұруды ойламаған қос халықтың көрсоқырлығына күйініп отыр. Өйткені “көп ерлер жаумен бірге елін шапқан” қазақтың өз арасында да қаптап жүр ғой.

Болып жатқан шытырман, қайшылықты өмір шындығына көңілі толмаған ақын қазақ ескілігінен рухына медет боларлық мысал іздейді. Сонда оның

ойына XVIII ғасырда жоңғар жаулаушыларына қарсы елді бастап, ерлік көрсеткен батырлар Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, би Қазыбек, Хан Абылай есімдері түседі. Ақын олардың заманында ел ұйтқысы бола білгенін қазақ халқының тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескенін мадақ етеді. Тарихтың айбынды, нұрлы беттерін парактайды:

«Еділ, Жайық, Сырдария,
Белгілі жұртқа ескі су.
Тәтті, дәмді, тартымды,
Ұзын Ертіс, Жетісу.

Осы бес су арасы,
Сарыарқа деген жер еді.
Туып өскен баласын
Айбынды Алаш дер еді...»

Ақынның ұғымында «алаш» деген сөз қазақ елінің екінші аты. «Алты алаш», «алаштың баласы», «атамыз алаш» тәрізді тіркестер сөздік қорымызда сақталып келуі бұл атаудың халыққа ежелден қанықты екенін көрсетеді.

Мағжан қазақ халқының бақытқа жетер жолы тек ұлттық тәуелсіздікке, өз тағдырын өзі шешетін жағдайға жету деп біледі. Оның ертедегі ерлер істеріне қайта оралып келе беретін себебі осыдан.

Күңіреніп ойлағанда Алаш жайын
Жанымды улай берді ұлы уайым
Кеудеме күннің нұры толғандай боп
Жырлаймын алты алаштың Абылайын...

Арсыға асқандаймын тауап қылсам,
Көбедей Абылайдың Бурабайын.
Күңіренген жырымменен мен ризамын
Алаштың жоқтай білсем Баян – айын.
Жырлаймын, күңіренемін өткенді ойлап,
Кеудеме ұлы уайым толған сайын, - деп
толғанады Мағжан «Батыр Баянда».

1923 жылы Мағжан Ташкенттегі қазақ ғылыми білім комиссиясының жолдауымен Москвада жаңа ашылған әдеби-көркемөнер институтына оқуға түседі. Әрі Ағарту халық комиссары Луначарскийдің шақыруымен астанадағы Күн шығыс еңбекшілерінің университетінде сабақ береді. Сонымен қатар Нәзір Төреқұлов басқарып отырған құншығыс баспасында редактор болып қызмет істейді. Москвада болған 3,5 жылда Мағжан орыс және Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп оқиды. Әдебиет-көркемөнер институтының басқарушысы В.Я.Брюсовпен бірнеше мәрте кездесіп әңгімелеседі. Брюсов та Мағжан өлеңдерімен танысады, ол Мағжанды «Қазақтың Пушкині» деп, әрине, тегін айтпаған. Мағжан сонымен қатар ағылшын тіліндегі, неміс тіліндегі мықты ақындардың жазу машығымен, ойлау, ырғақ табу жүйесімен егжей-тегжейлі танысады. Луначарскиймен бірнеше рет кездесіп пікірлеседі. Ерте уақытта өткен Бердяев, Соловьев секілді қиялшыл философтардың көзқарасымен танысып, өзінің ойлау шеңберін, шеберлік жолындағы

ізденістерін әрі соны, әрі күрделі жолға салып алады.

Құншығыс еңбекшілері университетінің қасында ашылған «Жерлестік» атты студенттер ұйымының 1924 жылғы қарашаның 24-і күні аяқ астынан жиналысы болады. Оған Москвада оқып жүрген 60-шақты жастар қатынасады. Не боп қалды десе – М.Жұмбаевтың 1923 жылы Ташкентте шыққан өлеңдер жинағын талқылау керек екен.

Жиналыстың ақын позициясын әділ талдау үшін шақырылмағаны, көріне пәле іздеуге жиналғаны бірден сезілді. Жиналысқа жинақтың авторы – сол кезде Москвада тұратын Мағжан ақын қатыстырылмады. Баяндамашы Нәзір Төрекұлов Мағжанды салған жерден қаралай жөнелді. Жиналыс: «Мағжан өлеңдерінің көбінде өткенді көксейді, ескілікті іздейді, ұлтшылдықты жырлайды, өзімшілдік, менмендікті дәріптейді» - деген сындар айтып, Мағжанның өлеңдері бұдан былай... газет, журнал бетіне тексерусіз басылмасын» деген қаулы қабылдайды: Сол кездегі «Еңбекші қазақ» газетінде жаңағы Мағжан кітабы туралы «Жерлестік» жиналысының есебінен бастап жыл бойы (1925 ж.) Мағжанға қарсы материалдар жарияланады. Сөйтіп, күлдікөмеш тұжырым көрінеу заңдастырылады. Осы кезден бастап-ақ ҚазАПП басшылары Мағжанға қарсы ұйымдасқан түрде шабуыл бастайды. Құлаш-құлаш мақалалар

жазылып, оған ұлтшылсың, түрікшілсің, байшылсың, өзімшілсің деген айыптар тағыла береді. «Қазағым» деп жазса - ұлтшыл, «елім-жұртым» деп жазса – түрікшіл, «Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың» - десе – өзімшіл, менмен деген айдарлар тағылады.

Міне осындай жағдайда 1927 жылы жазда Мағжан Москвадағы оқуын бітіреді. Ол Қазақстан астанасына келгісі келіп сол кездегі Республика партия ұйымының басшысы Ф.И.Голощекинге хат жазады. Ол хатты тексеріс органдарына жібереді. Ондағылар бұл алаш партиясының белсенді мүшесі, ұлтшыл, байшыл деп сыбырлайды. Мағжанға ешқандай жауап бармайды. Мағжан өз туған жеріне Қызылжарға келіп орын іздейді. Мұнда ол совет-партия мектебі мен қазақ педагогикалық техникумында алма кезек дәріс беріп жүреді.

Сол 1927 жылы 17 тамызда «Еңбекші қазақ» газетінде Мағжанның «Тоқсанның тобы» атты шағын поэмасы басылып шығады. Бұған дейін Мағжан өлеңдерінде қазақты тапқа бөлу болмайды. Ол өлеңдерінде барлық қазақ ұлтына жаны ашып, барлық қазақты отаршылдыққа қарсы күреске шақыратын. Москвада 3,5 жыл болып келген Мағжан совет үкіметінің ыңғайына көшіп халықтың көпшілігін құрайтын кедейлер жағын қолдайтынын білдіреді. Бұл поэмасында Мағжан оларды 90 деп, азынаулақ байларды онға тенейді.

«Жырладым елді жалпылап,
Жасырман жүзді жақтадым,
Тоқсанға енді тоқтадым,
Толғанып, ойлап, талқылап...
Тоқсаннан сонау он аулақ,
Сонау оннан мен аулақ,

Мен тоқсанмен біргемін» - деген сөздері бірқатар шындықты көрсетеді. Саяси бетін түзеп алған Мағжан творчествосының жаңа бетін ашты. Бірақ тағдыр бұл беталысымен қалам тартуға жазбады. Ел басын сталинизмнің қара бұлты торлай бастады. Оның көлеңкесі алдымен халқымыздың Мағжан сынды маңдай алды боздақтарына түсті.

Басқа пәле қайдан дерің бар ма? Ол Москвада оқып жүргенде «Алқа» деген әдеби үйірме ұйымдастырған болатын. Бұл 1925-ші жыл еді. Содан төрт жыл өткен соң осы ұйым «контрреволюция ұясы» болып шыға келді. Сол жаламен Мағжан 1929 жылы шілденің басында Қызылжар қаласында тұтқындалып, одан Алматыға, Алматыдан Москва қаласындағы атақты «Бутырка» түрмесіне қамалады. Онда біраз тергеліп, ақыры он жылға концлагерьге кесіліп Карелия ормандарына айдалады. Мағжан ұлтшыл, байшыл, жат, еңбекші халыққа жау деген атақтар жиналады. Мұндай пәлелердің жабылуы Мағжанға оңай соққан жоқ. Бұл оған енді басар жер, барар тауың қалған жоқ дегенмен бірдей еді.

Басқасын былай қойғанда «Тоқсанның тобы» мен «Толғау» сияқты соңғы шығармалары да мансұқталды. Бұларды «бояма» атады. Боямалары қазақ байының өліп бара жатқанын сыпаттайды делінді.

Сол кездегі Қазақстан өлкелік партия ұйымының бірінші басшысы Голощекин Мағжанды орыстың сменовеховшыл жазушыларының қатарына қосып аластауға тырысты. 1927 жылғы қараша айында болған өлкелік партия ұйымының Бүкілқазақстандық VI Конференциясында Голощекин былай деген:

«Ескі интеллигенцияның арасында сменовеховшыларды еске түсіретін қозғалыс бар. Сіздер Жұмабаевтың «Тоқсан» жөніндегі әйгілі өлеңін білетін шығарсыздар, ол өзі тоқсан жағында болғандықтан тоқсан туралы жазады. Ал көпшілік бұл сан шынайы екен деп алданып қалады. Олар жүз деп еді, жеңіліп қалды, енді тоқсан деп күңіренуде. Бізге жақсы істерімен келсе арқасынан қағамыз, алайда тоқсанды басқалардың қолдауы қажет екенін аңғарту үшін біз арқасын сипап қана қоймай, бір мезгіл соққыға да жығып аламыз» («Советская степь», 1927 ж. 21-қараша).

Бұл сөздерден ұғатының – сол кездегі заңсыздықтың шегі жоқтығы. Голощекин секілді жарты патшалар жергілікті жерде «халықтар көсемінен» кем түспеген. Ол «соққыға жығам» деп әрекет етсең таяғын ала жүгіретін әдетін еш

жасырмайды. Мұндайлар басқа халықтың аяулысын қайтсын. Голощекин айғайы ақыры Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов сияқты алаштың зиялы азаматтарына қара індет болып жабысты. Олар шетінен ұстала бастады.

Совет тақырыбына беттеуге жолы кесілген Мағжан өзінің сол уақыттағы тұйыққа тірелген жайын 1929 жылы абақтыда тергеушіге берген жауабында былай сипаттайды:

«...К моему несчастью, я жестоко был отвергнут тогдашними погододелателями в казахской литературе, впоследствии оказавшимися настоящими подлецами... Меня буквально парализовала поднятая этой кучкой в печати кампания...»

Әйтседе Мағжан зауал шағым туды деп жүнжіген жоқ. Ізденді, күресті. Түбінде әділет жеңетініне сенді. Солай болады да. Алыстағы Карелия лагерінен Мағжан әйелі Зылиха арқылы Максим Горькийге хат жолдайды. Сөйтіп ұлы гуманист жазушының және оның әйелі Е.Пешкованың көмегімен Мағжан 1936 жылы қамаудан мерзімінен бұрын босанып шығады.

Абақтыдан босанып елге келген соң Мағжан Қызылжар қаласындағы Пушкин атындағы № 5 орыс орталау мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Мағжанның сабағы жөнінде сол мектепте аз уақыт Мағжаннан дәріс алған сол

кездегі Мағжанның оқушысы, соңынан көп жылдар өзі де мұғалім болған қазіргі кезде зейнеткер Татьяна Павловна Нетесова былай дейді:

«...Когда Магжан Бекенович в первый раз вошел в наш класс на урок, мы невольно засомневались, сможет ли он вести на соответствующем уровне уроки русского языка и литературы? Но уже после первого занятия все сомнения рассеялись, а после нескольких уроков мы просто полюбили нового учителя...». («Ленинское знамя» 29 июня 1990г. Т.Нетесова. “Учитель! Именем твоим”).

Бұнымен бірге Мағжан педтехникумда да сабақ береді. Ақын шын көңілден «Социалистік еңбек еліне» қызмет етпекке барын салады. Осы ниетімен не күн туса да айнымаймын деп «Қаламыма», «Жамбылға» деген өлеңдер жазады. Бірақ НКВД маза бермеген соң, Мағжан Алматыдағы Қазақстан жазушылар одағын басқарып отырған Сәбит Мұқановқа жағдайын айтып хат жазған. Ұлы ақынның ақырғы тілегі болғандай бұл хат мынадай:

«Құрметті жолдасым Сәбит!

Сіз менің Петропавловскідегі орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп жүргенімнен хабардар боларсыз. Январдың басында мені қызметімнен босату туралы мәселе қозғалғанымен де, біраз уақытқа басылып қалған еді. Бірақ январдың соңында бұл жай тағы әңгіме

болды да, мені жұмыстан шығарып жіберді. Не себепті босатылғанымды сұрасам, қалалық оқу ісінің меңгерушісі, жалпы саяси себептерге байланысты дегенді айтты. Міне 20 шақты күн болды жұмыссыз отырмын... Ол жақтан мен өте киын халде оралдым. Әсіресе, жұмыссыздығым жаныма жаман батады.

Мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өзімнің қалам күшіммен көрсетсем деген жалғыз тілекпен оралдым. Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам, орталыққа баруды ойлап отырмын. Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып, Сізді де бірдемеге міндеттегім келмейді. Сізге осылай жазуға қазіргі халім мәжбүр етіп отыр. Кешіріңіз. Бұл хатты қыдырып келген туыстарым жақтан, Степняктан жазып отырмын.

Құрметпен Мағжан. 20 февраль. 1937 жыл».

Қасіретті хат екенін, уақыт ызғарын сездіретін хат екенін өздеріңіз де байқап отырсыздар. Бұл хатқа Сәбең Мағжанға Алматыға келіңіз деп жауап қайтарған.

Сөйтіп, 1937 жылдың март айында Алматыға келген Мағжанды Сәбит Мұқанов өзі жападан жалғыз қарсы алады. Ол жөнінде. «Қазақ әйелдері» журналындағы естелігінде Мағжанның зайыбы Зылиха жазды. Сол күні Мағжан мен Зылиха Сәкен Сейфуллиннің үйінде қонақ болады. Сәкен сол жылы 24 сентябрь күні тұтқындалды, ал «Сәбит

өзінің қателерін мойнына әлі толық алып болған жоқ» деп тапқаннан кейін 3 қазанда Қазақстан жазушылар одағы төрағалығынан босатылып, көп кешікпей партиядан шығарылды. Сонда Сәкен мен Сәбитке ашық қойылған айып – Мағжан Жұмабаевты қанаттарының астына алып, байшыл - ұлтшылдармен ауыз жаласуларын қоймай келеді - деген жалалар болатын.

Ал Мағжан Алматыға келгенмен ешқандай жұмысқа орналаса алмай көп қиыншылық көреді. Бұрынғы таныс жолдастарының көбі одан ат-тонын ала қашады. Өйткені бұл әйгілі 1937 жыл еді. Ақыры сол 1937 жылдың 30-ші декабрінде Мағжан ежовшылардың қанды шеңгеліне түсті. Бұл жолы арашалайтын кісі табылмады. НКВД-ның 1938 жылғы 11 февральдегі № 377 іс хаттамасында жалғыз ауыз сөз жазылған: «Мағжан Жұмабаев қылмысты істер кодексінің 58 статьясының 7, 8, 10, 11-баптары бойынша қылмысты деп табылып ату жазасына кесілсін».

Мағжанды Жапон шпионы деп айыптаған. Мағжан алғашында мойнына алмаған. Бірақ Сталиннің темір наркомының жендеттері ақынның «Жапон жансызы» екенін «мойындатқан».

Мағжанды соңғы рет 1938 жылғы 20 февральде тергеген, тергеу хаттамасына қол қойғызып алған. Ал, ату туралы үкім 11 февральда, яғни сотқа дейін, ақ-қарасын айырадыау деген тергеу ісінен аттай 9 күн бұрын шығарылып,

әзірленіп қойылған. Яғни, тергеу аяқталмай тұрып үкім шыққан. Екіншіден, Мағжан Жұмабаевтың ісі я сотта, я болмаса үштік мәжілісінде каралмапты. Іс құжатының соңына тілдей қағаз тіркелген – бұл атылу туралы акт:

«Мағжан Жұмабаев Бекенұлы, № 377 хаттаманың қаулысы бойынша үкім жүзеге асты. 1938 жылғы 19 мартта атылды», - делінген. Кіші лейтенант Гайковичтің қолы.

Сөйтіп Мағжан Жұмабаевтың өмірі 45 жасқа жетпей қиылған. Ал оның шығармашылық (творчестволық) өмірі өлмек емес. Мағжан творчествосы қазір өз халқына қайта оралды.

МАҒЖАННЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІП

Мағжанның ақындығын сөз еткенде, алдымен Жүсіпбек Аймауытовтың 1923 жылы айтқан мына пікірлерін есте ұстаған жөн:

«Мағжан – сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті. Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы,

көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер ете алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз. Ол табиғатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма – бәрінде де ақынның ойлағаны, сезгені, жүрегінің қайғыруы, жанының күйзелуі, көңілінің кірбеңі көрініп тұрады. Қай өлеңін оқысаң да, не ақынмен, не өз жүрегіңмен, не ел жүрегімен сырласқандай боласың. Ақынның өзі көрінбейтін өлеңдерін оқысаңыз да, еріксіз, бір сезім туғызады. Әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде аятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді.

Шер батса кім іздемес туған елің?

Тұлпар да көздемей ме туған жерін.

Арқаның ардагері қалың алаш!

Тұран да біле білсең, сенің жерің, - деген тәрізді сөздер еріксіз бір сезімді тудырады. Ауыз толатын айбынды асқақ сөз Мағжаннан шығады. Оның сөздері жүректі қытықтап, жыбырлатып қана қоймайды, түбімен суырып мейіріңді қандырады. Еркін балуан қан майдан да жарық еткізіп шалып соққанда, «Па, сабаз-ай!» деп отырған жұрттың айызы қанбай ма? Кейде Мағжан желдетіп, бір сөзінен бір сөзін асырып, түйдек-түйдегімен тастап кеткенде, сен де «Па, сабаз-ай!» дегің келеді.

Суретті, кестелі, көркем сөз Мағжаннан табылады. Мағжанды ақындық жағынан сөзсіз суретші деп айтуға болады. Суретшілік жағынан

Мағжанды Пушкинге теңеуге ауыз барады. Міне ашуланған батырдың суреті:

Түкті қабақ жауып түскен көзіне
Ұшқын шашып, от ойнап тұр көзінде.
Қырлы мұрын, қырмызы ерін, қап-қара
Тікенектей түк шығып тұр жүзіне.

Міне Қөкшетаудың сурегі:

Көкшені күндіз, түнде мұнар басқан,
Қап-қара бұлттарменен күшақтасқан,
Алдында бұйра жалды Бөлек тау тұр
Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан.
Мөп-мөлдiр дөп-дөңгелек көл ортада,
Жел ойнап, ақ бетiне меруерт шашқан.

Мұндай айқын сурет қазақ ақындарында болып көрген жоқ... Мұндай суреттер толып жатыр... Басқа жұрт өз өнерпаздарымен мақтанса, қазақ әдебиеті де бір кезде суретшілдік жөнінен Мағжанымен мақтануында сөз жоқ». Жүсіпбектің бұл сөзі асқан көрегендікпен айтылғанын қазіргі кез дәлелдеп отыр. Біз қазір Мағжанмен бүкіл дүние жүзіне мақтана аламыз!

Одан әрі Ж.Аймауытов:

«Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет тұрғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты.

...Мағжан нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны».

Мағжан сөзінде кездесетін әдемі әуез, сыршыл ырғақ, кейде жүректі тебіrentіп, толқытатын, кейде мұңға батыратын, алыс арманға құлаш ұрғызатын, кейде мына әлемнен басқа әлемді ұғындыратын, тылсым дүниенің қаттылығы мен тәттілігіне тәнті ететін сыбызғы поэзия Мағжаннан бұрынғы ақындарда некен-саяқ. М.Горький: «Әдеби тіл – халықтың тілі, бірақ оның шеберлер арқылы сұрыпталған түрі», - деп еді. Мағжан өзінің бай ана тіліндегі сөздік қорды сұрыптап поэзияның керегіне жаратқан шеберлердің бірі болды. Ғасырлар бойы дамып жетілген әдеби тілді ол жетік меңгерді.

Оның 1912 жылы жазған «Жазғытұры» атты өлеңінен үзінділер алып оқып көрейік:

Су ақты, жетті апрель қырдан ойға,

Секіріп арық-тұрақ кетті тойға.

Жас бала: «Жазғытұры туды» - десіп,

Қуанып жан-жануар алшаң басып,

Қалмады қайғы-уайым ешбір ойда.

Нұрлы күн алтын нұрын шашты аямай

Шықсын деп қысқы ызғар өткен бойға.

Су ақса, тау жаңғырар сылдыр қағып,

Дәл сұлу бұраңдаған шолпы тағып.

Түрлі үнмен жаңа келген жылдың құсы

Тұрғандай қобыз ойнап, әнге салып...

Май келді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,

Жібектей көкорайлар жатқан жайнап.

Сұлудай бұрандайды бұтақтар да

Ән салса әр түрлі құс тұрған сайрап, - деп
шалқытады. Осындай жолдарды оқығанда қалай
«Па, сабаз-ай!» - демейсің?! Немесе «Жазғы таң»
деген өлеңінен үзінді оқиық:

Жып-жылы түн маужырап,

Көтерілген жерден бу.

Саф күмістей жарқырап,

Тыныш жатыр тұнық су.

Көкке тиген биік тау

Құшақтасқан тұманмен,

Қосылысып есен-сау

Бал алысқан құмармен...

«Махаббат не?» атты шағын өлеңінен бір
шумағын алып көрейік:

Махаббат бір тәтті у,

Ішер жүрек, болар мас.

Дүниедегі у мен шу

Мас жүректі оятпас.

Атақты «Шолпы» өлеңінен үзінді алайық:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,

Қанымды қайнатты құрғыр,

Шық-шық жүрекке тиеді,

Күлпәрә талқан боп сыңғыр.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,

Өзекті өртеді құрғыр.

Әдейі іргеден жүреді,

Сұлу қыз санадан солғыр.

Шолпының сыңғыры, ойнатқан күйі сан ақын
жырлаған бұлбұл әуезінен несі кем?

Мағжан махаббат лирикасын сезім тасқынына
күрған.

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да,
Жылы тәтті у тарады қаныма.

Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

«Ақынның бұл секілді өлеңдері ел жадында
нағыз құдіретті өлең ешқашан ұмтылмайтынын
дәлелдеп, халық мұрасына айналып кеткен
болатын. Осылайша ақын өлеңдерінің жұртшылық
арасына ауызша тарап келгені әлем әдебиеті
тәжірибесінде сирек кездесетін құбылыс», - дейді
белгілі әдебиетші-ғалым Рахманқұл Бердібаев.

Мағжан өлеңдеріндегі сөзбен өрілген сырлы
суреттер оқушының көңіл көкжиегін от боп, сәуле
боп серпілтіп, жарқыратып аша түседі. Ақын өзінің
таным-талғамы бедерлі сөз, көрмек оймен, тіл
өнерінің, мейлінше айқын бояуларымен жеткізіп,
сезім пернелерін дөп басады, шын мәнісіндегі өлең
құдіретін еріксіз мойындатады.

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,
Хош иісті түрлі-түсті гүл сұлу.
Әдемі аспан – төбедегі көк шатыр,
Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылқ-сылқ күліп сылдыр қаққан су сұлу,
Қөлге қонып қаңқылдаған қу сұлу

Бейне айнадай жарқыраған айдыннан
Күн шығарда көтерілген бу сұлу.

Осы өлеңде ақынның айналасына ессіз ғашық, саф алтындай таза да пәк жан сұлулығы мен көркем ойда кестеленген табиғат сұлулығы іштей тоғысып жатқан жоқ па?! Сондықтан да болса керек, ақын жүрегіне шабыт нұрын құйып, нәзік те сырлы дүниеге іңкәр еткен жар сұлулығына:

Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,

Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу, – деген соңғы жолдардың шынайылығына тәнті боласыз.

Хор сипатты қарындас,

Оттан сұлу, ыстық жас.

Жалт-жұлт жалынымен, ойнаған оттай әсер ететін көрікті бойжеткен көзге елестеп, көңіл төрінен орын тебетін жолдар емес пе?

Ақын қазақ жерін, табиғатын, өзенің, көлін суреттеуге өте шебер, «Еділде» атты өлеңінің бірінші шумағына зер салайықшы:

Бүктетіліп жатқан бел

Сүтке тойған марқадай

Бұйра қою қарағай –

Белге біткен шалқалай.

Су жеп қойған жұмыр тас –

Түйір-түйір малтадай

Арнада өзен қылықты –

Қылмандаған қалқадай.

Тайызға біткен құба тал –

Мойындағы алқадай.

Жер еркесі жер мынау,
Шер қалар ма тарқамай.

Мұндағы ақынның қолданған эпитеттері мен салыстырулары сондай, егер «осы өлеңді қай халықтың, қай ұлттың ақыны жазған?» - деген сауал қойсақ, көзі қарақты, көңілі сергек оқырманның кез келгені – қазақ ақынының сөзі – деуі хақ.

Теңеулердің небір ұшқырларын Мағжанның «Батыр Баян» дастанынан ұшыратамыз:

Найзасын нажағайдай ойнататын
Жас барыс Бәсентиін Сарымалай.

Екі жол бойында ердің портреті! Нажағай - бетін қайтаруға келмейтін қаһар. Сарымалайдың найзасы да нажағаймен бірдей екен. Ендеше кесек мінезді кеуделі батыр Сарымалай жау үшін албасты алапат күш! Оқырман зердесінде өшпестей бейне қалады. Әрі мақтаныш сезімін тудырады. Екінші бір батыр да осал емес:

Майданда от шашқандай оқ шашатын
Сырттаны Бәсентиін ер Сырымбет.

Ірі қайрат ажары деген осы гой!
Қарсыласқандарын қарша бораған немесе топан-тасқындай қаптаған жебепің астында қалдыратын батыр қайтіп осал болсын? Ұтымды. теңеулер, тапқыр орамдар.

Мағжан жеке өлеңдер шығарумен ғана шектелмей, бір тақырыпқа бірнеше өлеңдер

шығарып, өлеңдер топтамасын, яғни цикл өлеңдер жазған, жәие бір цикл емес, бірнеше цикл.

«Алатауда» атты циклдың (1924 ж.) бірінші кымбаттылығы – қазақ поэзиясындағы халықтар достығына арналған алғашқы цикл екендігі. Циклдың екінші құндылығы – қырғыз табиғатына тән, қырғыз болмысына тән, бауырлас халықтың жан-жүрегіне тән басып, сипаттарды дөп басып, табуы, тап басып тануы:

Ай шырайлы аяшың
Күн болып, күйіп солмасын.
Бозаға толып шанашың,
Күн болып, күйіп аяшын,
Семетей мен Манасың
Қысыр бір қисса болмасын.
Ай шөрекей аяшың
Күн болып, күйіп солмасын.

Өлеңнің лексикалық құрылымының өзі-ақ қырғыз болмысын көңіліне ұялатқандай. Аяш, шанаш, Семетей мен Манас, Айшөрек – бәрі де қандастарымыздың халықтық өшпес белгісіндей. Туыстық, тілектестік қандай риясыз, шын жүректен айтылған.

«Ескі Түркістан» циклы (1924ж.) діндар шаһардың ежелгі үйреншікті өмірін әр қырынан өрнектейді. Осы циклдегі «Әйел» деген өлеңде:

Пәренжі үсте - бітеу қап,
Бетінде перде - шімбеті.
Шімбетінің астында

Гүл шырайлы шын беті.
Желпіне алмай, жамылып,
Быршып тұрған тер беті.
Шаңырақ сырға құлақта,
Мөлт-мөлт еткен меруерті... деген жолдар бар.

Осындағы басқа теңеулерді айтпай-ақ «Шаңырақ сырға құлақта» - дегенді ғана алайықшы. Құлаққа тағылар дүниеліктің ең үлкенін бұдан артық суреттеуге бола ма?! Бұл әсірелеудің асқан түрі емес пе?!

М. Әуезов 1929 жылы сыршыл ақынды Біріккен саяси Бас басқарма (ОГПУ) тергеушілері ұстап абақытыға жауып басын істі етіп жатқанда былай жазыпты:

«Мағжан мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімімен күншілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген Қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманнан басы озып, ілгерілеп кеткен ақын болады... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз - Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін».

Мұхтар Әуезовтың сол кездегі асқан көрегендікпен айтқан болжамының өміршендігі бүгіндері дәлелденіп отырған жоқ па?!

МАҒЖАН-ПЕДАГОГ

Халқымыздың ұлы ақыны, біздің даңқты жерлесіміз Мағжан Жұмабаев өмір жолынан байқағандарыңыздай өз заманының ең білімдар адамдарының бірі болған. Осы білімін де ақындық талантын да ол туған халқына қызмет етуге жұмсаған. Ол өз халқының сол кездегі тұрмысы мен мәдениетінің орыстармен, басқа да европалық елдермен салыстырғанда көп артта қалғанын көрді. Көріп қана қойған жоқ, қазақ халқын басқа жұрттан қалмай ілгері басуға шақырды. Ал, сол ілгері басудың дұрыс жолы оқу, білім деп білді. Сондықтан да ол ақындық сапарының алғашқы қадамдарынан-ақ ағартушылық дүниетанымының аясында толғанды.

Мағжанның 1912 жылы Қазан қаласында шыққан бірінші өлеңдер жинағы «Шолпанда» ақынның сол кездегі ағартушылық сарындағы өлеңдері басылды. («Жазғы таң», «Сорлы қазақ», «Өнер - білім қайтсе табылар», «Ләззат қайда?», «Қазағым» т. б).

Мысалы «Ләззат қайда?» деген өлеңде ақын жас жанына тыншу берер әуестіктің бәрін тізіп келіп, ойын-сауық, жүйрік ат, алғыр тазы, сұлу қызбен қызойнақтың ешбірінен де тиянақ таппай, тек кітап сөзінен ғана ләззаттанғанын айтады. Өлең былайша аяқталады:

Айтар сөзім мінекей,
Аласұрған көңілге:
Оқу оқы, өнер қу
Басқалардан түңіл де!
Жұрттың қамын көп ойла,
Уайым-қайғы жеп ойла!
Артта қалған сорлы жұрт
Алға бассын деп ойла.

XX ғасырдың басында Мағжан ауылына ең жақын Қызылжар мен Омбыға темір жол келуімен бірге Европа ғылымының, жаңалықтары да ел тірлігіне ене бастап еді. Техниканы еркін меңгеріп, өмір білімнің пайдасын көрген озық елдермен салыстыра келіп, өз елінің тым аянышты халін көрген ақын жаны ширыға түседі. Бұл ширығу Мағжанның әсіресе «Жатыр» атты өлеңінде шегіне жеткен:

Басқа жұрт аспан – көкке асып жатыр,
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.
Бірі ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп,
Жалтылдап көктем нұрын шашып жатыр.
Таласып өнер-білім алып жатыр,
Күнбе-күн алға карай барып жатыр.
От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,

Тәңірінің рахыметіне жарып жатыр, - деп Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңімен сарындас бастаған жырында қыр қазағының бар тегіс, надан қылығын түйрей сынап, еліне жәрдемге дәрменсіз, тек төре болып

шен алғанына мәз қазақтың оқыған азаматтарын да түйреп өтеді:

Біреулер оқып төре болып жатыр,
Шен алып, бақыт құсы қонып жатыр.

Ұмытып өзін-өзі бұл сабаздар
Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр.

Өлеңнің аяғында сөз семсерін ақын тағы да сол дәрменсіз, халқына жаны ашымайтын оқыған азаматтарға сілтейді.

Сезінбей өзгенікін, өзінікін
Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр?

Осыған ұқсас келесі өлеңін ақын «Сорлы қазақ» деп атапты.

Мұнда ол қазақтың қаранғылығы мен надандығын айта келіп, оны оқуға, білімге шақырады:

Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді,
Қылыш алып «надандық» саған кезенді.
Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден қу,
Ертелі кеш басыңа мініп езгенді.

Кітап әпер, оқысын балаң қолына
Малды аяма оқу-білім жолына
Өнер алып басқалармен қатар бол,
Қосыл бірдей адамзаттың тобына!

«Өнер-білім қайтсе табылар» атты өлеңінде Мағжан жастарды оқуға жұмылдыру мақсатымен өнер-білімге барар жол сілтейді, ақылын айтады. «Жақын, туған бауыр» - деп ауылға айналмай,

жастарға қалаға барып, оқып, білім алғанын қуаттайды. Ойын-сауық өсекшілік пен менмендіктің өрге бастырмасын ұғындыра келіп жалықпай талпынып іздеген адамға «өнер-білім жер астында болса да табылады», - деп ағалық ақылын айтады. «Қазағым» деген өлеңінде Мағжан:

Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,
Ойламау келешекте түпке жетер
Надандық қоршап алған тұс-тұс жақтан,
Жан қорқып, дене тітіркеп есің кетер, - дей
келіп, одан әрі:

Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,
Отырайық жиылып, оңдалайық.
Мың жылғы өткен құмай ата заңды,
Өнерден кеш қалмайық, ойланайық, - деп
жалпы қазаққа үндеу тастайды.

Тіпті жылдың бір мезгіліне арналған «Күз» деген өлеңінің өзінде де Мағжан күздің көріністерін суреттеумен қатар тағы да туған халқының қараңғылығы мен надандығын, оқуға ынтасыздығын айтып реніш білдіреді»:

Баласын оқытумен жоқ жұмысы
Ел бұзу, малын шашу—барлық. ісі.
Ойлаған бір күн бұрын таңдағы істі
Япырым-ау, айтыңдаршы, бар ма кісі? – деп
назаланады.

“Осы күнгі күй” деген өлеңінде ақын өнер-білімнен кенже қалған елдің күйін:

Ортаға қамап алып қырып жатыр
Қара жүрек надандық қолмен сансыз, - деп
шебер бейнелей келіп:

Қазағым, арыстаным, қайратты ерім,
Тұрдың ба қару қылмай құр амалсыз.
Білімсіз ит надандық жеңгені ме?

Буының қалтырайды болып әлсіз, – деп бүкіл
қазақтардың намысына тигізе, батыра сынайды.

Мағжан Жұмабаевтың шығармасын, әсіресе, ағартушылық шығармасын әңгімелегенде оның балалар әдебиетін жасауға ерекше көңіл бөлгенін, өнер-білімді осы жастардан күткенін айтуымыз керек. М.Жұмабаев балаларға арнап көп еңбегін сарп еткен, сындарлы, жүйелі жұмыс істеп, көптеген кітаптар шығарған. Балаларға арналған өлеңдері өз алдына бір төбе. «Шолпан» жинағында ақынның «Балалық шақ», «Қарағым», «Мен сорлы» (Шәкірт зары) атты өлеңдері жарияланған. Бұлар Ыбырай Алтынсариннің «Кел балалар оқылық» атты өлеңімен орайлас.

Ауылдағы ойын балаларына арналған «Балалық шақ» деген тамаша өлеңінде Мағжан оларға осы балалық шағынан бастап оқу-білімге көңіл бөлуге, бойға тек асылды ғана сіңіруге кеңес береді.

Жастық – алтын,
Құрып қал салтын
Салты оның – үйрену!
Өнер қуып,

Бел бекем буып,
Надандықтан жирену!
Тұрма, қарғам, ұмтыл!
Аты өшкірден құтыл! –

«Аты өшкірден құтыл» дегені – надандықтан құтыл деп отыр. Баланың құлағына жағымды «қарағымды» қолдана отырып, ақын өз ойын сәби санасына ұялатады. Ақынның бұл сияқты өлеңдері қазіргі кезде де өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Осы өлеңге ұқсас «Қарағым» деген өлеңінде Мағжан:

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме.
Оқымай, ойын қуған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме
Кідірме, аялдама, алға ұмтыл,

Алам деп көктен жұлдыз қолың серме, - деп жас жеткіншектерді оқуға білімге шақырады.

«Ақ қала» өлеңі ойынға құрылса да елеулі тақырыпты тамаша жеткізген. Қардан төрт бұрыш жасап, терезе қойып мәре-сәре болады. Беттері бүлдіргендей қызарып, күліп, таласып жүріп, аққала салып ойнайды.

Қарды соғып төрт бұрыш,
Төрт бұрышты қып кірпіш,
Үй іргесін қаласты,
«Мен оям!» - деп біреуі,
«Мен қоям!» - деп біреуі
Терезеге таласты,

Терезелер ойылды,
Қардан құрсау қойылды.
Шаттықтың енді шегі жоқ.
Беттері болды бүлдірген,
Сар даланы күлдірген.
Күлкілері меруерт...

«Әже» атты өлеңінде ақын ертегіге елтіген Кенжебай деген баланы суреттейді.. Бұл әже мен немересі арасындағы мерейлі, нәзік, қымбат сезімді мадақтайтын өлең. Әжесі сұрмерген туралы ертек айта бастағандағы немересінің жайын ақын былай көрсетеді:

Қоя қойды Кенжебай,
Жылаған жаңа нан сұрап,
Тыңдап отыр тентектер,
Алма беті албырап,
Ауыздары аңқиып,
Сілекейі салбырап

Қандай ғажайып көрініс! Өттең осы күні немерелеріне ертек айтып отыратын мұндай әжелер азайып кетті ғой!

Осыған ұқсас Мағжанның тағы бір өлеңі «Немере мен әжесі» деп аталады. Мұнда немересі әжесінен: «Көк деген не, жұлдыз не, жер не, теңіз, шөл, тау дегендер не деп көптеген сұрақтар қояды. Әжесі бұл сұрақтарға анық жауап бере алмай, мектепке оқуға бар, сонда бәрін білесің деп ақыл береді. Бар әңгіме Мағжанға тән жеңіл де көркем тілмен әзіл жүреді. Осы сияқты «Қойшы бала мен

күшік» деген өлеңінде де ақын мектептен қандай білім алуға болатынын насихаттайды.

Қазақтың мал десе ішкен асын жерге қоятыны ежелден белгілі. Мал бағу оның қанына сіңген кәсібі. Міне, осы ата кәсібіне баулуға арналған Мағжанның «Бөбектің тілегі» атты өлеңінің орны бөлек.

Тоқтышағым, тоғыз тап,
Саулық қойым, сегіз тап,
Сегізін де семіз тап,
Құла бием, құлын тап,
Құлын таппа, құнан тап,
Құнан тапсаң, егіз тап, - деп кете береді.

Әр төл үшін көркем де мерейлі сөз табады. Өлеңнің әр жолы өзінен өзі жатталып, дауыстап айтуға қызықтырады. Тоқырау жылдары еліміздегі жастардың көбі малды бағаламауға айналғаны көрініп қалды. Нәтижесінде тіпті ауылды жердің өзінде мал басы азайып кетті. Рас соңғы 3-4 жылда малдың бағасы қайта көтеріліп келеді. Жас бөбектерді малды бағалап, оны күтуге баулуға Мағжанның осындай өлеңдерінің ролі зор. Бұл өлеңдерді барлық мектептерде төменгі класс балаларына, тіпті балабақшалардағы бөбектерге оқып жаттатсақ нұр үстіне нұр болмақ.

Балаларға арналған ақынның мына бір жолдарын да айта кетпеске болмайды.

Сал-сал Білек, сал Білек,
Балдан тәтті бал Білек,
Мектепке бар бір мезгіл.
Әжеңнің тілін ал, Білек.

Сал-сал Білек, сал Білек,
Сабағыңа бар, Білек
Қыдыра берме қалтиып,
Етегіңмен қар күреп.

Сал-сал Білек, сал Білек,
Сұлу таңдай тал Білек,
Оқып-оқып бір асқан
Ғалым болып қал, Білек.

Жас бөбекті оқуға үгіттеген осы шағын өлеңнің тілге жеңіл, оқуға, жаттауға ыңғайлы, әрі сондай көркем жазылғандығына танданбасқа болмайды!

Мағжан шығармаларындағы ағартушылық бағыт оқу-білімге үндеумен ғана шектеліп қалмайды. Мысалы, «Әдемі қыз» өлеңінде ауыл бойжеткеніне моральдық тазалықты сақтай білу қажеттігін ұғындырса, «Жас келін» атты өлеңінде ұлттық ізгі дәстүрлердің бәрі сақталып, әдеп пен инабаттылық аяқасты болмауына шақырады.

Бұл текті жырларының қайсысынан болсын Мағжанның биік парасаты, кемеңгер ойы мен шалқар білімінің лебі еседі.

Өзінің «От» атты өлеңінде ол:
Жарқырап от боп туғаннан,
Белімді бекем буғаннан,
Қараңғылық – дұшпаным.
Сол жауызды жоюға,
Соқыр көзін оюға

Талай заулап ұшқанмын, - деп өзінің қараңғылыққа, надандыққа қарсы күрескер позициясын білдіреді.

Мағжан Жұмабаев ағарту ісіне үндеуші ретінде ғана қатыспай, педагогикалық қызметті қайраткерлік тірегінің негізгі саласы етіп қалап алған.

1917 жылы Омбының мұғалімдік семинариясын бітірген Мағжан 1918-1919 жылдары осы қалада қазақ жастары үшін қазақ тілінде ашылған мұғалімдер курсына алғаш мұғалімдік сапарын бастап, тарих және әдебиет пәндерінен сабақ береді; әрі сол курсты басқарады. Осы курста Мағжаннан сабақ алған шәкіртердің бірі – өзіміздің жерлесіміз академик Сәбит Мұқанов. Ондағы оқығаны туралы Сәбең «Өмір мектебінің» екінші кітабында жазған болатын.

1920 жылы Мағжан Омбыдан Қызылжарға көшіп келген мұғалімдер курсына басқарады. Әрі осы курста педагогикадан және қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Сонымен қатар сол кезде Қызылжарда жұмыс істеген «Қазақ-татар клубында» жастарға өз өлеңдерін оқиды.

Губерниялық «Бостандық туы» газетінде қызмет істеп жүріп өмірге белсене араласады. Әсіресе оқу-ағарту ісіне ден қояды. 1921 жылғы «Бостандық туы» газетінің 5-санында Мағжан «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» атты мақаласын жариялады. Онда мынадай ғажайып сөздер бар:

«Әр ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтіп, даярлайтын мектебін де салмақ... Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасак, келешегіміз күңгірт».

1921-1926 жылдары Мағжан Республика көлемінде мектептердің жұмысын жолға қоюға ат салысады. 1922 жылы Орынборда оның «Педагогика» атты кітабы шығады. Сол жылдары «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы», «Бала тәрбиелеу жолдары», «Сауатты бол» сияқты оқулықтары мен методикалық құралдары шығады.

1922 жылы Ташкентке келіп онда қазақ қырғыз студенттеріне сабақ бергенін, әрі қазақ-қырғыз білім комиссиясының мүшесі ретінде қыруар іс бітіргенін, одан кейін 1923-27 жылдары Москвада әдеби-көркем институтында оқи жүріп, сондағы Күншығыс еңбекшілерінің университетінде сабақ бергенің жоғарыда айттық.

1927 жылы Москвадан Қызылжарға қайтып келген Мағжан әуелі Бурабайдағы орман шаруашылығы техникумында орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Келесі жылы Қызылжардағы педагогикалық техникум мен кеңес-партия мектебінде сабақ береді.

1936 жылы Карелия лагерінен айдаудан келген Мағжан алдымен жазды күнгі облыстық мұғалімдер курсына орыс әдебиетінен дәріс оқиды. Содан кейін Қызылжардағы № 5-ші Пушкин атындағы орталау мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Ол туралы жоғарыда айттық. Бұл оның ең соңғы педагогтік қызметі еді.

Сөйтіп, қазақ әдебиетінің классигі, ұлы ақын, ардақты азамат, білімді педагог Мағжан Жұмабаев өзінің қысқа да қысталаң өмірін туған халқының қараңғылықтан, надандықтан арылып, алдыңғы қатарлы елдер санатына қосылуы жолындағы күреске бағыштады. Ол өзінің өлеңдерінде оқу-білімді, өнерді насихаттады. Өзі де әрдайым ізденіп, оқып сол кездегі ең білімді адамдардың қатарында болды. Және өз білімімен кейінгі толқын жастармен бөлісті. Ол ақындығымен қатар ағарту, педагогика саласында қызмет жасады, ғылыми еңбектер жазды. Оның бұл еңбектері осы күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Олар қазіргі ұстаздар мен ағарту саласында істеп жүрген барлық қызметкерлерге өз пайдасын тигізуде. Оның шығармалары жас ұрпақты тәрбиелеу

жолында қазақ қауымына әлі талай еңбек етері сөзсіз.

Өкінішке орай, ұлы ақынның шығармалары біздің қолымызға әлі түгел тиген жоқ. Әзірше қолда бары 1989 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан ақын шығармаларының бір томдығы мен 1992ж. «Ғылым» баспасынан шыққан «Таңдамалысы» ғана.

Ақынның «Педагогика» атты кітабы алдында «Жұлдыз», “Балабақша және үйелмен” журналдарында жарияланып еді. Енді ол осы “Таңдамалыға” кіріпті, биыл «Ана тілі» баспасынан М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығы жеке кітап болып шықпақшы. Және ол кітап жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарында халық педагогикасының негізінде өтілетін болады. Бұл да бір жақсылық нышаны. Мағжан туралы оның өмір жолы мен шығармашылығы туралы әр қилы мақалалар мен зерттеулер қазақ газет журналдарында 1989 жылдан бері басылып келеді. Бірақ Мағжан туралы әлі де білмейтініміз көп. Енді алдымызда өткізілгелі отырған оның 100-жылдық мерейтойына қарсы біраз деректер шығуы мүмкін. Сондықтан облыс педагогтары мен ағарту саласының қызметкерлері ізденіп, ұлы ақын туралы әрбір жаңа деректі мұқият оқып танысулары керек.

МАҒЖАН ҚЫЗЫЛЖАРДА

Біздің атақты жерлесіміз, ақиық ақын Мағжан Жұмабаев өзінің қысқа өмірінде бірсыпыра қалаларда болды. Дегенмен Қызылжар қаласында ол бәрінен де көбірек болды, шығармаларының көбін осы қалада жазды. Оның махаббаты да осы қалада тұтанып, лаулады.

Ең алғаш 1905 жылғы күзде 12 жасар Мағжанды әкесі Бекен Қызылжардағы «шалақазақ» медресесіне оқуға береді. Бұл медресе ол кезде осы күнгі «Восход» қонақүйінің орнында болған. Ал осы күнгі облыстық Кеңес тұрған ғимараттың орнында Қуанышев, Жалтыров сияқты қала байлары салдырған мешіт болған. Медреседе Стамбул университетін бітіріп келген Мұхаметжан Бекішев және оның туысы Ғазиз Бекішев сабақ берген. Мұнда діни сабақтармен қатар араб, парсы, түрік тілдеріне, шығыс елдерінің әдебиеті мен тарихына көп көңіл бөлінген. Мағжан бұл медреседе бес жыл оқып, оны 1910 жылы үздік бағамен бітіріп шыққаны белгілі.

Медреседе оқып жүрген жас Мағжан шығыс әдебиетінен, әсіресе поэзиясынан еркін сусындаған. Сонымен бірге ол сол кезде ел арасында қазақ тілінде көп тараған өлең-жырларды, қиссалар мен батырлар жырын, ертегілер мен әңгімелерді тыңдап оқып жүрген.

Оның үстіне 1909 жылы Уфа мен Петербург баспаханаларынан шыққан Абайдың өлеңдер

жинағын, Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалын», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағын» оқып, ой өрнегінен өткізген.

Міне, осының бәрі талантты жас Мағжанды толғандырмай қойған жоқ. Мағжан да өлең жаза бастады. Оның алғашқы өлеңдері өзінің туған жеріне, оның тамаша табиғатына, даласы мен қаласына арналады.

Жас ақынның алғашқы өлеңдерінің бірі «Айда атыңды, Сәрсенбай». Мұнда ол 1910 жылғы көктемде медресені бітіріп қаладан ауылына бара жатқандағы көңіл күйін суреттейді, қала мен ауылдың айырмашылығын көрсетеді. Қазақтың кең даласында саф ауасын жұтып еркін өскен жас өскін қаланың қапас ауасынан, ызындаған у-шуынан қашады, сағынған ауылына асығады:

Шу-шу-шу...

Әттең ғана бір оқу!

Келмес едім қалаға.

Қарашы кейін бұрылып:

Таудай болып созылып

Қала бір жатқан дәу пері

Айналасы – тұман, түн,

Демалысы – от, түтін

Жарқ-жүрқ етер көздері

Сөзі у-шу, ыңда-жың,

Сасық иіс ауыр тым

Тұншықтым ғой, құдай-ай!

Кейін қарап нетеміз?

Ауылға қашан жетеміз?

Айда атыңды, Сәрсенбай!

Немере інісі Ғаділша Қаһармановтың айтуынша, Мағжан 1910 жылы жазда Медресе Ғалияға оқуға түсу алдында Қызылжардың қалалық кітапханасында күнімен дайындалып, өзі тұрған Хәрім нағашысының үйіне кешке бірақ келеді екен.

Сол жылғы күзде Мағжан өзімен бірге «шалақазақ» медресесін бітірген Бекмұхамбет Серкебаевпен бірге (белгілі халық артисі Ермек Серкебаевтың әкесі) Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Бірақ Мағжанның білім деңгейінің тереңдігін байқаған татардың атақты жазушысы Ғалымжан Ибрагимов оған бұдан басқа жерден оқуға кеңес береді. Сөйтіп Мағжан сол жылғы қараша айында еліне қайтып келеді.

Бұл кезде өзінің «Оян, қазақ!» атты кітабы үшін патша өкіметінің қуғынынан қашып жүрген Міржақып Дулатов Қызылжарға келіп паналаған еді. 1910 жылдың аяғы мен 1911 жылдың басындағы қыста Мағжан сол Міржақып Дулатовтан орыс тілі мен әдебиетінен дәріс алады.

Сол кезде қазақ қауымына белгілі ақын, публицист, қоғам қайраткері Міржақып Дулатов жас Мағжанның ақындығын жоғары бағалайды және оның өмірге, қоғамға көзқарасының дұрыс бағытта екеніне көзі жетеді. Оны Міржақыптың өзінің ағасы Асқарға жазған хатынан байқаймыз. «...Осы қалаға келгелі орысша оқытып жүрген

шәкіртім Мағжан Жұмабаев сынды ақыным бар. Оның менен жасы кіші, жазған өлеңдері тамаша, ақындығы күшті, өте дарынды жігіт. Екеуміздің өмірге деген көзқарасымызда айырмашылық жоқ десемде болады, сырласып, достасып кеттік».

1912 жылы Мағжанның бір топ өлеңдері «Шолпан» деген атпен Қазан қаласында басылып шығады. Бұл жинаққа кірген өлеңдердің басым көпшілігі әрине Қызылжарда жазылды. Мұндағы өлеңдердің көпшілігі туған жер табиғатын суреттейді, ақынның туған халқының жағдайын көріп, оған жаны ашитынын көрсетеді. Ақын халқын надандықтан арылып оқу оқып, өнер-білімді меңгеруге шақырады.

1910-1913 жылдары Мағжан қазақтың сол кездегі белгілі қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтан көп үлгі алады. Осы үлкен дарынды адамдардың ықпалымен Мағжан орыс тілін жете үйренуге, еуропалық білім алуға ұмтылады, сөйтіп ол 1913 жылы Омбы қаласындағы мұғалімдік семинарияға оқуға түседі. Оны 1917 жылы үздік бағамен бітіріп шығады.

Әрине, Мағжан жазғы демалыс айларында Қызылжарға соғып тұрған. Ал 1920-1922 жылдары ол Қызылжарда орнығып қызмет жасаған. Бұл жылдары Мағжан өмірінде қиыншылықтар көп болды. Бір кезде Мағжанның «Алаш» үкіметінің мүшесі болғаны белгілі (орталығы Омбыда болған). 1919 жылғы 4 сәуірде Бүкілроссиялық атқару

комитеті (ВЦИК) «Алашорда» партиясының басшыларына кешірім жасады.

Мағжан 1920 жылы Омбыдан Қызылжарға көшіп келген мұғалімдер даярлайтын курста әрі директор, әрі қазақ тілі мен әдебиеттен және педагогикадан сабақ беретін мұғалім болып істеген. Кейінірек ол «Бостандық туы» газетінің қызметкері болып тағайындалады.

Мағжан жаңа өмірге белсене араласады. Ол өлең-жырмен ғана шектеліп қалмай, өмірдің әр саласын қамтитын мақалалар жазады. 1921 жылы «Бостандық туы» газетінде оның «Бірінші Май мейрамы», «Сайлау», «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз», т.б. мақалалары жарық көреді.

Сонымен қатар сол кезде Қызылжарда қазақ-татар жастарына арналған «Қазақ-татар мәдени клубы» жұмыс істейді. Оны ұйымдастырушылардың бірі Мағжан болады. Бұл клуб осы күнгі Совет көшесінде Мемлекеттік банктің жанында Сақау Баймағамбет деген байдың сол кезде конфискаланған бір қабатты қызыл кірпіштен салынған үйінде жұмыс істеген. Клуб жұмысына жазушы Мәжит Дәулетбаев, Оспан Қашағанов, Тауфик Бердіғожин, Жәмшит Нұрмұхамбетов және қыз-келіншектерден Қадиша Жаналдинова, Зылиха Серкебаева (Ермек Серкебаевтың шешесі), Әмина Қуанышева, Жамал Тастемірова, Гүлшира және Әшишарап Жалтыровалар, Зылиха Құрманбаева (Мағжанның

болашақ әйелі), т.б. белсене қатысады. Бұлармен бірге татар жастарынан Хабсалямов Вали, Рахимов Шарифолла, Богданов Саид белсене қатысқан.

Әрине, Мағжан бұл кезде әлі де большевиктер партиясының жалаң үгітіне ермей, халықты тапқа бөлмей жалпы қазақ қауымының жағдайы туралы жазды, «қазақ-татар мәдени клубында» да осы тектес өлеңдері мен поэмаларын оқыды. Қазақтың сол кездегі тұрмысына көңлі толмай, оның өткен тарихына көз салып, жастардың санасына қазақтың өткен хандары мен батырларын, бұрынғы еркін тұрмысын кіргізгісі келді. Бірақ бұл кезде бұлар туралы ашық жазуға болмайтын еді. Сондықтан ол өзінің атақты Кенесарының баласы Сыздық батыр туралы поэмасын «Ертегі» деген атпен шығарған. Бұл поэмасын ол әуелі «Қазақ-татар мәдени клубында» оқып, кейінірек «Бостандық туы» газетінде басып шығарған.

«Ертегінің» бастапқы жолдарынан-ақ біз Мағжанның сол кездегі аяулы да ауыр жағдайдағы көңіл күйін көреміз:

Бүгін жаным өртке оранған жанға ұсап,
Бүгін жаным тым аңсады от құшақ,
Жынды жүрек тығылады аузыма,
Тілім-тілім тілсе келіп у пышақ.
Күңіреніп күрсін де, алаш, тыңдай бер,
Ертегі айтады дертті балаң Жәжекең...

Ақынның көңіл-күйінің мұндай болуының себебі мол еді. Кеңес үкіметі «Алаш орда» мүшелерін кешіргенмен жергілікті жерде Мағжан шығармашылыққа еркін беріле алмады. Оның әр сөзіне, әр өлеңіне сол кездегі тапшыл ақын, жазушылар мен саяси қайраткерлер күдіктене қарады, оны алашордашыл, байшыл, ұлтшыл, үкіметке қарсы адам деп көзге шұқып отырды. Оны мұғалімдер даярлайтын курстан аластады. Міне, осының бәрі нәзік жанды сезімтал ақынға өте ауыр тиді. Сондықтан оның осы кезде жазған өлеңдері уайымшыл болды.

Мәселен, «Алдамшы өмір» деген өлеңінде ақын:

Алдамшы өмір ылғи ғана у береді,
Өмір шіркін шамдай ақырын сөнеді.
Қара қайғы қалыңдады тым бүгін,
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді...

Өмір шіркін бықсып ақырын сөнеді
Үміт шіркін тотығады, өледі.
Өлді үміт, менде ұзамай өлемін,
Соққы жеген сорлы жүрек біледі – дейді.

Осы сарында Мағжан бұл кезде «Жан сөзі», «Ой», «Күзді күні», «Мені де, өлім, әлдиле», «Болса гүлсіз» сияқты өлеңдерін жазған. Мысалы, «Ой» деген өлеңінде ақын:

Ой улады – жаным ессіз, жаным мас,
Ой улады – жүректе зар, көзде жас.

Ой улады – көмір болды жүрегім,
Ой улады – сарғаямын, сөнемін – деп
қайғырады.

Бірақ бұл айтқандардан Мағжан өне бойы осындай сары уайымда ғана болды, оның сол кездегі өмірінде ешқандай қуаныш, ешқандай жарық сәуле болмады десек зор қателесер едік. Осы 20-шы жылдардың басында оның шабытын жандандырып, ақын жүрегімен тамаша махаббат жырларын тудырған уақиғалар да болды.

1920 жылдың көктемінде Гүлсім Камалова деген жас келіншек сонау Башқұртстаннан Қызылжарға көшіп келеді. Ол Мағжан басқарған мұғалімдер курсіне математикадан сабақ беретін мұғалім болып орналасады. Міне, осы кезде Гүлсім мен Мағжан арасында махаббат оты лаулайды. Мағжан Гүлсімге арнап «Гүлсім ханымға», «Гүлсімге», «Г-ге», «Сүй, жан сәулем», «Тірілдім», «Айрылғанда» деген махаббаттық лиризмге толы тамаша өлеңдерін жазады.

Мәселен, Гүлсімге арналған ең бірінші «Гүлсім ханымға» атты өлеңі:

Бота көз, сиқырлы сөз, Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын
Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?! – деп
басталады.

«Тірілдім» деген өлеңінде ақын қиын кезеңде сары уайымда жүргенде махаббат күшімен қайта тірілгенін сөз етеді:

Сансыз күндер ой астына көмілдім,
Қор болып ем
Жаспен жасып, оймен азып-тозып ем,
Өліп едім, бүгін тағы тірілдім...

«Сүй, жан сәулем» деген өлеңіндегі мына жолдар махаббаттық лириканың биік шыңы десек қателеспеспіз:

Шашың қара, денең – ақ бұлт, жүзің – ай,
Тісің меруерт, көзің, сәулем, құралай.
Ләззат, рахат, бақыт – бәрі қойныңда,
Сұрамаймын енді ұжмақ – жақсы жай!

Мағжан осы 20-жылдың басында бұлардан басқп да жүрегін жарып шыққан махаббатты жырлаған өлеңдер жазды. Мысалы: «Жәмила», «З-ға», «Р-ға», «Махаббат не?», «Төгілген шашы», «Хор сипатты қарындас», «Сүйгенім анық», «Күміс нұрлы сен сұлу», т.б.

Мағжан Зылиха Құрманбайқызымен алғаш «шалақазақ» медресесінде оқып жүргенде танысады. Одан кейін де кездесіп жүреді. Ақыры 1920-1921 жылдары бұлар бірін-бірі түсініп ғашықтық оты қайта қозғалады. Бірақ қосылып семья құруына Қызылжарда мүмкіндік болмағандықтан бұлар 1922 жылғы күзде Челябі арқылы Орынборға барып семья құрып, одан

Ташкентке барып орнығады. Бұл туралы Ғаділша Қаһарманов толық жазған болатын.

Мағжанның орыс ақын, жазушыларының шығармаларын көп оқығаны белгілі. Ол әсіресе Пушкинді, Лермонтовты,, Фетті, Блокты ұнатып оқыған. 1921 жылы Блок қайтыс болғанда Қызылжар қаласында Мағжан «Александр Блок» атты өлең жазған.

Мағжан 1911-1922 жылдары орысшадан және арабшадан 15 шақты өлеңдер аударыпты. Меніңше, олардың көпшілігін ақын осы Қызылжар қаласында аударған. Бұлардың ішінде Лермонтовтан, Кольцовтан, Гетеден, Гейнеден аударған өлеңдер бар.

1922 жылы Орынбор қаласында жарық көрген Мағжанның әрі оқулық, әрі методикалық сипатты «Педагогика» кітабы де Қызылжарда жазылған. Бұл туралы осы кітаптың алғы сөзінде автордың өзі былай дейді: «Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсына оқылған дәрістерден түзілген еді. Бұл күнге шейін басылып шығып, жарық көре алмады. Бұл айып менікі емес, бүлінген замандікі».

1927 жылы Мәскеудегі В.Брюсов басқарған көркем әдебиет институтын бітірген Мағжан туған еліне қайта оралады. Сол жылғы күзден бастап ол Қызылжардағы Ақмола губерниялық партия-совет мектебінде және қазақ педтехникумында қазақ және орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді.

Көп жыл бойы облысымызда партия, совет және шаруашылық органдарында қызмет атқарған, қазіргі кезде Көкшетау қаласында тұратын дербес зейнеткер Ыбыраев Өмірбайдың айтуынша 1927-1929 жылдары ол осы мектепте Мағжан Жұмабаевтан дәріс алған. Бұл мектеп осы күнгі облыстық аурухананың жаңа корпусының орнында соңғы кезге дейін болған ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумының үйінде орналасқан екен. «Мағжанның сабағын біз ұйып тыңдайтын едік, - дейді Өмекең, - Мағжан екі сөзінің бірінде: жігіттер, сіздер кітапты көп оқыңыздар, көп оқысаңыздар, көп білесіздер, халыққа пайдаларыңыз тиеді дейтін. Мағжан өте көркем, сал жігіт еді. Киімі өте таза болатын. Басынан жазда шляпа, қыста бөрік түспейтін. Қолына сәндікке әдемі асатаяқ (тросточка) ұстап жүретін».

Мұсылманов Қайыр – көкшетаулық. Көп жыл Көкшетау аудандық. Қарағанды облыстық оқу бөлімдерін басқарған. Осы кісі 1990 жылы 86 жасында жазған естелігінде былай дейді: «Мен Мағжаннан оқыған кезімде ол маған алыптай көрінетін, ал мен оның қасында жай бір мегежін сияқты көрінетінмін. Сол кезде оған қызығып, шіркін Мағжандай болар ма едім деген сезім болатын.

Мен сол совпартшколаға түсерде Мағжан кішкентай ғана диктант жазғызды. Әлі есімде: «Ор

айнала үріп жүрген итті көрдім, үріп еді, ұрып жібердім», - деп жаздырды. Сол кездегі емле бойынша: ор, ер, ұр, үр деген сөздерді бір сөйлемге сыйғызған екен. Осыдан бірінші әсер алдым. Бұдан кейін «Жыл құсы» журналына жазылған оның өлеңдерін үзбей оқу, кейбіреулерін жаттап алу әдетіме айналған еді».

Осы совпартшколаны жерлес ақынымыз Ғалым Малдыбаев 1927 жылы бітіріп, одан кейін біраз жыл «Бостандық туы» газетінің редакциясында қызмет істепті. Мағжаннан тікелей оқымаса да, онымен бір қалада тұрғандықтан және екеуі де ақын болғандықтан олар сол кезде жиі кездесіп әңгімелесіп жүргендері хақ. Өттең не керек, Ғалекең де бұл дүниеден өтіп кетті! Мағжан туралы ол кісінің құнды естеліктерін біз ести алмай қалдық!

Ал қазақ педтехникумына келсек, 1927-1929 жылдары Мағжан Жұмабаев сабақ берген кезде оның директоры Уфадағы «Ғалия» медресесінің түлегі Бейімбет Майлинмен, Сайфи Құдашпен бірге оқыған Жиенғали Төлепбергенов еді. Сондықтан Мағжан мен Жиенғалидың ой бөлісетін ортақ әңгімелері болғаны сөзсіз.

Мағжанның алдынан осы кезде 16 жасар Зағипа Садуақасқызы Тіналина оқыған. Ол Мағжанға ғашық болған. Бұл туралы Ғаділша Қаһарманов толық жазған болатын («Ленин туы», 6 қазан, 1992ж.).

Осы кезде Мағжан көп ойланып, көп толғанып партияның тапқа бөлу әдісін қабылдап, осы тұрғыдан өлеңдер жазады. Тіпті сол 1927 жылы республикалық «Еңбекші қазақ» газетінің 17-ші тамыздағы санында «Тоқсанның тобы» атты шағын поэмасын бастырып шығарады. Бұған дейін Мағжан өлеңдерінде қазақты тапқа бөлу болмайтын. Ол өлеңдерінде барлық қазақ ұлтына жаны ашып, барлық қазақты отаршылыққа қарсы күреске шақыратын. Мәскеуде үш жарым жыл болып келген Мағжан Кеңес үкіметінің ыңғайына көшіп халықтың көпшілігін құрайтын кедейлер жағын қолдайтынын білдіреді. Бұл поэмасында Мағжан оларды «Тоқсан» деп азынаулық байларды «оңға» теңейді.

Жырладым елді жалпылап,
Жасырман жүзді жақтадым.
Тоқсанға енді тоқтадым,
Толғанып, ойлап, талқылап...
Тоқсаннан сонау он аулақ
Сонау оннан мен аулақ,
Мен тоқсанмен біргемін.

Поэмасындағы осындай сөздермен Мағжан саяси бетін түзеп өз творчествосының жаңа бетін ашты. Бірақ тағдыр бұл беталысымен қалам тартуға жазбады. Ел басын сталинизмнің қара бұлты торлай бастады. Оның көлеңкесі алдымен халқымыздың Мағжан сынды боздақтарына түсті. 1929 жылғы шілденің басында Мағжан

Қызылжардағы үйінде тұтқынға алынды. Ол Қызылжардан Алматыға, одан Мәскеудегі Бутырка түрмесіне, одан он жылға концлагерге кесіліп Карелия ормандарына айдалады.

1936 жылы жазда А.М.Горькийдің және оның әйелі Е.П.Пешкованың көмегімен Мағжан айдаудан мезгілінен бұрын босанып шығып Қызылжарға келеді. 1936-1937 оқу жылынан бастап ол қаладағы № 5 Пушкин атындағы орталау мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді.

Бұл кезде ақын шын көңілден «Социалистік еңбек еліне» қызмет етпек болады. Осы ниетте ол не күн туса да айнымаймын деп «Қаламыма», «Жамбылға» деген өлеңдер жазады. Мысалы, «Қаламыма» деген өлеңінде ақын:

Осы бетім – ақ ниетім, келдім бастап,

Жанымнан бар жараны сылып тастап.

Еңбекші ел, ашуы – ұшан, мейірімі мол,

Жанымды тарттым саған жалаңаштап, - деп ағынан жарылады. Бірақ ақынның бұл толғанысын кеңес үкіметінің өкілдері тыңдамайды. Жазушылар одағы да оны қабылдамайды. Оның есесіне НКВД қайта-қайта тексеріп маза бермейді. Ақыры 1937 жылғы қаңтардың аяғында оны мектепте істеп жүрген қызметінен босатып шығарып жібереді. Жұмыссыз қалған Мағжан Алматыға кетуге мәжбүр болады. Бірақ оған Алматыда жұмыс берілмейді, берілген күнде де ұзатпай шығарып

жібереді. Ақырында сол 1937 жылдың 30 желтоқсанында ол тұтқындалады, 1938 жылғы 19 мартта атылады. Бұдан кейін «халық жауы» деп танылған ақынның есімін де, шығармаларын да атауға тыйым салынды. 1960 жылы Мағжан ақталса да, оның шығармаларын жарыққа шығаруға рұқсат берілмеді. Тек 1988 жылдың аяғында ғана Мағжан шығармаларын жарыққа шығаруға, оларды оқуға рұқсат берілді. Содан кейін ғана Мағжан еліне қайта оралды.

Республикамыздың барлық халқы сияқты Қызылжар жұрты да ұлы жерлесінің елге қайта оралуын зор қуанышпен қарсы алды. Қызылжар қаласындағы өзі бұрын қызмет атқарған бұрынғы «Бостандық туы» – «Ленин туы» (қазір «Солтүстік Қазақстан») газетінің редакциясының қабырғасына Мағжанға ескерткіш тақта орнатылды. Қаладағы бұрын 1-ші және 2-ші Коммунистическая деп аталатын көшелерді біріктіріп, осы ұзын көшеге Мағжан Жұмабаев аты берілді. Осы көше мен Интернационал көшесінің қиылысындағы үлкен алаңға Мағжан алаңы деген ат берілді. Осы алаң туралы жергілікті ақын Зейнолла Әкімжанов «Мағжан алаңы» деген өлең жазып шығарды («Ленин туы», 22.09.1990ж.). Онда мынадай тамаша жолдар бар:

...Жарасады-ау бұл алаң ұлы адамға,
Енді Мағжан бейнесі тұрады онда:

Жүрегінде толқындап ақық өлең,
Дана Мағжан жүргендей бұл алаңда.
...Ұлы Мағжан оралды Алашына,
Жаңғырумен жүрегі, жүзінде өлең.
Қазақ асыл – Мағжандай данасымен,
Мағжан асыл-аяулы Алашымен.

Ғасырларда мәңгілік аты қалар
Армандағы Алаштың баласымен.
...Қызылжарда алаң бар, Алаш ұлы
Аялаған Мағжанның атындағы!
Мағжанның 100 жылдық мерейтойы кезінде
осы алаңның қақ ортасында ақынның ескерткіші
ашылды.

МАҒЖАН ОМБЫ ҚАЛАСЫНДА ("Солтүстік Қазақстан" 7.06.2006)

Мағжан Жұмабаев Қызылжардағы Мұхамеджан Бегішев басқарған медресені бітірген соң Уфа қаласындағы әйгілі «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Сонда оқып жүріп 1910 жылы демалысқа елге келгенде Қызылжарда сот кеңсесінде тілмаштық қызмет істеп жүрген Міржақып Дулатовпен кездеседі. Бұл Міржақыптың атақты «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағын шығарғаннан кейін патша тыңшыларынан бой тасалап, осы қалаға келген кезі болатын. Міржақып Мағжанның өлеңдерімен танысып, оның

дарынды ақын болғалы тұрғанына көзі жетеді және оның Шығыс поэзиясын жақсы меңгергенін байқайды. Дегенмен енді оның европалық білім алуына кеңес береді. Өзі оған орыс тілінен дәріс беріп, Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың шығармаларымен таныстырады.

Медресенің оқытушысы, белгілі татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимов та: «Мағжан, сенің біліміңмен бұл медреседе оқудың қажеті шамалы, сондықтан сен басқа оқу ізде», - деп ақыл қосады. Осындай екі бірдей білімпаздың кеңесінен кейін Мағжан Европа мәдениетімен жақынырақ танысып, білімін көтеру үшін 1913 жылғы күзде Омбы қаласындағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Бұл семинария осы қаладағы баяғы Шоқан оқыған кадет корпусынан кейінгі екінші әйгілі оқу орыны болатын. Мұнда ол кезде А.П. Васильев, И.В. Волков, А.И. Покровский, А.В. Россихин, А.Н. Седельников сияқты білімді ұстаздар сабақ беретін еді. Мысалы, география пәнінің оқытушысы Александр Никитич Седельников сол кездің өзінде оңтүстік-сібір қазақтарының өмірі мен тұрмысын зерттеп жүрген белгілі ғалым, орыс география қоғамының мүшесі болатын.

Семинарияда Мағжан мен бірге әр класта Сәкен Сейфуллин, Нығмет Нұрмақов, Әбдірахман Байділдин, Таутан Арыстанбеков, Бекмұхамбет

Серкебаев (Халық әртісі Ермек Серкебаевтың әкесі), т.б. қазақ жастары оқиды.

Семинария қабырғасында Мағжан қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың досы Г.Н. Потанинмен кездеседі. Алғашқы кездесулерден-ақ ол Мағжанның біліміне, алғырлығына сүйсініп, оны «Болашақ Шоқан» деп атайды. Оның бұл болжамы келді де. Мағжан семинарияда үздік оқып, Потанин атындағы арнайы стипендия алып тұрды. Соңынан әйгілі ақын, түркітанушы, әдебиетші, тарихшы, лингвист, ұстаз болды. 1917 жылғы жазда семинарияны алтын медальмен бітірді.

Мағжан семинарияда оқып жүріп, туған халқын ағартуға, мәдениетін көтеруге бағытталған істерге белсене қатысты. Ол 1914 жылы құрылған Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымының белсенді мүшелерінің бірі болды. Ол ұйым мүшелерінің қатарында Омбының әр түрлі оқу орындарының оқушылары: Сәкен Сейфуллин, Нығмет Нұрмақов, Әбдірахман Байділдин, Таутан Арыстанбеков, Асылбек Сейітов, Мұсылманбек Сейітов, Қошке Кемеңгеров, Смағұл Сәдуақасов, Ғаббас Тоғжанов, Ахмет Баржақсин, т.б. болды. «Бірліктің» басқарушысы Шәймерден Әлжанов еді. Бұл ұйым өзінің алдына мәдениетін, өнерін, әдебиетін көтеру арқылы қазақ халқының ұлттық санасы мен сезімін оятуды мақсат етті. Осы мақсатқа жету үшін ауыз әдебиеті үлгілерін жинап,

оларды бастырып шығаруды, ауыл мектептерін оқулықтармен қамтамасыз етуді, қаражатқа мұқтаж оқушыларға көмек ұйымдастыруды қолға алды. 1916 жылы «Балапан» атты қолжазба журнал шығарып тұрды. Оның редакторы Қошке Кемеңгеров болды. Осы журналдың шығуына арнап Мағжан «Балапан қанат қақты» атты аллегориялық туындысын жазды. Қара сөзбен жазылған бұл өлеңінде ақын көзі қарақты оқушыға «Балапанмен» бірге жаңа еуропалық бағыттағы әдебиеттің туғанын айтуды мақсат еткен.

«Балапан» заманында ауызға ілініп, жастарға көрсеткен оның қызметі көп болды», - деп жазды «Бірліктің» белсенді мүшелерінің бірі – Смағұл Сәдуақасов. Өкінішке орай, бұл журналдың бірде-бір саны әлі табылған жоқ.

Мағжан өстіп әрі оқуын оқып, әрі өлең жазып, түрлі қызмет атқарып жүргенде, 1917 жылғы ақпан төңкерісі келіп жетті. Сол тұстағы қазақтың бір шоғыр демократ, ағартушы зиялы өкілдерімен бірге Мағжан да бостандық туды, халқымның бағы ашылды деп қуанышқа бөленді. Ол Омбы қаласында 1917 жылғы сәуірдің 25-інен мамырдың 7-сі аралығында өткен Ақмола облыстық қазақ съезіне қатысты. Бұл съезге Омбы облысына (ол кезде Ақмола облысы деп аталатын) қарайтын Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы, Петропавл уездерінен 250 делегат қатысты. Оған Орынбордан арнайы келген Міржақып Дулатов қатысты. Съезде

Қазақстанның барлық аймақтарында қазақ комитеттерін құрып, билікті қолға алу, жалпықазақтық съезд өткізу, жалпыресейлік мұсылмандар съезіне делегаттар сайлау, т.б. мәселелер қаралды. Онда он адамнан Ақмола облыстық қазақ комитеті құрылды. Олардың ішінде Мағжан да бар. Съездің соңғы мәжілістерінде Мағжан болған жоқ, өйткені ол 1-11 мамыр аралығында өтетін Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысуға Ақмола облысының делегаты ретінде Мәскеуге жүріп кеткен болатын.

Мағжан Орынбор қаласында шілде айында өткен 1-ші Бүкілқазақтық съезге және желтоқсан айында өткен 2-ші Бүкілқазақтық съезге қатысады. Осы кезде ол Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат болып және алашорда үкіметінің оқу комиссиясының мүшесі болып сайланады. «Алаш» партиясына кіреді.

Осылай ол «Алаш» партиясының белсенді мүшесі болып жүргенде елде көптеген өзгерістер болады. Қазан төңкерісінен кейін біресе чехтар көтерілісі, біресе Колчак әскері, біресе Совдеп билік құрып тұрған кезде «Алаш» пен «Үш жүз» партияларының айтысы басталады. Осы кезде Мағжан «Алаш» партиясының мүшесі ретінде 1917 жылдың қазан айы мен 1918 жылдың мамыр айының аралығында Омбының түрмесінде отырады. Түрмеде зарығып отырған ақын бірнеше мұңды өлеңдер шығарады: «Түс», «Жан жарымды

бір көрейін түсімде», «Ғазизаға», «Сарғайдым», «Сағындым», т.б.

Соңғы аталған өлеңнің бастапқы шумағы мынадай:

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
“Қарашығым, құлыным!” – деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Бірақ ақын мүлде мойымайды, қайта асқан жігер көрсетіп, былай дейді:

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенім!

Қалың елім, қалын қара ағашым,
Қайраты мол айбынды ер алашым!
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын.

1917-1918 жылдары Мағжандардан кейінгі қазақ жастары да халық азаттығы үшін қызмет атқаруға тырысып Қазақстанның әр жерінде өздерінің ұйымдарын құрып жатты. Мысалы, Қызылжар қаласында «Талап» атты қазақ жастарының ұйымы құрылады. Бірақ, 20-дан астам осы ұйымдардың әрқайсысы өз бетімен жұмыс жасап жатты. Сол жастар ұйымдарын біріктіріп, біртұтас мықты күшке айналдыру мақсатымен «Бірлік» ұйымының мүшелері 1918 жылдың 5-13

мамыр күндері Омбы қаласында жалпы қазақ жастарының 1-ші құрылтайын өткізеді. Құрылтайдың шешімі бойынша, қазақ жерінде бір ғана жастар ұйымы болу керек деп ұсынылды. Ұйымның атын құрылтайшылар «Жас азамат» деп қойды. Ұйымның төрағалығына Ғазиз Мурзин, басқарма мүшелігіне Асылбек Сейітов, Гулия Досымбекова, Әбдірахман Байділдин бекітілді. Смағұл Сәдуақасов ұйымның хатшылығына сайланды. Ұйымның «Жас азамат» атты газетінің редакторы болып Қошке Кемеңгерұлы тағайындалды. Газеттің бірінші саны 1918 жылдың 30-шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрді.

Қазақтың ұлттық баспасөзінің тарихында елеулі орыны бар «Жас азамат» газеті ұлт тәуелсіздігін жақтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті болды. Газеттің алғашқы саны «Жас тілек» деген басмақаламен ашылды. Онда мынадай тамаша сөздер келтірілген: «Жас азаматтың» алтын идеалы, әулие мақсұты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі». Газеттің осы санында «Алаш» партиясы атынан «Алаш азаматтарына!» деген ашық хат жарияланған. Онда Алаш партиясының басшылары жастарға үндеу тастап: «Алаш орда» тігілді, ақ ту көтерілді. Енді әркім шамасына қарай ұлтына қызмет қылуы тиіс» деп тарихи міндет қояды.

Осы санда Мағжан «Мен жастарға сенемін» деген өлеңін бастырады. Бұл өлең сол кездегі қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама іспетті. Өлеңнің беташары ретінде ақын мынадай сөздер келтіріпті:

“Жастар! Алда жүрген Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өрнек алыңдар. Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойлаңдар! Күнді-түні, жақынды-жат, пайданы-зиян деп жүрген, толық саяси хұқықтарын іздеп алуға ер жетіп, есі кірген елді ойлаңдар!” – дейді де өзінің атақты “Мен жастарға сенемін!” деген өлеңін береді. Осы өлеңнің кейбір шумақтарын келтірейік:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!

“Алаш” – айбынды ұраны
Қасиетті құраны.
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүлдерден,
Айбынды Алаш елім дер
Алтын арқа жерім дер
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға!

Алаш атын аспанға

Шығарар бір таңда!

Мен жастарға сенемін!

Осы жолдарды жазған Мағжанның өзі де әлі 25-ақ жаста болатын. Үлкен тебіреніспен жан толқынының қуатынан туған бұл жолдар қазір де өз құндылығын жойған жоқ.

Мағжан 1918 жылдың күзінен 1919 жылдың көктеміне дейін Омбы қаласында қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлайтын екі жылдық курс ашып, өзі соның директоры болды әрі қазақ тілінен, орыс тілінен, әдебиеттен, тарихтан сабақ берді. Осы курста оның алдынан Сәбит Мұқанов та оқыған.

Мағжан үшін 1919 жыл ауыр жыл болды. Осы жылғы 10-шы ақпанда сүйген жары Зейнеп баладан қайтыс болды. Тоғыз айдан кейін одан туып қалған Граждан есімді ұлы шетінеді. Міне, осы кездері ақын көңілі құлазып мұңды, қайғылы өлеңдер жазады. «З-ға» («Зейнепке»), «Баланың қабір тасына», «Мені де, өлім әлдиле» деген өлеңдер осы тұста жазылады. Осындай жағдайда оның үстіне Кеңес өкіметінің алашордалықтарға қарсы жүргізген саясаты жігерін жасытып, ақынды саяси-әлеуметтік ынтасыздыққа, депрессияға соқтырды.

Алайда Мағжан ақын ой мен сезімнің адамы еді. Сондықтан ол өз тұсындағы қазақ қоғамына, замандастарының қалпына бейжай қарай алмады.

Ол аз уақыт құлазыған көңілін қайта көтеріп, азаматтық белсенділігін танытты. 1919 жылдың соңында Кеңес үкіметінің мықтап орныққаны белгілі болғанда, Мағжан өзге зиялы замандастарымен бірге елдікті, ұлттықты сақтаудың жаңа тәсілдерін іздестіреді. Ол енді Кеңес өкіметіне қызмет етуге бет бұрады.

Мағжан 1920-1922 жылдары Омбы, Қызылжарда жүріп, Сібір төңкеріс комитеті мен Қазақ АССР өкілдігінің газеті - «Кедей сөзі» мен Ақмола губерниялық партия комитетінің газеті «Бостандық туымен» тығыз байланыста болып осы басылымдарда қызмет жасады.

Архив деректеріне қарағанда, 1920 жылы Сібір төңкерісі комитеті мен Қазақ Республикасындағы болып жатқан өзгерістерді халыққа кеңінен насихаттау үшін құрамына М. Жұмабаев, Ғ. Тоғжанов, Т. Телжанов, Б. Айбасов, Б. Серкебаев, Қ. Кемеңгеров, М. Сейітов, Қ. Кәкенов, Қ. Фазылов кірген «Кедей сөзінің» әдеби алқасын құрған.

Осы «Кедей сөзі» газетінде Мағжан өз пікірін білдіріп, бірнеше көкейкесті мақалалар жариялаған. Солардың ішінде құнды мақаланың біреуі газеттің 1921 жылғы 12 қаңтардағы №3 (37) санында шыққан «Автономия кімдікі?» деген мақала. Бұл мақалада Мағжан бұрынғы «Алаш» автономиясын құрғандардың жаңа совет автономиясына селсоқ қарап, бұл біздікі емес, «жолдастікі» деуін де, большевиктердің бұл өзгелердікі емес, біздің

автономия деп қорғаштауын да дұрыс саясат деп есептемейді, екі жақты да түсінуге, бірлікке шақырады. Сөйтіп, ол газет арқылы халыққа сөз тастап, қазақтың осы мемлекеттік құрылымын нығайтуға бірлесіп ат салысуға шақырады.

«Автономия кімдікі?» деген сұраққа Мағжан өзі былай деп жауап берді: «Алаш елінің бостандығы ешбір уақыт алаш мырзасының, яки бірлі-жарым жолдастың бостандығы емес. Бостандық елдікі! Автономия елдікі! Аязды күні айналған, Бұлтты күні толғанған, Құрығын найзадай таянған, Қу толағай жастанған, Ер қазақтың автономиясы бұл!». Елдің әр азаматының өзінің бар күшін, қабілетін қазақ мемлекеттігін нығайтуға жұмсауы қажеттігін жан-жүрегімен сезінген нағыз отансүйгіш патриот қана осылай жаза алады.

1921 жылғы 7 наурыздан бастап «Кедей сөзі» енді «Бостандық туы» деген атпен Омбыда шыға бастады. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде 1921 жылы 21 наурызда жазылған №727 анықтама-куәлік сақталыпты. Онда Мағжан Жұмабаевтың «Бостандық туы» газетінің редакция алқасының мүшесі екендігі айтылған (З. Тайшыбай. «Кешегі шешек жарған қазақ гүлі»-«Солтүстік Қазақстан», 5 мамыр, 2003ж.) Ресей Федерациясынан бөлініп, Қазақстан құрамында Ақмола губерниясы құрылып, оның орталығы Петропавл болғаннан кейін «Бостандық туы» осы

қалаға көшкенде де Мағжан оның редакция алқасының мүшесі болып істей береді және 1921-1922 жылдар аралығында бұл газетте де көптеген проблемалы мақалалар жариялайды.

1920 жылы Мағжан ұстаздық және халық ағарту жұмыстарымен де айналысқан. Омбының губерниялық оқу бөлімі (губоно) 1920 жылғы 15 қаңтардан бастап жұмыс істей бастаған екен. Оның қарамағында Омбы, Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Петропавл уездік оқу бөлімдері болыпты («Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві. 254-қор, 1-тізім, 2-іс. Омбы Губерниялық оқу бөлімі мәжілісхаттарының көшірмелері және оның 1920-1921 жылдардағы есептері (отчеты)»).

Ал Омбы облыстық мемлекеттік архивіндегі Омбы оқу бөлімінің құжаттарында Мағжан туралы мынадай мәліметтер кездеседі: «Мағжан Бекенович Жумабаев, 1893г.р., инструктор татаро-киргизской секции подотдела нацменьшинств Омского губоно распоряжением от 10 мая 1920г. за № 4552 откомандирован в г.Петропавловск для организации трехмесячных курсов по подготовке учителей казахских школ». (ООГА, фонд р-318, оп.1, д.73). Бұл құжаттан байқайтынымыз: Мағжан Омбы губерниялық оқу бөлімінде қызмет істеген. Ал Қызылжар қаласына сол оқу бөлімінің бұйрығымен келіп «Қызыл мұғалімдер» курсына жіберілген. Тамыз айында курс жұмысы аяқталғаннан кейін қайтадан сол Омбы

губерниялық оқу бөліміндегі өз орнына барып жұмысын жалғасырады. Осында жұмыс істеп жүргенде оның қызмет дәрежесі өседі. Егер 1920 жылғы 10 мамырдағы құжатта ол татар-қырғыз (қазақ– Қ.М.) секциясының қатардағы инструкторы болса, сол оқу бөлімінің 1920 жылғы қазан айындағы мәліметінде: «Заведующий школьной подсекцией татаро-киргизской секции подотдела нацменьшинств губоно тов. Жумабаев М. в течение октября – декабря в распоряжении Губстатбюро на работах по переписи. Зав. губоно А. Рассолев», - делінген.

1921 жылғы қаңтар айындағы аз ұлттар бөлімінің тізімінде былай көрсетіліпті: «Зав. подотделом нацменьшинств – Арсланов Махмут, зав. школьной подсекцией кир-татарской секции – Жумабаев Мағжан, разъездной инструктор – Айтхожин Сабыр». Ал ақпан айындағы мәліметте: «Жумабаев М. выбыл в Сибстаткомиссию» десе, наурыз айында: «Выбыл в Петропавловск» - делінеді. (Сонда). Яғни Мағжан 1921 жылғы наурыз айынан бастап біржола Қызылжарға көшкен.

Мағжанның өмірінің Омбы кезеңінде (1913-1921 жылдары) бірсыпыра өлеңдер жазып «Айқап» журналы (1915 жылға дейін) мен «Қазақ» газетінде (1913-1918) жариялап тұрды. Ақындық жолдың осы кезеңінде Мағжан Жұмабаев өзінің бетін әжептәуір айқындаған, алдыңғы дәстүрді игере

келе, өз үнін де сездіре бастаған суреткер ретінде танылады.

Мағжан поэзиясының осылай ерте қанаттануына орыс әдебиетінің де үлесі мол. А.Пушкин, М.Лермонтов, В.Фет, К.Бальмонт, А.Блок – қазақ ақынының соншалық сүйіп, ғибрат алып оқыған ақындары. Мағжан орыс әдебиеті арқылы Шекспир, Гете, Гейне сынды дүниежүзі классикасы тудырған әдебиетпен де мейірі қана сусындады.

Қазақтың ақиық ақыны, жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтың Омбы қаласында болған кезеңі (1913-1921) осындай қуанышы да, қайғысы да мол әрқилы жағдайда өткен. Бірақ, бұл жылдар Мағжанның білімін толықтырады, оның шығармашылығын бір саты жоғары көтереді. Оның еліне, халқына жасаған қызметі де өсе түсті.

ҰЛЫ АҚЫН ТАШКЕНТТЕ

1922 жылдың қараша айында ұлы ақын Мағжан Жұмабаев Түркістан Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Тұрар Рысқұлов пен Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Сұлтанбек Қожановтың шақыруымен Қызылжардан Ташкентке келді. 1920 жылы Ресей Федерациясының құрамында Қазақ автономиялы республикасы құрылғанда (орталығы Орынбор қаласы) қазақ жері оның қарамағына

түгел кірмеген еді. Сырдария, Жетісу облыстары Түркістан Республикасының (орталығы Ташкент) құрамында қалып қойған болатын. Орынбор билігінен пана таппаған қазақ зиялылары, әсіресе, бұрынғы "Алаш" партиясының мүшелері Ташкентке жиналды. Түркістан Республикасы басшылығының демократтығын, ұлт мүддесіне тілектестігін пайдаланып Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамедов, Хайретдин Болғанбаев, Мырзағазы Есболов сияқты Алашорда көсемдері осында келді. Ташкент демократтық бағытта шығармашылығын жалғастырған Кеңес үкіметінің жеңілдіктерін ұлт мүддесіне пайдалануға тырысқан қазақ зиялыларының орталығына айналды.

Мағжан келісімен осы қаладағы қазақ-қырғыз ағарту институтына оқытушы болып орналасты. Сонымен қатар, ол осында шығып тұрған "Ақ жол" газетінің және "Шолпан", "Сана" атты журналдардың жұмысына белсене қатысты. Бұл басылымдарда ақын өзінің шығармаларын жариялады. Осында Мағжан өзінің "Түркістан" және "Сырдария" өлеңдер топтамасын жазды. Оларда ақын бұрынғы өткен заманда барлық түрік халықтарының тату-тәтті өмір сүргенін, Түркістанның ертеде Тұран деп аталып, бүкіл түріктерді біріктірген орталық болғанын жырлайды. Бұған дәлел ақынның "Түркістан" атты өлеңіндегі мына шумақтар:

Түркістан екі дүние есігі ғой,
Түркістан ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің тәңір берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Осы өлеңде Мағжан Тұранның жері мен ержүрек ерлерін былайша суреттеп асқақтата жырлаған:

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Keң ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял -
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?

Аталған Түркістан топтамасына ақынның "Түркістан", "Ескі Түркістан", "Ақсақ Темір сөзі", "Алыстағы бауырыма", "Тұранның бір бауында", т.б. өлеңдері жатады. Мағжанның бұл өлеңдері тұнып тұрған сурет. Мысалы, оның "Ескі Түркістан" топтамасындағы "Ескі шаһар" деген өлеңін оқығанда "Қаланың қалың мазарын, мазар сайын сопылары саулатып тұрған ғазалын, мөлиген мешіт ажарын ондағы молдалардың аңыратып салған азанын, ыңғыл-жыңғыл базарын, бүлкілдетіп әр жерде қайнатып жатқан қазанын" көреміз.

Мағжан Жұмабаевтың түрік аламандығын жырлаған тағы бір шағын туындысы "Ақсақ Темір сөзі". Мұнда Әмір Темірдің "Көкте - тәңір, жерде - мен" деген ой-толғанысы дәйектелген. Осылай жиһан жүзін қаймықтырған билеушінің "тұқымы - түрік, заты - от еді", - дейді ақын. Мағжанның Ақсақ Темір тұлғасына оралудағы мақсаты, әрине, түріктерде осындай билеушілер болған деп түрік рухын көтеру екені сөзсіз.

Мағжан Ташкентте жүргенде өзін бостандықта сезініп, зор шабытпен махаббат тақырыбында лирикалық өлеңдер де жазды. Солардың бірі 1923 жылғы қаңтар айында "Сана" журналында жарияланған "Жұлдызды - жүзік, Айды алқа ғып берейін" атты өлеңі. Осы өлеңнің екі шумағын келтіре кетейін:

Келші, көзім, күн бетіңді көрейін,
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.
Кел жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды - жүзік, Айды алқа ғып берейін.

Сөзің - сиқыр, есті тұман басқандай,
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.
Күлкің, күнім, күндей күміс табаққа
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Туған халқын бақытты өмірге жеткізудің жолын таба алмаған Мағжан өзінің бірсыпыра шығармаларында өткен күндерге, ертедегі аңыздардың сюжеттеріне сүйенеді. Соның бірі -

"Қойлыбайдың қобызы" атты поэмасы. Поэмадағы оқиғаның Шоқан Уәлихановтың "Тәңірі" деген (Ш.Ш. Уәлиханов 5 томдық шығармалар жинағы, 1-ші том. Алма-Ата, 1984) мақаласындағы Қойлыбай бақсы жөніндегі мәліметтермен ұқсастығын байқауға болады. Шоқан Қойлыбайды барлық бақсылардың атасы десе, Мағжан да:

Қалың Найман ішінде Бағаналы

Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан, - дейді. Шоқан бір тойда Қойлыбайдың өз қобызын бәйгеге қосқанын айтса, Мағжан поэмасының негізгі оқиғасы да осы бәйге. Бұдан біз Мағжанның Шоқанның 1904 жылы Петербургте шыққан бір томдық шығармалар жинағымен таныс болғанын көреміз. Бұл поэманың біз үшін құндылығы, әсіресе, оның мына соңғы жолдары:

Ертеде ел бар екен қалың Найман,
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан.
Найманның арыстаны батыр Барақ,
Өмірінде жан ба Барақ жаудан тайған?
Жарасқан бай мен биі, батыр, бақсы,
Алыста елестейсің заман қайран!
Айрылдық балпаң басқан батырлардан,
Аузынан уыз төгілген маңғаз байдан.
Құдай-ау, албастының ойнағындай
Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?
Шіркін-ай, кер заманды күл қылар ем,
Бата алсам Бағаналы Қойлыбайдан.

"Қорқыт" поэмасында өмір мен өлім арпалысы, мәңгілік үшін күрес, өнердің өлместікке апарар киелі қасиеті жырланған.

Мағжанның Ташкентте жазып жариялаған поэмаларының ең күрделісі, көркемдік тұтастығы жағынан да, сюжет желісі мен сұлулығы жағынан да ерекше асып тұрғаны - "Батыр Баян". Шығарма халық аузында айтылып жүрген аңыздардың негізінде туған, поэманың басты кейіпкерлері Абылай хан да, Батыр Баян да өмірде болған адамдар. Баянның Абылай ханның сүйікті батыры болғаны да рас. Мағжанның бұл поэманы жазуына Шоқанның әсері болғаны да байқалады. Өйткені, Шоқанның "Исторические предания о батырах ХУІІІ века" деген шығармасындағы (Ч. Валиханов. Собр. соч. в 5-ти томах. Том 1. Алма-Ата. 1984, с. 216) Абылай мен Баянға байланысты айтылған жайлардың көпшілігі поэманың өне бойынан көрініп отырады.

Поэманың тақырыптық арқауы елін қорғаған Абылайдай ел данасының тірегі болған халықтың біртуар ұлдарының бірі - Баян жайлы. Поэмада Мағжан батыр тұлғасын дәріптеп, бар шындық болмысын, батырдың жан күйзелісін шебер келтірген. Поэмадағы оқиға Баян батыр мен оның айналасы, Абылай хан Ноян, қалмақ қызы арқылы өрбиді. Ақын Баян батырдың соғыс өртіндегі сәтін суреттегенде батыр рухының биіктігін барлық құндылықтан жоғары қояды. Баян үшін елдің

мүддесі бәрінен де қымбат. Халқының тағдыры жау табанында басылмауы үшін жан аямай күрескен Баян батыр ерліктің, отаншылдықтың үлгісі.

Поэмадағы ерекше шабытпен жырланған эпизод Баянның қалмақтармен соңғы айқасы. Алапат атыс-шабыс суреті, батырдың сол айқастағы қимылы ешкімді бейжай қалдырмайды. Осындай жан алысып, жан беріскен алапат айқаста Баян бастаған жүз кісіден құралған шағын жасақтың қалмақтың мыңдаған жауынгерлерімен ерлік шайқасын ақын былай суреттейді:

Аз қазақ көп қалмаққа салды тойды,
Көк аспан қара түнек шаңға толды.
Алдаспан ажалменен бәсеке боп
Қанішер қайқы қара қанға тойды.
Қалың қол ортасында батыр Баян
Баянның батырлығы Алашқа аян.
Екі көз екі қызыл шоқ боп кеткен
Аузында көбік болып бұрқырап қан.
Оң-солға алдаспанды сілтегенде
Бұлақтай қалмақ қанын бұрқыратқан.

Поэманың соңғы жолдарын оқып отырып, жүрегінді дір еткізер, мұңға толтырар Мағжан жырының әуеніне елітесің. Сөйтіп, от та, су да, шөл де, жел де, сел де, дала да ер Баянын жоқтап тұрғандай әсерге бөленесің. Иә, бұл поэманы бейжай оқи алмайсың.

Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан

Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.

Арқаның селі, желі, шөлі, белі,

Ерлерді ұмытпаса, елде ұмытпас" – деп Мағжан поэмасын аяқтайды. "Батыр Баян" поэмасы болашақ жас ұрпақты елі мен жерін сүйеге, ұлттық рухын ұштауға тәрбиелейтін тамаша тағылымдық шығарма.

Ташкентте болған кезінде Мағжан әңгіме жазуға да шебер екендігін көрсетті. "Шолпан" журналының 1923 жылғы 4-8 сандарында оның "Шолпанның күнәсі" атты әңгімесі жарық көрді. Бұл әңгімесінде қаламгер сол кездегі қазақ әйелінің трагедиялық ауыр халін көрсеткен.

Мағжан Ташкентте ғылыми-зерттеу мақалалар да жазды. Олар - Ақан сері, Базар жырау, Әбубәкір Диваев туралы ғылыми еңбектері. Ақан сері туралы материалды Мағжан Қызылжарда Ақмола губерниялық аштарға көмектесу комитетінің төрағасының орынбасары болып істеп жүрген кезінде 1922 жылдың жазында Көкшетау уезінде бір ай іссапарда болғанда жинаған. Ташкентке келгесін сол материалдарды сұрыптап, Ақан сері туралы көлемді ғылыми-зерттеу мақаласын "Сана" журналында жариялайды.

Мағжан Ташкентте ХІХ ғасырдың екінші жартысы - ХХ ғасырдың басында өмір сүрген көрнекті суырып салма ақын Базар жыраудың еңбектерін жинап, зерттейді. Нәтижесінде, жыраудың өмірі мен шығармашылығы жөнінде

мақала жазып "Ақ жол" газетінің 1923 жылғы 374-ші санында жарыққа шығарады.

Халықтың әдеби мұрасын жинауға атсалысқан Мағжан сол ұлттық рухани дүниелерді жинаушыларды да кеңінен насихаттаған. Ол әсіресе, сол кездегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің қазақ фольклоры мен этнографиясының оқытушысы, профессор Әбубәкір Ахметжанұлы Диваевтың шығармашылығына көп көңіл бөлді. Әбубәкір Диваевтың фольклоршылық жұмысы қазақ халқының этнографиясын зерттеуімен тығыз байланысты. Оның 1915 жылы жарияланған "Этнографиялық материалдар" атты еңбегі күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ. Ол 45 жыл бойы қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаған. 1923 жылғы 22 наурызда Ташкент жұртшылығы қазақ ауыз әдебиетінің атасы Әбубәкір Диваевтың қоғамдық қызметінің 40 жылдығын атап өтті. Осы тойдан кейін Мағжан Жұмабаев Әбубәкір Диваев жинаған ауыз әдебиетінің үлгілерін құрастырып, "Тарту" деген атпен жеке кітап етіп шығарды және осы жинаққа "Әбубәкір ақсақал Диваев" деген тақырыпта алғы сөз жазды. Онда мынадай сөздер бар:

"Елге еңбегін сіңірген ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес (Ә. Диваевтың ұлты башқұрт - Қ.М.), жаны бір болуда, қуаныш-қайғысы ортақ болуда. Ердің бағасы елге еткен

еңбегінің зор яки кішілігінде емес, ел деген жүрегінің таза болуында; тілегінің елмен ортақ болуында; ер өмірінің өрі мен көрі ел өмірінің өрі - көрімен бір болуында. Әбубәкір ақсақал – қазақ - қырғыз елімен қаны дәл бір болмаса да, шамасы келгенше еңбек қылған адам. Қырық жыл бойына арымай жапанда жатқан қазақ-қырғыз елін шет жұртқа танытқан адам; қырық жыл қазақ-қырғыз елімен қуаныш-қайғысын ортақ қылған адам". Бұл кітап Ташкентте 1924 жылы баспадан шықты.

Мағжан Ташкентте қоғам жұмысына да белсене қатысты. Жоғарыда өзі көрсеткендей, ол Түркістан халық ағарту комиссариаты жанындағы қазақ-қырғыз білім комиссиясының мүшесі болды.

1922 жылғы 4 желтоқсанда Ташкентте "Талап" атты қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымы дүниеге келді. Бұл қауым - мақсаты жөнінен бүкіл Кеңестік Орта Азиядағы тұңғыш ұйым еді. Қоғамның жарғысын Түркістан Мемлекеттік Халық ағарту комиссариаты бекіткен. Қауымның төрағасы болып белгілі дәрігер, педагог, ғалым, журналист, қоғам қайраткері, бұрынғы "Алаш орда" басшыларының бірі, профессор Халел Досмұхамедов сайланған. Қоғамның жұмысына Мұхаметжан Тынышбаевпен, Мұхтар Әуезовпен, Әбубәкір Диваевпен, Мырзағазы Есболовпен бірге Мағжан Жұмабаев та белсене қатысады.

"Талап" қоғамы өзінің жұмысын тарихи маңызы бар лекциялар оқудан бастайды. 1923

жылдың 23 наурызында "Ақ жол" газеті "Талап төңірегінде" деген редакциялық мақаласында:

"Талап" қауымында соңғы өткен екі жұмада екі лекция болып өтті. Бұның бірі Мырзағазының баяндамасы - "Алтынсариннің өмірі һәм істеген істерінің жайынан", екінші лекция - Мағжандікі - "Абай өлеңдері туралы". Баяндамашылардың екеуі де алған мәселелерін жете тексеріп, толық мағлұмат жинағандықтан, жиылған жұртқа ескі қазақ заманының екі ардақты адамы – Алтынсарин мен Абай жайында бірталай жаңа сөздерді айтып берді... Мағжан баяндамасы бұл күнге шейін Абай жайынан сөйленіп жүрген сөздердің ең толығы болды", - деп жазды.

Мағжан Жұмабаев Ташкентте бір жылдай ғана - 1922 жылғы қарашадан 1923 жылғы қыркүйекке дейін тұрды. Осы аз уақытта ол ерекше шабытпен көптеген аса көркем өлеңдер, бірнеше поэма, әңгіме, ғылыми-әдеби зерттеулер мен мақалалар жазды. Бұл кезді ақын шығармашылығының шарықтау кезі, Пушкиннің Болдин күзі секілді Мағжанның Ташкент жылы деуге болады.

Ақынның Ташкенттегі шығармашылық өмірінің қорытындысы - 1923 жылы Сұлтанбек Қожановтың алғы сөзімен шыққан өлеңдер жинағы болды.

"Мағжан өлеңдері туралы бір-екі ауыз сөз" деп атаған алғы сөзінде Сұлтанбек Қожанов былай деп жазған болатын:

"М.Жұмабайұлының өлеңдерімен оқушылар бұрыннан таныс. Әдебиеті жаңа аяқтанып, әдебиет тілі енді жасалып келе жатқан жұртта Мағжандай ақындардың қызметі зор екені анық.

Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі саналып келген, ресми қағаздар жазуға, кітаптар жазуға жарамсыз делініп келген қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын өнерге асатын бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады. Сондықтан, біз Мағжан өлеңдерінің саяси мәнісінен гөрі әдеби мәнісін көбірек көзде тұттық. Сол жақтарын ескеріп, Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүниетануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық жағына, суреттеу жағына көбірек көз салынуы керек, тарихи мәнісіне жете түсінуі керек" (Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 3 томдық. 2-3 т. Алматы. "Білім". 1996, 364-бет).

1923 жылдың күзінде Түркістан Республикасының Мемлекеттік Ғылыми кеңесінің шешімімен ұлы ақын Мағжан Жұмабаев Мәскеуге орыстың көрнекті ақыны В.Я.Брюсов басқарып отырған Әдебиет-көркем өнер институтына оқуға аттанады.

МӘСКЕУДЕГІ ЖЫЛДАР

Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған:
Болғайсың сыншы болсаң, әділ сыншы

Кінәні жүрекке қой, қойма маған.
Мағжан Жұмабаев

1923 жылдың қараша айында Мағжан Ташкенттегі Түркістан республикасының мемлекеттік білім комиссиясының жолдауымен Мәскеудегі Жоғары әдеби-көркемөнер институтына оқуға түседі. Институтқа түскеннен кейін Мағжан сол 1923 жылдың 12-ші желтоқсанында "Личный листок студента" деген құжатты толтырып, ондағы сұрақтарға жауап береді.

"Жоғары оқу орнына кім жіберген?" деген сұраққа: "Түркістан халық ағарту комиссариаты", деп жауап берген. Оқуға түскенге дейінгі мамандығы - мектеп қызметкері және газет редакторы. Семья жағдайы - үйленген, қарауымда әйелім бар деп көрсеткен. 1918 жылдан халық ағарту қызметкерлері кәсіподағының мүшесі. Мәскеудегі тұрған үй адресі: Новая лесная көшесі, үй № 44, бөлме 5.

Бұл институт 1921 жылы орыстың көрнекті ақыны В.Я.Брюсовтың бастамасымен ашылған болатын. Валерий Брюсов ректор ретінде институтта сабақ беруге сол кездегі білікті де білімді оқытушыларды жинақтаған, өзі де оқытқан. Институт студенттерінің алдында Н.И.Бухарин, А.В.Луначарский де дәріс оқыған. Мағжан аталған институтта оқумен қатар, РСФСР Ағарту халық комиссары А.В.Луначарскийдің тапсыруымен

Мәскеудегі Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде сабақ береді әрі сол кездегі белгілі мемлекет қайраткері Нәзір Төрекұлов басқарып отырған Күншығыс баспасында редактор болып қызмет істейді.

Болашақ әдебиетшілерге кәсіптік білім беруге В.Я.Брюсов көп еңбек сіңірді. Көптеген студенттер, тіпті, оның үйіне де барып жүріпті. Ол Мағжанды да жылы қарсы алып, бірнеше мәрте әңгімелескен, оның шығармашылығын өте жоғары бағалап, "Шығыстың Пушкині" деген.

Мағжан бұрын медреседе, мұғалімдер семинариясында оқығанда Шығыс халықтары тарихы мен әдебиетіне де, Батыс елдері мен орыс әдебиетіне де көп көңіл бөлген. Мәскеуде болған үш жарым жылда Мағжан орыс және Батыс әдебиетін бұрынғыдан да терең зерттеп оқиды. Ол ертеректе өткен Бердяев, Соловьев секілді орыстың қиялшыл философтарының көзқарастарымен танысып, өзінің ойлау шеңберін кеңейтіп, шеберлік жолындағы ізденістерін нығайта түседі.

Мағжан поэзиясының серпінді қанаттануында орыс әдебиетінің үлесі мол. А.Пушкин, М.Лермонтов, А.Фет, К.Бальмонт, А.Блок, Н.Гумилев, А.Ахматова, М.Цветаева, Д.Мережковский – қазақ ақынының сүйіп, ғибрат алып оқыған ақын-жазушылары. Ұлы орыс әдебиеті арқылы Мағжан Шекспир, Гейне, Гете сынды дүние жүзі саңлақтарының шығармаларымен мейірі қана

сусындады. Сөйтіп, оның өрісі кеңейе берді. Мағжан олардан тағылым ала отырып, өз шығармаларын жазды. Ол мұң мен сырдан мөп-мөлдір жауһар жыр жасап шығарды.

"Мағжан творчествосын қалай әңгімелесек те, орыс ақындарының, символистердің, декаденттердің, романтиктердің әсерін алып тастауға болмайды. М.Жұмабаевтың орыс, Еуропа әдебиеттерімен қарым-қатынасын айтсақ, одан Мағжан биігі биіктемесе, төмендемейді", - деп дұрыс жазды әдебиетші ғалым Өтеген Күмісбаев (Ө.Күмісбаев, "Ақын және әлем әдебиеті", "Егемен Қазақстан", 24.06.2003).

Мәскеу кезеңі Мағжан өміріндегі күрделі белестердің бірі болды. Дәл сол кезеңде оның шығармаларына деген сенімсіздік туа бастаған еді. Кейбіреулердің Мағжанға ұлтшыл, түрікшіл, байшыл, өзімшіл деген таңба баса бастаған уақыты да осы кез. Әсіресе, 1923 жылы Ташкентте өлеңдер жинағының шығуы көптеген талас-тартыстар туғызды, ақынға әр түрлі саяси айыптар тағыла бастады. Мағжанды көре алмаушылар оны Мәскеуде де тыныш қоймады. 1924 жылы қарашаның 24-інде Күншығыс еңбекшілері коммунистік университетінің қасында ашылған "Жерлестік" атты студенттер ұйымының жиналысы Мағжан Жұмабаевтың 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан өлеңдер жинағын талқылайды. Оған жинақтың авторы шақырылмайды.

Жиналысқа университет студенттерімен қатар рабфакта және басқа да оқу орындарында оқитын жастар да қатысады. Барлығы алпыстай адам жиналған. Мағжан өлеңдері туралы Күншығыс баспасының директоры Нәзір Төреқұлов баяндама жасайды. Баяндамада Мағжан өлеңдерінің көбінде өткенді көксейді, ескілікті іздейді, ұлтшылдықты жырлайды, өзімшілдікті, менмендікті дәріптейді деген сындар айтылады. Баяндамашы сөзін "Мағжан - ақын, бірақ қазақ ақыны емес, қазақтың тұрмысынан айрылған ақын", деп аяқтайды.

Баяндамадан кейін өздерінің пікірлерін айтып 20-шақты жас оқырман сөйлейді. Олардың көбі Нәзірдің баяндамасын қуаттап, толықтырады. Сөйлеушілердің ішінде Нәзір баяндамасына қарсы шығып, Мағжан өлеңдеріне өзінше баға берген Жәкен Сәрсенбин болды. Ол "Мағжанның өлеңін тексеріп, сын беретін болсақ, көбінесе әдебиет жағынан сынауымыз керек. Қай ақын болса да, өзінің заманымен ақын. Абай өз заманының ақыны болды, қазақтың азып-тоза бастағанын көріп қамықты. Пушкин бай баласы болды. Көбінесе байлардың тұрмысын жырлады. Ол да өз заманының ақыны еді. Біз Маркс жолымен сынасақ, Мағжанды да өз заманы ақыны қылып, заманның ыңғайымен кетіп отыр деуіміз керек. Мағжанды мінегенде тегіс міней алмаймыз, мінейтін жерін мінеу керек. Рас, оның түпкі идеясы кәмунеске қосылмайды, бірақ пайдалысын

пайдаланып, пайдасызын алып тастауымыз керек", -деді.

Жәкеннің сөзі талас тудырды. Бірсыпыра сөйлеушілер оның сөзіне қарсы шықты. Қорытынды сөзінде Нәзір Төрекұлов Жәкен сөзін қате деп көрсетті. Осылайша, баяндама талқыланғаннан кейін, Мағжан өлеңдері бұдан былай газет беттерінде басылмасын" деген қаулы қабылданды. Жиналыс туралы хабар және оның қаулысы "Еңбекші қазақ" газетінің 1925 жылғы 14 қаңтарында жарияланды. Осыдан бастап 1925 жыл бойы "Еңбекші қазақ" бетінде Мағжанға қарсы материалдар жарияланып тұрды. Осы кезден ҚазАПП басшылары Мағжанға қарсы ұйымдасқан түрде шабуыл бастайды. Құлаш-құлаш мақалалар жазылып, оған ұлтшылсың, түрікшілсің, байшылсың, өзімшілсің - деген айыптар тағыла берді.

Алашордашыларды саяси жағынан талқандау үшін оның аса көрнекті өкілінің бірі Мағжан Жұмабаевты қарсыластары осындай негізгі соққының астында қалдырған қиын-қыстау кезде Жүсіпбек Аймауытов "Мағжанның ақындығы туралы" атты көлемді мақала жазып, "Лениншіл жас" журналының 1923 жылғы №5 санында жариялады. Бұл мақала Мағжан Жұмабаевтың қазақ поэзиясындағы Абайдан кейінгі аса ірі тұлға екендігін әдеби, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп көрсетті. Бір кездерде қазақ әдебиеті Мағжанмен

мақтанатын болады деген Жүсіпбектің көріпкел пікірі бүгінгі күндері шындыққа айналып отыр.

Көркем әдебиет туралы пікірлесулер қызып келе жатқанда, 1925 жылы маусымның 18-і күні РКП(б) Орталық Комитетінің "Көркем әдебиет саласындағы партия саясаты туралы" арнаулы қаулысы шықты. Онда әдебиет саласында да түбірлі өзгерістер жасау партия ұйымдарының алдына міндет етіп қойылды. Енді төңкерісшілдер осы қаулыға орай көркем әдебиеттен таптық принципті қатал талап етті. Қаулы бойынша жер-жерлерде пролетариат жазушыларының ассоциациялары құрыла бастады. Қазақстанда ҚазАПП құрылды. Міне, осыдан бастап қазақ әдебиетінде таптық көзқарас үстем болып, қазақ қоғамын бай мен кедейге бөліп, кедейді жаңа заманның қаһарманы етіп бейнелеп, оған қарсылар мен ауқаттыларды тап дұшпандары етіп суреттеу орын алды. Қазақтың тұтастығын көздеген оқыған зиялылар да төңкеріс дұшпаны саналды.

Осындай қиын жағдайда ұлтжанды жазушылар да қарап жатпады. Олар да ортақ мақсат үшін бас біріктіріп, бірлесе әрекет жасаудың жолын ойластыра бастады. Олар "Алқа" атты жазушылар ұйымын құруға кірісті. "Алқаның" өзі "Табалдырық" деп атаған бағдарламасын Мағжан Жұмабаев жасайды. Бұл бағдарлама - қазақ тілінде рухани, таза әдебиет мәселелері жөнінде жазылған тұңғыш еңбек. Амал нешік, ол небары 17 дана

көлемінде ғана қолжазба күйінде көбейтілген. Соның 16 данасын пікір алысу үшін Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Смағұл Садуақасов, Елдес Омаров, т.б. сияқты сол кездегі көрнекті қаламгерлерге таратқан. Бірақ, сол кездегі билік органдары "Алқаның" құрылып, жұмыс істеуіне жол бермеді, керісінше, қуғынды күшейте түсті.

Мағжан әрі жоғары көркем-әдебиет институтында оқып, әрі Күншығыс баспасында қызмет істеуімен қатар Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде сабақ берді. Бұл Мағжанның көп нәрсеге көзін ашты. Ол өз шығармашылығын жаңа арнаға түсіруге тырысты. 1929 жылғы 14 шілдеде тергеушіге берген жауабында Мағжан: "Мәскеуге көшіп келгеннен кейінгі жерде менің дүниетанымым өзгере бастады", - дейді. Бұл оның жүрек-жарды шыны еді. Мағжан осы ретте 1924 жылы үлкен рәміздік мәні бар "Қызыл жалау" атты өлеңін жариялайды. Рәміздік мәні болатыны - бұл өлең ақын дүниетанымының әжептәуір өзгеріске түскенін байқатады. Ол енді ағынға қарсы жүзбек емес, қызыл жалау түбіне жиналған халыққа қосылуға бар.

- Өртенген жалау кімдікі?
- Кім өртеніп гүлдемей,
- Кім толғанған, кім кедей,
- Өртенген жалау соныкі, -

Ендеше, қазақ, сенікі!

- Азаттық жалау кімдікі?
- Көре алмаса кім теңдік,
Тепкі көрсе, кім кемдік,
Азаттық жалау соныкі, -
Ендеше, қазақ, сенікі!

"Жерлестер ұйымының қаулысынан кейін де Мағжан шығармашылығын тоқтатқан жоқ. Ол Мәскеуде болған 1923-1927 жылдары бірсыпыра жаңа өлеңдер шығарды. Ақынның Мәскеудегі үлкен олжалары – «Жүсіп хан», «Өтірік ертеқ», «Толғау», "Тоқсанның тобы" поэмалары. Бұларда оның жаңа үкіметке ниеттестігі айқын байқалады. Бұлардан басқа, Мәскеуде ақын "Шын ертеқ", "Қаныш бай хиссасы", "Жылқышы", "Қарындастар", т.б. өлеңдерін баспасөз бетінде жариялады. Мағжанның балаларға арналған бір топ өлеңдері ("Абай", "Ақ қала", "Жұбату", "Ата-баба", "Жылқышының үйінде", "Сұр құлын", "Сылдырмақ", т.б.) "Жаңа мектеп" журналында басылды. Сондай-ақ, Мағжан Нәзір Төреқұловтың басқаруымен шығып тұрған "Темірқазық" журналының жұмысына белсене қатысты және онда да өз шығармаларын жариялап тұрды.

Осы жерде айта кететін мәселе - Нәзір Төреқұлов "Жерлестер" ұйымының жиналысында жасаған баяндамасында Мағжан өлеңдерін қатты

сынағанмен, Мағжанды жек көрмеген. Оның ақындығын мойындаған, оған көмектесуге тырысқан. Шындығында, Нәзір Төреқұлов Мағжан өлеңдерін партия органдарының тапсыруымен сынаса керек. Мұны "Жұлдыз" журналының 1996 жылғы № 10 санында жарияланған "Нәзір Төреқұлұлы. Өмірбаяндық суреттеме" атты көлемді материалында жазушы Жолтай Әлмешұлы да растайды. Ол былай деп жазады:

"...Шын мәнінде, Нәзір Мағжанды аса қадірлеген. Поэзиясына бас ұрған. Ақын ретінде мойындаған. Тіпті, мүмкіндігіне орай қасында ұстауға, қамқор қолын ұсынуға бейім болған. Олардың достығын нығыздай түсетін бір мысал бар. Нәзір Төреқұлұлы 1925жылы оқытушылардың Бүкілодақтық бірінші басқосуында "Ұлт мәселесі және мектеп" деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндама орыс тілінде оқылды. Еңбек кейінірек жеке жинақ болып басылды. Ал оны қазақ тіліне тәржімалаған Мағжан еді".

Мағжан Мәскеуде тұрған кезінде аударма жұмысымен де көп айналысты. Жаңа өмір сырына қанығу үшін ол Лениннің шығармаларын аударуға кіріседі. 1924-1927 жылдар аралығында ол Лениннің "1905 жыл", "Қара шаруа туралы", "Париж коммунасы", "Февральдан октябрьге бет алдық", т.б. еңбектерін қазақ тіліне аударып, жеке-жеке кітапша түрінде бастырып шығарды. Сонымен қатар, кеңес үкіметінің саясатын

түсіндіретін марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін насихаттайтын бірсыпыра саяси әдебиет құралдарын қазақшалап, кітап шығарды. Олар: Г.Верещагин, "СССР - социалшыл кеңес республикасының одағы"; Б.Горев "Маркс пен Ленин"; И.Конюков "Еңбекші кара шаруаның артельдері". Бұлардан басқа ол М.Горькийдің "Сұңқар жырын", "Ана туралы әңгімелерін" аударып, жеке кітапша етіп жариялады. Всеволод Ивановтың төрт әңгімесін, Мамин - Сибиряктің "Ақбоз атын" аударды. Кеңес құрылысының алғашқы жылдары әлі аударма өнері тәжірибесі аз, тіпті, жоқ кезде қазақ тіліне көркем аударманы да, саяси тәржіманы да алғаш рет өндіре бастап берген Мағжан Жұмабаев болды.

Мағжан Мәскеуде болған кезінде халқының сауатын ашу ісіне де көңіл бөліп, оқулықтар да жазып шығарды. Мысалы, 1925 жылы "Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні" атты оқулық шығарса, 1926 жылы "Сауатты бол" (Ересектердің сауатты болуына қолғабыс қылатын кітап) атты кітап бастырып шығарды.

Мәскеудегі оқуын аяқтар кезінде Мағжан көп ойланып-толғанады, қоғамды таптық тұрғыдан қарай бастайды. Өзінің өлеңдерін де осы принциппен жазды. 1927 жылғы 17 тамызда "Еңбекші қазақ" газетінде оның "Тоқсанның тобы" атты поэмасы басылып шықты. Онда ақын жаңа өмірді қуанышпен қарсы алып, оған шын көңілмен

ден қойғанын білдіреді. Бүкіл халықтың жаңа тұрмыс құруға бет алғанын қоштап, өзі де оған қосылатынын, "Тоқсан" деп көпшілікті айтады.

Жырладым елді жалпылап,
Жасырмай жүзді жақтадым,
Тоқсанға енді тоқтадым.
Толғанып, ойлап, талқылап,
Сөздің тоқтар түйіні -
Бұл тоқсанның жиыны
Осы армансыз білгенім.
Тоқсаннан сонау он аулақ,
Сонау оннан мен аулақ
Мен тоқсанмен біргемін!

Өкінішке орай, ақынның бұл жаңа ұстанған жолын республика басшылығы түсінбеді, не түсінгісі келмеді. Казкрайкомның сол кездегі бірінші хатшысы Ф.И.Голощекиннің Қазақстан өлкелік ҮІ-партконференциясында Мағжанның бұл поэмасына қарсы сөйлеген сөзі (1927 ж. қарашада) ақынға деген пролетарлық бағыттағы жазушылардың сынын, тіпті, үдетіп жіберді. Осыдан кейін Мағжанды қудалау күшейе берді.

Дегенмен, Мәскеуде болған үш жарым жыл Мағжан үшін шығармашылық өсу жылдары болды. Бұл жылдары ол өзінің білімін көтеріп, көзқарасын кеңейтті, әрі бірқатар жаңа өлеңдер, поэмалар шығарды, көптеген аудармалар жасады, оқулықтар жазды. Сөйтіп, туған халқына өзінің бірқатар жаңа

еңбегін ұсынды. 1927 жылғы көктемде ақын Мәскеудегі оқуын тамамдап, туған еліне оралды.

АҚИЫҚ АҚЫННЫҢ ҰСТАЗДЫҒЫ

Қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы жарық жұлдыздарының бірі- Мағжан Бекенұлы Жұмабаев. Өмірімен өлеңі аңызға айналған ақынның есімі жарты ғасыр бойы аталмайтын, айтылмайтын болып кеткен еді. Ақын бір кездегі ақты қара, қараны ақ деп түсіндірген зорлық-зомбылық дәуірдің құрбаны болған еді. 1938 жылдың наурызында "халық жауы", "жапон шпионы" деген жалған айыппен атылып кеткен. Мағжан шындығында өз халқының қамын жеген, оның жарқын болашағы үшін күрескен азамат ақын еді.

Ол өзінің халқымен бірге екеніне, халқы оны қолдайтынына, сондықтан да, өзінің халқына арнап жазған өлеңдерінің өлмейтініне кәміл сенді. Сондықтан да, ақын:

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім-патша, өзім-қазы, өзім-би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді? - дейді.

Мағжанның "Мен өлмеймін, менікі де өлмейді" дегенде, қауіп-қатер жоқ демегені белгілі. Бірақ, жалпы алып қарағанда "Мен өлмеймін" деген сөздерде терең мағына жатыр. Алпыс

жылдан аса уақыт бойы ақын үні шығарылмай, тұмшаланып келсе де, ақыры халқына естіліп жалғастық тапқаны шындық. Ақын қазасынан кейін жарты ғасыр өткенде ғана аты аңызға айналған есім халқына қайта оралды. Шын мағынасында Мағжандай ұлы акынның өлеңі мен дана сөзі өлмек емес, мәңгі жасамақ.

Мағжан өз заманының асқан білімді азаматы болды. Ол төрт жасында ауыл мұғалімінен оқып, сауатын ашады. Сол кезде өзінен үлкен ағаларынан алғырлығымен асып түседі. 1905 жылы әкесі Бекен оны Қызылжар қаласындағы қазақ-татар медресесіне оқуға береді. Бұл медресені Стамбул университетін бітіріп келген шығыс тілдері мен әдебиетінің білгірі Мұхамеджан Бегішев басқаратын. Мағжан мұнда діни сабақтармен қатар араб, парсы, түрік, татар тілдерін үйреніп, шығыстың әйгілі Низами, Сағди. Физули, Навои сияқты ақындарының шығармаларымен танысады. Сонымен бірге Мағжан қазақтың ауыз әдебиетімен, шығыс елдері мен қазақ халқының тарихымен де сусындайды. Осы медреседе оқыған жылдары оның ақындық қабілеті де ояна бастайды. Ол Абай өлеңдерімен де осы кезде алғаш рет танысып, өзіне үлгі етеді.

Мағжан бұл медресені 1910 жылы бітіріп, сол жылғы күзде Уфа қаласындағы әйгілі "Ғалия" медресесіне оқуға түседі. Алайда Мағжан мұнда көп оқымайды. Мағжанның шығыс тілдері мен

әдебиетін "Ғалия" медресесінің бағдарламасынан артық білетінін байқаған медресенің оқытушысы, татардың белгілі жазушысы Ғалымжан Ибрагимов оған басқа оқу іздеуге кеңес береді.

Мағжан Қызылжарға қайта келгенде белгілі ақын, педагог, жазушы, публицист Міржақып Дулатовпен кездеседі. Міржақып бұл кезде өзінің "Оян, қазақ!" атты кітабы үшін қуғын көріп, патша тыңшыларынан бой тасалап жүрген болатын. Бір қыс бойы жас ақын Міржақыптан орыс тілі мен әдебиетінен дәріс алды. Міржақып оны Пушкин, Лермонтов, Крылов, Некрасов, т.б. ақын-жазушылардың шығармаларымен таныстырады. Орыс тілі мен әдебиетінен біршама дәріс алған Мағжан Міржақыптың кеңесімен 1913 жылы Омбы қаласындағы мұғалімдер даярлайтын семинарияға оқуға түседі. Бұл семинария осы қаладағы баяғы Шоқан оқыған кадет корпусынан кейінгі екінші әйгілі оқу орны болатын. Мұнда ол кезде А.П.Васильев, И.В.Волков, А.И.Покровский, А.В.Россихин, А.Н.Седельников сияқты білімді ұстаздар сабақ беретін еді.

Семинария қабырғасында Мағжан қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың досы Г.Н. Потанинмен кездеседі. Алғашқы кездесулерден-ақ ол Мағжанның біліміне, алғырлығына сүйсініп, оны "Болашақ Шоқан" деп атайды. Оның бұл болжамы келді де. Мағжан семинарияда үздік оқып, Потанин атындағы арнайы сыйлық алып

тұрды. 1917 жылғы жазда семинарияны алтын медальмен бітірді.

Арада бірнеше жыл өткеннен кейін белгілі ақын Мағжан Жұмабаев 1923 жылдың қараша айында Түркістан Республикасының мемлекеттік білім комиссиясының жолдамасымен Мәскеу қаласындағы орыстың көрнекті ақыны В.Я. Брюсов басқарған жоғары әдеби-көркемөнер институтына қабылданады. Институт студенттеріне В.Я. Брюсов, Н.И. Бухарин, А.В. Луначарский сияқты белгілі ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері сабақ береді. Мәскеуде оқыған үш жарым жыл Мағжан үшін творчестволық өсу жылдары болды. Бұл жылдары ол өзінің білімін көтеріп, көзқарасын кеңейтті, әрі бірқатар жаңа өлеңдер, поэмалар шығарып, көптеген аудармалар жасап, оқулықтар жазды. 1927 жылғы көктемде Мағжан Мәскеудегі оқуын тамамдап, білімін толықтырып Қызылжарға оралды.

Мағжан Жұмабаев - ұлы ақын ғана емес, сонымен қатар қазақтың ұлы педагогтарының бірі және бірегейі еді. Аса білімдар ұлы ақын өзінің білімін де, ақындық талантын да туған халқына қызмет етуге жұмсаған. Ол өз халқының сол кездегі тұрмысы мен мәдениетінің орыстармен, басқа да еуропалық елдермен салыстырғанда көп артта қалғанын көрді. Көріп қана қойған жоқ, қазақ халқын басқа жұрттан қалмай ілгері басуға шақырды. Ал сол ілгері басудың дұрыс жолы - оқу,

білім деп білді. Сондықтан да, ол ақындық сапарының алғашқы қадамынан-ақ ағартушылық дүниетанымының аясында толғанды. Оның 1912 жылы Қазан қаласында шыққан "Шолпан" атты тұңғыш өлеңдер жинағының өзінде ағартушылық сарындағы өлеңдер орын алды ("Жазғы таң", "Сорлы қазақ", "Өнер-білім қайтсе табылар", "Ләззат қайда", "Қазағым", т. б.).

Мысалы, "Ләззат қайда?" деген өлеңінде ақын жас жанына тыншу берер әуестіктің бәрін тізіп келіп, ойын-сауық, жүйрік ат, алғыр тазы, қызойнақтың ешбірінен де тиянақ таппай, тек кітап сөзінен ғана ләззаттанғанын айтады. Өлең былайша аяқталады:

Айтар сөзім мінекей,
Аласұрған көңілге.
Оқу оқы, өнер қу,
Басқалардан түңіл де!

Жұрттың қамын көп ойла,
Уайым-қайғы жеп ойла!
Артта қалған сорлы жұрт,
Алға бассын деп ойла.

"Сорлы қазақ" атты өлеңінде ақын қазақтың қараңғылығы мен надандығын айта келіп, оны оқуға, білімге шақырады:

Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді,
Қылыш алып "надандық" саған кезенді.
Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден қу,

Ертелі-кеш басына мініп езгенді.

Кітап әпер, оқысын балаң қолына,
Малды аяма оқу, білім жолына.
Өнер алып басқалармен қатар бол,
Қосыл бірдей адамзаттың тобына!

"Өнер-білім қайтсе табылар" атты өлеңінде
Мағжан жастарды оқуға жұмылдыру мақсатымен
өнер-білімге барар жол сілтеп, ақылын айтады.
"Қазағым" деген өлеңінде ақын:

"Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,
Ойламау келешекте түпке жетер.
Надандық қоршап алған тұс-тұс жатқан,
Жан қорқып, дене тітіркеп есін кетер, - дей
келіп, одан әрі:

Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,
Отырайық жиылып, ондалайық.
Мың жылғы өткен құмай ата заңды,
Өнерден кеш қалмайық, ойланайық, - деп
жалпы қазаққа үндеу тастайды.

Мағжан Жұмабаевтың шығармаларын, әсіресе
ағартушылық сипаттағы шығармаларын
әңгімелегенде, оның балалар әдебиетін жасауға
ерекше көңіл бөлгенін, өнер-білімді осы жастардан
күткенін айтуымыз керек. Мағжан балаларға арнап
көптеген өлеңдер жазып, кітаптар шығарған. Ол
"Шолпан" жинағында "Балалық шақ", "Қарағым",
"Сен сорлы" (Шәкірт зары) атты өлеңдерін
жариялаған. Бұлар ұлы педагог Ыбырай

Алтынсариннің, "Кел балалар, оқылық" атты өлеңімен орайлас. Ауылдағы ойын балаларына арналған. "Балалық шақ" өлеңінде Мағжан оларға осы балалық шағынан бастап оқу-білімге көңіл бөлуге, бойға тек асылды ғана сіңіруге кеңес береді:

Жастық - алтын,
Құрып қал салтын.
Салты оның - үйрену!
Өнер қуып,
Бел бекем буып,
Надандықтан жирену!
Тұрма, қарғам, ұмтыл!
Аты өшкірден құтыл!

"Аты өшкірден құтыл" дегені - надандықтан құтыл деп отыр. Баланың құлағына жағымды "қарғамды" қолдана отырып, ақын өз ойын сәби санасына ұялатады. Осы өлеңге ұқсас "Қарағым" деген өлеңінде Мағжан:

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме
Оқымай ойын қуған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме!
Кідірме, аялдама, алға ұмтыл,

Алам деп көктен жұлдыз қолың серме – деп жас жеткіншектерді оқуға, білім алуға шақырады.

Мағжан жас балаларды тәрбиелеуде ертегінің маңызы зор екенін жақсы білген, өзі де балаларға арнап ертегіге негізделген бірнеше поэма жазған.

"Әже" атты өлеңінде ақын ертегіге елтіген Кенжебай деген баланы суреттейді. Бұл әже мен немересі арасындағы мерейлі, нәзік сезімді мадақтайтын өлең. Әжесі сұрмерген туралы ертек айта бастағандағы немересінің жайын ақын былай суреттейді:

Қоя қойды Кенжебай,
Жылаған жаңа нан сұрап.
Тындап отыр тентектер
Алма беті албырап,
Ауыздары аңқиып,
Сілекейі салбырап.

Қандай ғажап көрініс! Әттең осы күні немерелеріне ертек айтып отыратын әжелер азайып кетті ғой!

Осыған ұқсас Мағжанның тағы бір өлеңі "Немере мен әжесі" деп аталады. Мұнда немересі әжесінен: "Көк деген не, жұлдыз не, жер не, теңіз, шөл, тау дегендер не?" - деп көптеген сұрақтар қояды. Әжесі бұл сұрақтарға анық жауап бере алмай, мектепке оқуға бар, сонда бәрін білесің деп ақыл береді. Бар әңгіме Мағжанға тән жеңіл де көркем әзіл түрінде өрбиді.

Ақынның балаларды оқу, білімге шақырған өлеңдерінің ішінен мына шумақтарды айта кетпеске болмайды:

Сал-сал Білек, сал Білек,
Балдан тәтті бал Білек.
Мектепке бар бір мезгіл,

Әженің тілін ал Білек.

Сал-сал Білек, сал Білек
Сабағыңа бар, Білек.
Қыдыра берме қалтиып,
Етегіңмен қар күреп.

Сал-сал Білек, сал Білек,
Сұлу талдай тал Білек.
Оқып-оқып бір асқан,
Ғалым болып қал Білек!

Жас бөбекті оқуға үгіттеген осы шағын өлеңнің тілге жеңіл оқуға, жаттауға ыңғайлы, әрі сондай көркем жазылғандығы таңдандырады.

Мағжан шығармаларындағы ағартушылық бағыт оқуға, білімге үндеумен ғана шектеліп қалмайды. Мысалы, "Әдемі қыз" деген өлеңінде ауыл бойжеткеніне моральдық тазалықты сақтай білу қажеттігін ұғындырса, "Жас келін" атты өлеңінде ұлттық ізгі дәстүрлердің бәрі сақталып әдеп пен инабаттылық аяқасты болмауына шақырады.

Бұл текті жырларының қайсысында болсын Мағжанның биік парасаты, кемеңгер ойы мен шалқар білімінің лебі еседі. Өзінің "От" атты өлеңінде ол:

Жарқырап от боп туғаннан,
Белімді бекем буғаннан.
Қараңғылық дұшпаным,

Сол жауызды жоюға,

Талай заулап ұшқаным – деп өзінің қараңғылыққа, надандыққа қарсы күрескер позициясын білдіреді.

Мағжан Жұмабаев ағарту ісіне үндеуші, насихатшы ретінде ғана қатыспай педагогикалық қызметті қайраткерлік тірегінің негізгі саласы етіп қалап алған. 1917 жылы Омбының мұғалімдік семинариясын бітірген Мағжан туған халқының сауатын ашуды, ол үшін қазақ жастарынан білімді оқытушылар даярлауды өзіне міндет қып қояды және осы мақсатын орындауға бар жанын салады. Халық ағарту ісінің Омбы облыстық кеңесі бюросының 1918 жылғы 12 қазандағы мәжілісіне бұратаналар бөлімінің жетекшісі ретінде қатысқан Мағжан Жұмабаев күн тәртібіне Омбы және Атбасар қалаларында мұсылмандық педагогикалық тұрақты курстар ашу туралы ұсыныс жасаған. Осы ұсыныс бойынша бюро мынадай қаулы қабылдаған: "Просим областную управу в общем и целом принять предложение. Что же касается деталей курсов, то рассмотрение о сем отложить до следующего заседания, причем просить школьно-инородческий отдел доложить по существу вопроса в областную управу, который представит на рассмотрение смету в ближайшее заседание по спешности дела без мнения бюро" (Государственный архив Омской области. Фонд - 2068, опись-1, дело-4, лист-17).

Ақыры Мағжанның қызу кірісуінің нәтижесінде Омбы қаласында қазақ мұғалімдерін даярлауға арналған педагогикалық курс ашылып 1918 жылдың қарашасынан 1919 жылдың наурызына дейін жұмыс істейді. Мағжан осы курсты әрі басқарады, әрі курсанттарға қазақ тілі мен әдебиетінен және тарих пен педагогикадан сабақ береді. Бұл Мағжанның мұғалімдік (педагогикалық) қызметін алғаш бастауы еді. Осы курста кейін қазақтың көрнекі жазушысы болған Сәбит Мұқанов та Мағжаннан дәріс алған. Бұл туралы Сәбең "Өмір мектебі" кітабында жазғаны белгілі.

Бұл курс жабылғаннан кейін Мағжан Омбы губерниялық оқу бөлімінің аз ұлттар ағарту бөлімшесінде нұсқаушы болып қызмет атқарады. Осы жұмыста жүргенде педагогикалық курсты ашып, басқару ісінде тәжірибесі бар Мағжан 1920 жылдың маусым айының басында Қызылжарда ашылған мұғалімдер даярлайтын 3 айлық "Қызыл мұғалімдер" курсына директорлыққа жіберіледі. Бұл курста да Сәбит Мұқанов аз уақыт Мағжаннан дәріс алады. Мағжан мұнда да педагогикадан және қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Сонымен қатар осы қалада шығып тұрған "Бостандық туы" газетінде қызмет істеп жүріп өмірге белсене араласады, әсіресе оқу- ағарту ісіне көп көңіл бөледі.

1920 жылдары қазақ мектептеріне арналған оқулықтар жоқтың қасы еді. Осы жағдайды ескерген Қазақстан үкіметінің Халық ағарту комиссары Ахмет Байтұрсынов мәжіліс шақырып, кеңес ашқан. 1921 жылғы 14 қаңтарда Елдес Омаров, Әлихан Бөкейханов, Биахмет Сәрсенов, Жүсіпбек Аймауытов, Хайретдин Болғанбаев, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Садуақасов, Сабыр Айтхожин сияқты зиялы қазақ азаматтары қатысқан мәжілісте қазақ тілінде 1 және 2-ші басқыш мектептер үшін оқулықтар жазу мәселесі көтерілген. А. Байтұрсыновтың баяндамасынан кейін мынадай қаулы қабылданады:

1) Осы мәжіліске қатысқан адамдар орыс тіліндегі оқулықтарды қазақ тіліне аударуға тартылсын.

2) Осы мақсатта бұл жұмысқа Мағжан Жұмабаев, Қошмұхамет Кемеңгеров, Жұмағали Тілеулин, Сейітбаттал, Мұстафин, т.б. тартылсын.

Қаулы бойынша Мағжан Жұмабаевқа қазақ тарихын, әдебиет теориясын және педагогика оқулығын аударып жазу тапсырылған. Бұл қаулыны баспасөз бетінен оқыған Мағжан "Бостандық туы" газетінің сол 1921 жылғы № 5 санында "Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз" деген тақырыпта мақала жариялайды. Бұл мақалада ол былай дейді: "Оқу құралдарының құралатын негізі - мектеп. Оқу құралдарының мінезі - мектеп мінезінің айнасы... Олай болса,

жазылашақ біздің оқу құралдарымыздың да мінезі мектебіміздің мінезіне байлаулы болуға тиісті...

Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік, һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге құра алсақ, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт".

Мағжан Қазақстан үкіметінің ағарту комиссариатының тапсырмасын уақытында орындады. Ол өзінің "Педагогика" атты кітабын (оқулығын) 1922 жылы Орынборда, 1923 жылы Ташкентте бастырып шығарды. Осы еңбегінің алғы сөзінде автор: "Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсында оқыған дәрістерден түзілген еді. Шамам келгенше қазақ жанынан қабыстыруға тырыстым", - деп жазады 1922 жылдың 15 қыркүйегінде Қызылжар қаласында. Бұл кітапты жазғанда Мағжан курста оқыған дәрістерін ғана пайдаланбаған. Ол Ресей және Еуропаның әйгілі педагогтары мен психологтарының еңбектерін зерттеп, "қазақ жанына қабыстырған", яғни қазақ менталитетіне сәйкестірген. Сондықтан, оның бұл кітабы барлық қазақ оқырмандарына әрі түсінікті, әрі пайдалы. Мұнда автор мұғалім қызметіне аса зор ілтифатпен қарайды, мұғалімге қамқор болуға, оны сыйлауға, оған құрмет көрсетуге шақырады. "Алты алаштың

баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі" дейді ұстаз ақын. Бұл еңбегінде Мағжан педагог ұлттық тәлім-тәрбие жайын ғылыми тұрғыда тайға таңба басқандай дәйектеп отырған.

Мысалы, ол "Әр тәрбиешінің қолданатын жолы - ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болғаны сықылды жамандық жағы да көп", - деп жазады. Осыған орай, педагогтарға, тәрбиешілерге "Халық педагогикасын қолдана отырып, түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен жақсы таныс болу керек", - деп ақыл береді.

Мағжан тек қана педагог емес, адамның көңіл күйін, ішкі жан сезімін терең түсінетін психолог. Ол "Педагогика" оқулығының бір үлкен бөлімін тектен тек "Психология" деп атамаған. Мағжанның үлкен психолог, сыршыл екендігін осы бөлімнен аңғаруға болады. Қазақтың белгілі психолог ғалымы, профессор Құбұлғұл Жарықбаевтың пайымдауынша, Мағжан орыс педагогикасының білгірі К.Д.Ушинскийше педагогиканы жан сырының заңдылықтарын зерттейтін психологиямен астарластыра байланыстырған тұңғыш қазақ ойшылы. Ол педагогиканы психологиясыз, яғни шәкірттердің жан-жүйесі (зейін, ес, қиял, ойлау, сөйлеу, т.б.) ерекшеліктерін ескермейінше, оқу-тәрбие процесінің теориялық қисындарын баяндайтын педагогиканың дәрменсіз болатынды-

ғын ерекше ескертеді" (Құбұлғұл Жарықбаев. Қазақ жанының білгірі, - "Жас Алаш", 5.03.1993).

"Педагогика" кітабында Мағжанның үлкен сезіммен жазған бөлімі - "Тіл туралы" деп аталған. "Тіл - ұлт үшін қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлы болуы үшін бірінші шарт - тілі болуы, ұлттық тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихи сары далада үдере көшкен тұрмысы асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадырлы орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік", - деп жазады Мағжан.

Тілі үшін, елі үшін сол бір қатыгез заманда жан аямай күрескен ақын арманы бүгіндері орындалуда. Мағжан тілдің адам, ұлт өміріндегі орнын айта келіп, бала тіліне аса ұқыпшылықпен қарауға шақырады. Тіл үйренудің үлкен ғылым, ауыр еңбек екенін айта отырып, оның әдістемелерін көрсетеді. "Кейбір адамдардың баланы өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы еркелетіп, әдейі тілдерін бұзып балаша шолжаңдап, сақау болып сөйлейтіндер бар. Бұл -

зор қата. Баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын - мектеп".

Ақын өзінің "Қазақ тілі" атты өлеңінде:
Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,
Таралған түрік балаларын бауырына

Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен тілім,- деп болашақтан зор үміт күтіп, тілінің әлем аренасына шығып бүкіл түрік халықтарының ортақ тілі болуын армандап, әрі үлкен көрегендікпен болжап кеткен және осы арманының орындалуына имандай сенген.

Мағжан ана тілін балаларға бастауыш кластан бастап үйретуге зор мағына берген, сондықтан да бастауыш кластар мұғалімдеріне арнап "Бастауыш мектептегі ана тілі", "Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы" сияқты оқулықтар мен әдістемелік құралдар жазып, кітап етіп шығарған.

Мағжан педагог осы кітабында өзінің үлкен методист (әдіскер) екендігін де көрсетеді. Кітаптың "Ішкі сезімдердің біреуі - іш пысу яки зерігу" бөлімінде ол: "Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, шәкірттің іші пысады, мұғалім үсті-үстіне төпеп, түрлі білімді, түрлі сөзді айта берсе, бала мезі болып іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруде емес, еппен басқыштап білдіруде. Сабәқ оқытуда мұғалім сөзі жинақы, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана ол баланың абайын (назарын) өзіне қарата

алады", - дейді. Мағжандай білімді педагогтың бұл сөздері қазіргі мұғалімдерге үлкен сабақ болуы тиіс.

Жалпы Мағжанның бала тәрбиесіндегі қағидасы мынадай: "Балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек... Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғық теңізін қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару, баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, білімін жұмсап. жалықпай, шаршамай үйрете білу керек".

Мағжан өз ұлтын жанындай сүйген патриот қана емес, бүкіл адамзатты сүйген асқан гуманист. Мұны оның мына сөздері дәлелдейді: "Адамның шын мағынасымен "адам" болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүйюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүйюі шарт. Өзінің һәм жақындарының ғана пайдасын іздемей, жалпы момын халықтың пайдасын іздеуі шарт. Халық пайдасын өз пайдасынан ілгері қоюы шарт. Адам шын адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін... Міне, алашты халық десек, халықты шын сүйген адам "Жарты жаңқасы қалғанша" халық үшін қызмет істеуге тиісті. Өз елін сүю дегеннен – адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа

халықтарға қасқыр болып тисін деген сөз шықпайды... Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті. Міндетті ғана емес - еріксіз сүймек. Жер жүзіндегі адам адамды сүймек. Бұл - адамның жаратылысындағы негізгі мінез".

1923-1927 жылдары Мағжан Мәскеуде әдебиет-көркемөнер институтында оқып жүрген кезінде шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде дәріс оқыған. Оның сондағы ұстаздық шеберлігі туралы сол кезде Мағжанның шәкірті, кейін белгілі әдебиетші болған ғалым профессор Бейсенбай Кенжебаев өзінің естелігінде былай дейді:

"Біз бірсыпыра қазақ жастары 1922 жылы Москвада күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетіне оқуға түсіп, 1-ші курста барлық сабақты өз ана тілімізде оқыдық, екі жыл бойы негізгі сабақтардың бірі ретінде қазақ тілі мен әдебиетін үйрендік. Сонда бізге қазақ тілі мен әдебиетінен бір жыл Темірболатов деген мұғалім, бір жыл әйгілі қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев оқытты... Мағжан ғалым, тәжірибелі шебер оқытушы, асқан методист-педагог еді. Педагогика жайында, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту жайында жарияланған кітабы, мақалалары болушы еді. Осыдан болу керек, ол бізге қазақ тілі мен әдебиетін тамаша оқытты: сабақ үстінде лекциялық, практикалық әдістерді ретімен қатар

қолданатын еді. Мейлі лекциялық сабақта болсын, мейлі практикалық сабақта болсын, ол қағазға, кітапқа қарамайтын. Декламация оқып тұрған тәрізді нәшін, сипатын, қимылын келтіріп айтатын. Ол берген сабақ үнемі әрі өлең талдау, әрі әдебиет теориясы, эстетика жайлы әңгіме болып, әрі ғылыми өте қызық болып жүрді. Оқытушының сабақ үстінде жаңалық, әсемдік туралы айтқаны бүгінге дейін есімде". (Бейсенбай Кенжебаев. Ұстаз. - "Лениншіл жас" 4 қаңтар, 1989 жыл).

1927 жылғы көктемде Мағжан Мәскеудегі оқуын тамамдап туған еліне қайтып келді. Қазақстан халық ағарту комиссариаты Бурабай орман техникумына қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы етіп тағайындайды. Осы кезде тағдырдың жазуымен жас жазушы Ғабит Мүсірепов Мағжанмен кездеседі. Бұл кездесуі туралы Ғабен былай дейді: "Мағжанды мен ең алғаш рет 1927 жылы Бурабайда көрдім. Әрине, Мағжанның атағын ертеден естігенмін. Өлеңдерін де қызығып оқитынбыз. Омбыда ауылшаруашылық институтында оқып жүр едім, өз еліме Қызылжарға демалысқа келдім. Мұнда Ақмола губерниялық партия комитетінің секретары Садықбек Сапарбеков мені губкомға шақырып алып, орыс тілінен "Американың ақ бидайы" дейтін бір мақаланы қазақшаға аудартты. Бұл кезде "Тулаған толқында" дейтін повесімді жазып бітірген едім. Садықбек әрі шығармамды, әрі аудармамды оқып: "Ғабит, сен енді оқуға бармай-ақ кой. Оқығанда

қайтесін! Онсыз да жазушы болып тұр екенсің, Бурабайға барып, сондағы Мағжанның орнына орман шаруашылығы техникумында оқытушы бол" - деді. Бурабайға келдім. Мағжанды осында бірінші рет көрдім. Ол өзінің пәтерін маған беріп, Қызылжарға кетті. Сонда барып совпартшколда сабақ берді" (Жайық Бектұров. Тағдыры қиын талант. - Бес арыс. Алматы "Жалын" 1992. 328-329 беттер.).

Мағжан Қызылжарда совпартшколада әрі педагогикалық техникумда қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Сол кезде (1927-1929 жылдары) Мағжаннан дәріс алған кейбір шәкірттерінің естеліктері мынадай:

Кейінгі жылдары әр түрлі партия, совет органдарында және ауылшаруашылығы саласында басшылық қызметте болған бұл күнде өмірден өткен Өмірбай Ыбыраев:

"Сол кезде жігіт ағасы болып қалған шәкірттер Мағжанға қазақ әдебиеті тарихынан әртүрлі сұрақтар беретін. Бірақ Мағжан оқу бағдарламасына сай ғана жауап беретін, өйткені, ол кезде артық сөз айтуға болмайтынын білетін ақын сақтық жасайтын. Ол шәкірттерге кітапты көп оқындар,

білімдерінді көтеріңдер, сонда халыққа пайда келтіресіңдер дейтін. Мағжан мектепке әрқашан тап-тұйнақтай және өте таза киініп келетін. Жазда шляпа, қыста жылы бөрік киіп жүретін. Қолында сәнді таяғы болатын. Ол өте көркем жігіт еді".

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданындағы Еңбек ауылының тұрғыны Темірғали Сайдалин:

"...Совпартшколада 1926-1929 жлдары оқыдым. Бір күні бізге жаңа мұғалім келді. Қазақ әдебиетінен оқиды екен. Ол Мағжан Жұмабаев болып шықты. Алғашқыда ол бізге тәкаппар сияқты көрінген. Басын үнемі тік ұстайтын. Аққұба өңді, дөңгелек жүзді, орта бойлы кісі еді. Киім киісі ерекше. Үстінен бір қылау көрмейсің. Өте көркем кісі болатын. Ой сұңғылалығы мен бой сұлулығы жарасым тауып тұрғандай көрінетін. Қазақта ондай көркем адамды көрген емеспін. Ал сабақ беруде Мағжан өзгелерге ұқсамайтын. Дауысының ашықтығы, тілінің жатықтығы бірден өзіне баурап алатын. Өлең, әңгімелерді жатқа айтатын. Сабақты біздің түйсігімізге бірдеңе жетсін дегендей жан-тәнімен беріле жүргізетін. Не деген талант деп таңданатынбыз".

Кейін Көкшетау аудандық, Қарағанды облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі болған, 1990 жылы 90-нан асып қайтыс болған Қайыр Мұсылманов:

"Мен Мағжаннан оқыған кезімде ол маған алыптай көрінетін, ал мен оның қасында жай бір мегежін сияқты көрінетінмін.

Сол кезде оған қызығып, шіркін Мағжандай болар ма едім деген сезімде болатынмын. Мен сол совпартшколаға түсерде Мағжан кішкентай ғана диктант жазғызды. Әлі есімде: «Ор айналып үріп

жүрген итті көрдім, үріп еді, ұрып жібердім», - деп жазғызды. Сол кездегі емле бойынша: ор, өр, ұр, үр деген сөздерді бір сөйлемге сиғызған екен. Осыдан бірінші әсер алдым. Бұдан кейін "Жыл құсы" журналына жазылған оның өлеңдерін үзбей оқу, кейбіреулерін жаттап алу әдетіме айналған еді".

Мағжанның қазақ педагогикалық техникумында оқыған шәкірті, кейін комсомол партия органдарында, мәдениет саласында көп жыл жемісті қызмет атқарған Зағипа Садуақасқызы Тінәлина:

"1927-1928 оқу жылының басында 15 жасымда Ақмоладан келіп Қызылжардағы Қазақ педтехникумына оқуға түстім. Оқуға түсерде бізден қазақ тілінен диктант алған Мағжан Жұмабаев болды. Әлі күнге көз алдымда, Мағжан орта бойлы, дембелше, аққұба, қою қара шашты, әдемі киінетін кісі еді, қолына портфель ұстайтын. Оның өлеңдері, әндері, біздерді, жастарды қатты еліктіретін. Мағжан ағамызды күнде бір көруге асығатын едік, келетін жолын тосып, күтіп алатынбыз. Тек қана кездесу арман емес, оның айтқан ақылының құлаққа қонымдылығы, біз сияқты жастармен сыпайы әңгімелесе білуі оған деген сый-құрметімізді арттыра түсетін". (Ғаділша Қаһарманұлы. "Жәжеке". Естеліктер мен деректер. Алматы. "Қазығұрт". 2005).

1936 жылы Карелия лагерінен айдаудан келген Мағжан алдымен жазғы каникул кезінде облыстық мұғалімдер курсына орыс әдебиетінен сабақ

береді. Осы курста Мағжанды тыңдаған Байқоңов дейтін көп жыл Көкшетау облысы мектептерінде мұғалім болған кісі былай есіне алады:

"Күн ыстық, қала іші қапырық. Курста көбіне орыс мұғалімдері болды. Ыстықта қалғып-шұлғып отырамыз. Ал Мағжан келіп орыс әдебиетінен лекция оқығанда, жұрттың бәрі серігіп кетеді. Үстіндегі киімі жұпыны. Сөйтсек, бұл кісі дәл сол кезде айдаудан, лагерьден келген екен. Мағжанды білмейтін орыс жолдастар: "Бұл кісі кім? Қайдан келген?" - деп оның лекциясына таңырқап отырады. Өйткені ол Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың, Брюсовтың, Блоктың поэмаларын өлеңдерін әдемілеп жатқа айтады. Ұзақ шығармалардан тиісті үзінді келтірерде, әуелі ішінен дыбысын шығар шығармас етіп белгілі бір ұзақ поэманың бас жағын есіне күбірлеңкіреп түсіріп алады да, айтуға керекті үзінділерін нәшіне келтіріп, жатқа шұбырта жөнеледі. Өлеңді оқу үлгісі қандай жатық! Нелер білімді орыс мұғалімдері бастарын шайқап, сабақтан таңырқап шығады. Қалғып-шұлғу қайда, оның сөзін қызыға тыңдайды. Мағжанның лекциясынан ешкім қалмайды". (Жайық Бектұров. "Тағдыры қиын талант". Бес арыс. Алматы. "Жалын". 1992.).

Бұдан кейін Мағжан Қызылжардағы Пушкин атындағы № 5 орыс орталау мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Мағжанның сол мектепте оқыған шәкірті Татьяна Нетесова (кейін өзі де мұғалім болған) Мағжанның сабағын

қызығып тындайтыны туралы Солтүстік Қазақстан облыстық "Ленинское знамя" газетіне естелігін жазды. Бұл Мағжанның ең соңғы педагогтік қызметі еді. Өйткені оны 1936 жылдың аяғында әртүрлі себептермен, ең бастысы саяси сенімсіздікпен қызметтен шығарып жіберген. Амалы таусылған ақын Сәбит Мұқановтың шақыруымен 1937 жылғы наурыз айында Алматыға барады. Бірақ ол кезде алаштың зиялы азаматтарына қуғын-сүргін басталып кетеді де, сол жылғы желтоқсанның аяғында ол қайтадан тұтқындалып, 1938 жылғы наурызда "халық жауы" деген жалған айыппен атылып кетеді. Ол тек 1988 жылдың аяғында толық ақталып өзі сүйген халқымен қауышты. Оның өлеңдері ғана емес педагогикалық еңбектері де бүгіндері халық пайдаланып жүрген асыл мұраға айналды.

МАҒЖАН МЕН МІРЖАҚЫП

Атақты жерлесіміз, ұлы ақын Мағжан Жұмабаев қазақтың көптеген зиялы азаматтарымен танысып, дос, жолдас болған Солардың бірі, әрі бірегейі белгілі ұстаз, ақын, жазушы, публицист,

қоғам қайраткері Алашорда қозғалысының көрнекті басшыларының бірі Міржақып Дулатов.

Мағжанның 1905 жылдан 1910 жылдың жазына дейін Қызылжар қаласындағы "Шалақазақ медресесі" деп аталатын, қазақ-татар балаларына арналған медреседе оқығаны белгілі. Мұнда Стамбул университетін бітірген Мұхаметжан Бегішев деген білімді адам сабақ берген. Осы медреседе Мағжан шығыс әдебиетінен, әсіресе шығыс поэзиясынан мол білім алады. Оның үстіне жас Мағжан 1909 жылы Уфа мен Петербург баспаханаларынан шыққан Абайдың өлеңдер жинағын, Ахмет Байтұрсыновтың "Қырық мысалын", Міржақып Дулатовтың "Оян, қазағын" оқып ой өрнегінен өткізеді.

Сол "Оян, қазақ!" кітабы үшін патша үкіметі Міржақыпты қудалауға айналады. Міржақып жан сауғалап сол 1909 жылы Қызылжарға келіп паналайды. Міне, осы кезде Мағжан алғаш рет Міржақыппен танысады. Қызылжарда да бақылауда жүрген Міржақыптың ресми орындарда жұмыс істеуіне мүмкіндігі болмайды. Сот кеңсесінде тамтұмдап тілмаштық қызмет атқарады. Жеке адамдарға жалданып мұғалімдік қызмет атқарады. Қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді. Одан біраз уақыт орыс тілі мен әдебиетінен Мағжан да дәріс алады. Бұған Міржақыптың сол кезде Қызылжардан өзінің ағасы Асқарға жазған хатындағы мына сөздері дәлел: "Осы қалаға келгелі

орысша оқытып жүрген шәкіртім Мағжан Жұмабаев сынды ақыным бар. Оның менен жасы кіші (бұл кезде Міржақып - 24-те, Мағжан - 16-да болатын - Қ.М.), өте дарынды жігіт. Екеуіміздің өмірге деген көзқарасымызда айырмашылық жоқ десе де болады, сырласып, достасып кеттік".

Мағжан Міржақып Дулатовтан дәріс алғанда, оның ақындық мектебінен де тәлім алады, қоғамдық көзқарасын кеңейтіп, қалыптастырады, өз шығармаларын да алға бастырады. Мағжан сол жылдары (1909-1911) 16-18 жасында шынында да бірсыпыра тамаша өлеңдер жазып үлгерген еді. Олардың кейбіреулері мыналар: "Айға", "Жатыр", "Айда атыңды, Сәрсембай", "Шын сорлы", "Жазғытұры", "Бұлбұл", "Ләззат қайда", "Алтын хакім Абайға", "Сорлы қазақ", "Туған жерім Сасықкөл", "Балалық шақ", т.б. Міржақып Қызылжарда да тынымсыз шығармашылық жұмыспен айналысады. Осы қалада бұрын жаза бастаған "Бақытсыз Жамал" атты романын аяқтайды. Бұл роман 1910 жылы Қазан қаласында басылып шығады. Қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш роман дүниеге осылай келеді. Бұл романды кезінде Ахмет Байтұрсынов жоғары бағалаған. Сол жылы "Бақытсыз Жамал" романы бойынша жасалған пьесаны жас ақын Мағжан Жұмабаев Қызылжар сахнасында көрермендерге ұсынады.

1910 жылы күзде Мағжан Уфа қаласындағы әйгілі «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Бірақ ол

бұл медреседе көп оқымайды. Оның діни білімінің тереңдігін байқаған сол кезде "Ғалия" медресесінің оқытушысы болып жүрген татардың белгілі жазушысы Ғалымжан Ибрагимов оған басқа оқуға түсуге кеңес береді. Сондықтан Мағжан "Ғалия" медресесін аяқтамай еліне қайтып келеді.

Ал Міржақып патша үкіметінің тыңшылары Қызылжарда да соңына түскесің 1911 жылдың мамыр айының соңында Семей жаққа аттанып кетеді. Бірақ Семейге 5-ші маусымда келген Міржақыпты ертеңінде-ақ патша жандарымдары тұтқынға алады. Сөйтіп ол Семей түрмесінде бір жарым жыл отырады.

Мұны естіген Мағжан ақын Міржақып ағасына арнап "Жауға түскен жанға" және соған сарындас "Тұтқын" деген өлеңдер жазады. "Жауға түскен жанға" өлеңінде ақын Міржақыптың халқы үшін жан аямай күрескенін көрсетеді:

"Дамыл көрмей ерте-кеш,
Жұрттың қамын көп жедің.
Байладың белді салып күш,
Тыныштық жүзін көрмедің.

"Оян!" – дедің жұртыңа, -
Бас көтеріп тірлік қыл".
Ақыл айттың ұлтыңа:

«Таста талас, тірлік қыл!» - дей келе, одан әрі оны тұтқындаған дұшпандарының мейірімсіздігін айғақтайды:

Менменсіген күшті жау,
Көздеп тұрды ісінді.
Қоймады сені есен-сау,
Алды қолдан күшінді.

Қараңғы үйге қамады,
Мейірімсіз өңшең тас бауыр.
Сорлыға тәңірі пана-ды,
Болса да бейнет қанша ауыр.
"Тұтқын" атты өлеңінде Мағжан түрмедегі
тұтқынның ауыр жағдайын былай баяндайды:

Кеудеде - от, іште – жалын, көзде - жас,
Күні-түні қайғы жұтқан сорлы бас.
Сабан төсек, тым қараңғы жатағы,
Наны қара, шайы қара, қарны аш!

Күн түсірмес мейірімі жоқ қара тас,
Ағармай ма мұндай үйде қара шаш?
Жаныңда жоқ жаны ашитын жақын жүз,
Тас бауырлар ыңғайына қарамас.

Осылай дей келе жас ақын ағасына жігер
береді:

Қайғыланба, сорлы тұтқын еш нетпес,
Күн батқанмен таң атпайтын түн жетпес.
Ер жүректі азаматтың басына,
Бұл жалғанда нелер келіп, не кетпес.

"Оян, қазақ!" үшін тергеу орындарының
бақылауына алынып, қуғында жүрсе де халқы үшін

белсеніп күреске шыққан азамат бейнесі жасалған бұл өлеңдерден Мағжан ақынның өзі жастайынан ұстаз тұтқан аға жолдасына деген терең құрмет сезімін көреміз.

Енді бір шумақтарында ақын:

Қараңғы болса қанша түн,
Жұлдыз сонша жарқырар.
Бұлт басса да алтын Күн,
Бір шығар, жерді жарық қылар.

Келешек күнде қағазға,
Алтынмен жазар атыңды.
Құшақтап сүйер, қағазда,
Көрсө жазған хатыңды, - дейді.

Бұл өлеңдерде бір ғана ақынның өз сезімдері емес, бүкіл халқының сүйіспеншілігі, халық бақыты үшін өмірін тәуекелге тіккен арыс азаматқа деген ел тілегі бейнеленген. "Келешек күнде қағазға алтынмен жазар атыңды" деген сөздердегі даналық болжамның шындыққа айналғанын қазір біз көріп отырған жоқпыз ба?!

Міржақып абақтыдан босап шыққанда қуанған Мағжан "М. Д. абақтыдан шыққанда" атты өлең шығарды. Онда жас ақынның қуаныш-шаттығымен бірге болашаққа деген зор сенімі берілген:

Зор қуаныш - қара түн өткеніне,
Алтын таңды ашық күн жеткеніне.
Қан аралас төгілген көп көз жасты,

Тәңірім, қабыл мейірім ғып еткеніне.
Ерік құсы қайта ұшып келгеніне,
Душар болмай дұшпанның мергеніне.
Қайта шықты батқан Күн, нұр шашылды,
Мың шүкірлік тәңірімнің бергеніне.
Оңнан есті, жел біраз қырын ескен
Соң туса да, оң туса, қалмас көштен
Өткен іске салауат, күтіп қалдық,
Өткір қимыл ескі үміт, жаңа күшпен.

Міржақып түрмеден босағаннан кейін Орынбор қаласына келіп, Ахмет Байтұрсыновпен бірге 1913 жылдың 2-ші ақпанынан бастап аты кейін аңызға айналып кеткен "Қазақ" газетін шығара бастайды. Ал Мағжан осы ағаларының ақылымен сол 1913 жылдың күзінде Омбы қаласындағы мұғалімдер даярлайтын семинарияға оқуға түседі. Мағжан осы семинарияда оқып жүргенде 1914 жылғы мамыр айында Міржақып Омбыға келіп қалыңдығы Ғайникамал Баймұратқызы Досымбековамен шаңырақ көтеру тойын жасайды. Бұл шағын үйлену тойына Мағжан да қатысады. Бұдан әрі Мағжан "Қазақ" газетіне өзінің өлеңдерін бастырып тұрады.

1917 жылғы ақпан төңкерісін қазақтың бір шоғыр демократ, ағартушыларымен бірге Мағжан да бостандық туды деп зор қуанышпен қарсы алады. Ол Омбы қаласында 1917 жылғы сәуірдің 25-сімен мамырдың 7-сі аралығында өткен Ақмола облыстық қазақ съезіне белсене қатысты. Бұл

съезге Орынбордан арнайы келген Міржақып Дулатов та қатысады. Съезде он адамнан құрылған облыстық қазақ комитеті сайланады. Оның құрамында Мағжан да бар. Мағжан сол жылы Орынборда шілде айында өткен 1-ші Бүкілқазақтың съезіне және желтоқсан айында өткен 2-ші Бүкілқазақтың I съезге қатысты. Сол кезде ол Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат болып және Алашорда үкіметінің оқу комиссиясының мүшесі болып сайланды. "Алаш" партиясына мүше болды. Осы кездерде ол өзінің жақсы көретін ұстазы Міржақып Дулатовпен жиі кездесіп, әңгімелесіп жүргені хақ.

Міржақыптың қызы Гүлнар Дулатованың айтуынша, 1926-1928 жылдары Міржақып Қызылордада қызметте болған кезде Мағжан ұстазының үйінде бірнеше рет болған көрінеді. Бұл олардың ақырғы кездесуі еді. 1928 жылдың желтоқсанында Міржақып тұтқындалып Мәскеудің "Бутырка" түрмесінде екі жыл отырғаннан кейін он жылға солтүстіктегі Соловкиге жер аударылады. 1935 жылы Балтық каналының бойындағы Сосновец станциясында лагердің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болады.

Мағжан 1929 жылы шілде айында тұтқындалып, алдымен Бутырка түрмесіне қамалып, кейін он жылға сотталып Карелияға жер аударылады. Одан көп қиыншылық көріп, 1936 жылы елге оралғанымен, 1937 жылдың желтоқсан

айының соңында Алматыда қайта тұтқындалып, 1938 жылғы 19 наурызда атылып кеткен. Осылай алаштың екі ардақты азаматы да тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. Олар тек 1988 жылдың аяғында ғана толық ақталып, есімдері халқына қайта оралды. Мағжанның "келешек күнде қағазға алтынмен жазар атыңды" деген болжамы шындыққа айналды. Қазір тәуелсіз Қазақстанда Міржақыптың да, Мағжанның да есімдері алтынмен жазылды. Олардың шығармаларын халқы асқан сүйіспеншілікпен оқиды.

МАҒЖАН МЕН МІРЖАҚЫПТЫҢ ДОСЫ (“Солтүстік Қазақстан”. 24.07.1998)

Республика Президентінің жарлығымен өткен 1997 жыл жалпы ұлттық татулық және саяси құғын-сүргінге түскен аяулы азаматтарымызды еске алу жылы деп белгіленсе, биылғы 1998 жыл халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп аталғаны

белгілі. Президенттің өзі айтқандай, «бұл екі жыл ажырағысыз, бірін-бірі толықтыратын ұғымдар».

Белгілі тарихшы, академик Манаш Қозыбаевтың айтуынша, 1937-1938 жылдары Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшырап, соның 23 мыңы атылыпты. («Егемен Қазақстан», 18.04.1998ж.). Өткен 1997 жылы солардың бірталайының аты аталып, еске алынды. Дегенмен әлде де көптеген боздақтарымыздың есімі жұртшылыққа толық мәлім емес. Солардың бірі белгілі жазушы, публицист, ақын, дарынды қайраткер Міржақып Дулатов пен сыршыл ақын, көрнекті педагог, тамаша азамат Мағжан Жұмабаевтың жақын жолдасы, досы, жерлесіміз Жұмағали Тілеулин.

Өкінішке орай, бұл кісінің өмір жолы мен қызметі туралы толық мәлімет осы күнге дейін еш жерде жарық көрген жоқ. Біз әртүрлі жазбалалардан, естеліктер мен архив құжаттарынан жиып-теріп бірсыпыра мәліметтер жинаған болдық. Енді сол деректер негізінде оқырмандарды осы азаматпен таныстырып көрейік.

Ең алғаш бұл кісі туралы біз 1989ж. «Жазушы» баспасынан шыққан Мағжан Жұмабаевтың мына достық әзілінен білдік:

Көкшетаулық,
Денге саулық
Ақ жаулық.
Жерді шарлап,

Жыладым зарлап,

Ғали жоқ. (Ғали деп отырғаны Жұмағали. – Қ.М.).

Бұл эпиграммадан Жұмағали Тілеулиннің көкшетаулық екенін білдік. Соңынан «Жұлдыз» журналының 1990 жылғы 6-шы санындағы Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр апайдың «Ардақтап өтем әкемді» деген көлемді мақаласынан Жұмағали Тілеулинмен жақынырақ таныстық.

1909 жылы Міржақыптың «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы шыққаны белгілі. Осы кітап үшін патша өкіметі оның авторын құдалауға айналады. Міржақып жан сауғалап 1910 жылы Қызылжарға келіп паналайды. Сол кезде елдегі ағасы Асқарға жазған бір хатында ол былай депті: «Қызылжарға келгелі бірталай кісілермен таныстым. Олардың ішінде тез тіл табысып кеткенім – Жұмағали Тілеулин деген дәрігер. Ол - әрі қаламы төселген жазушы екен. Өнерден де құр еместігі арамызды жақындата түсті. Оның үйіне барып тұрам». Бұл хатында Міржақып Мағжан туралы да айтқан: «Осы қалаға келгелі орысша оқытып жүрген шәкіртім Мағжан Жұмабаев сынды ақыным бар. Оның менен жасы кіші, жазған өлеңдері тамаша, ақындығы күшті, өте дарынды жігіт. Екеуміздің өмірге деген көзқарасымызда айырмашылық жоқ десем де болады, сырласып, достасып кеттік».

Міржақыптың осы хаты арқылы біз Жұмағалидың «дәрігер» екенін, «қаламы төселген

жазушы» екенін, «өнерден де құр еместігін» білдік. Сонымен қатар Мағжанмен де достасқанын білдік. Бұл үшеуінің сол 1910 жылы басталған достығы өмірлерінің соңғы күніне дейін сақталған.

1993 жылы Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдығы қарсаңында ол туралы облыстық архивтен материал іздеп жүріп, мен Жұмағали Тілеулин туралы кейбір деректерді кездестірдім. Одан кейін архив қорларының басқа да құжаттарын ақтарып ізденудің нәтижесінде тағы бірсыпыра материалдар табылды.

Осы деректерге сүйенсек, Жұмағали Тілеуліұлы 1890 жылы бұрынғы Ақмола губерниясының Көкшетау уезіндегі 4-ші ауылда туған, Омбы қаласында фельдшерлік мектепті бітіріп, фельдшерлік мамандық алған. 1917 жылға дейін Қызылжар қаласында уездік емханада дәрігер болып істеген. 1917 жылдан бастап ағартушылық және қоғамдық жұмыстармен айналысқан. Ол Алаш партиясының мүшесі болып, әрі «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде және жергілікті баспасөзде мақалаларын жариялап тұрған.

Жұмағали Тілеулин де өзінің достары Міржақып Дулатов пен Мағжан Жұмабаев сияқты туған халқының білімін көтеріп, санасын оятуға ат салысқан. Оны мына бір мысалдан да көруге болады. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы № 239-шы санында Міржақып Дулатов өзінің «Оян, қазақ!» атты кітабы үшін патша өкіметі біржарым жылға

түрмеге қамап, кітапты халыққа таратпауға үкім шығарғанын айтады. Одан әрі патша өкіметінің қаһарлы үкімінен қорықпай, 1916 жылғы июнь жарлығынан кейінгі аласапыран мен күйзеліске қарамастан бұл кітаптың 1000 данасын Жұмағалидың көзінің қарашағындай сақтағанын келтіреді. Енді патша өкіметі құлағаннан кейін осы кітапты сатып, одан түскен ақшаны 1916 жылдан бері босқында жүрген бауырларға көмек ретінде бергісі келетінін айтады Міржақып. Хабарламасының соңында Міржақып: «Оян, қазақты!» жоғарғы шартпен алдыруға талабы бар, сорлы болған бауырларына жаны ашыған азаматтар мынау адрестегі Жұмағали Тілеулиннен алдырсын, адресі: г.Петропавловск, Ақмола облысы, уездная больница, фельдшеру Джумагалию Тлеулину» (М.Дулатов. Шығармалары. «Жазушы». 1991 ж., 286-287) деп жазады.

Екінші жағынан, бұл хабарламадан біз Жұмағалидың 1917 жылы әлі де уездік ауруханада дәрігер болып істеп жүргенін білеміз.

20-шы жылдардың басында мектеп мұғалімдерінің, әсіресе қазақ мұғалімдерінің білімі төмен болғаны белгілі. Осыған байланысты бұрынғы мұғалімдер даярлайтын бір-екі айлық қысқа курстардың орнына қазақ мұғалімдеріне арнап 3-жылдық педагогикалық курс ашу ұйғарылады. 1922 жылғы қазан айының жетісі күні Ақмола губерниялық оқу бөлімінің арнайы комиссиясы Қызылжар қаласында губерниялық

үшжылдық педагогикалық курс ашу туралы қаулы қабылдайды. Курстың меңгерушісі етіп ұйымдастырушылық жұмыста тәжірибесі мол Тілеулин Жұмағалиды тағайындауды ұйғарады. Сол жылғы 10-шы қазанда болған Ақмола губерниялық оқу бөлімінің коллегиясы комиссияның бұл шешімін бекітеді. Коллегия қаулысында Тілеулинге курсты ұйымдастыру жұмысын сол күннен бастап қолға алуды тапсырады.

Коллегия өзінің 3-ші қарашадағы қаулысымен 3-жылдық орыс педкурсын педагогикалық техникумға айналдырады да, қазақ педкурсын осы техникумда қатарласа жұмыс істеуге ұйғарады. Кейін ол жеке қазақ педтехникумы болып қайта құрылады. Оның бірінші директоры болып сол кезде губерниялық оқу бөлімінде әлеуметтік бөлімнің меңгерушісі қызметінде жүрген Жанұзақ Жәнібеков тағайындалады. Бірақ ол көп істемейді. Сол жылдың аяғында қазақ педтехникумының директорлығына Жұмағали Тілеулин кіріседі. Сөйтіп оны қазақ педтехникумының алғашқы ұйымдастырушысы және басқарушысы деуге толық негіз бар. Міне, осы кезде Жұмағали Тілеулин ұйымдастыру жұмысына және жаңа оқу орнына оқытушылар іріктеп алуға көп еңбек сіңіреді. Бірінші жылы педтехникумның орыс бөлімінде (меңгерушісі Стрижов) 66 оқушы, қазақ

бөлімінде (Тілеулин) 47 оқушы оқиды. Әр бөлімде 11 оқытушы істейді.

Сол кезде қазақ бөлімінде сабақ бергендер: Тілеулин Жұмағали, Жәнібеков Жанұзақ, Мәмеков Ғалауетден, Айбасов Біркей, Бейсенов Мұхамеджан, Кемелев Ғали, Жандосов Садуақас, Ержанов Бәйімбет, Болғамбаев Хайретден, Айтхожин, Мұратов.

Бұлардың барлығы да әртүрлі кеңес мекемелерінде қызметте болғандықтан губерниялық атқару комитетінен оларды сабақ беретін уақытта басқа қызмет міндеттерінен босату сұралады. Атқару комитеті бұған келісімін береді. Ж.Тілеулин өзі техникум оқушыларына тарих, жаратылыстану, педагогика пәндерінен сабақ береді.

1925 жылғы 20 маусым күні педтехникумды бірінші бітірушілерді шығарып салу рәсімі жасалады. Техникумның орыс бөлімін 32 адам, қазақ бөлімін 8 адам бітіріп шыққан.

Архивте 1926 жылғы 2-ші мамыр күні болған қазақ педтехникумының педагогикалық кеңесінің протоколы (мәжіліс хаты) сақталыпты. Онда курсты аяқтаған 17 мұғалімге куәлік берілсін деген қаулы қабылданған. Олардың 11-не аудандық мектептерді басқаруға құқық беріліп, қалғандарына ауылдық мектептерге жолдама тапсырылған. Педагогикалық кеңестің аяғында педтехникумның директоры Ж.Тілеулин педтехникум

оқытушыларының атынан оқу бітіріп куәлік алған мұғалімдерді құттықтап сөз сөйлеген.

1927 жылғы 15-ші тамыздан бастап қазақ педтехникумының директоры болып Жиенғали Әділұлы Тілепбергенов тағайындалады. Ол бұған дейін 1926 жылдан бастап «Бостандық туы» газетінің редакторы болып істеген белгілі жазушы болатын. Жұмағали Тілеулин аз уақыт педтехникумда сабақ беріп жүреді де, сол жылдың аяғында өз мамандығы бойынша басқа жұмысқа ауысады. Оның беріп жүрген сабақтарын бұрынырақ Мағжанмен бірге Қызылжар және Уфа медреселерінде оқыған Бекмұхамед Құсайынұлы Серкебаев (халық артисі Ермек Серкебаевтың әкесі) алады.

Бұдан кейін облыстық архивте сақталған Петропавл округтік денсаулық сақтау бөлімінің 1927-1928 жылдардағы кадрлар жөніндегі жазбаларынан Жұмағали Тілеулиннің губерниялық, денсаулық сақтау бөлімінде емдеу кәсіп одағының меңгерушісі болып істегенін көреміз. Бұл жазбалардағы құжаттар Ж.Тілеулиннің осы емдеу кәсіподағының меңгерушісі ретінде 1927 жылғы қарашаның 19-ынан 1928 жылғы сәуірдің 30-ына дейін әртүрлі 22 құжатқа қол қойғанын көрсетеді.

Бір қызығы, осы құжаттарға кәсіподақ меңгерушісі Тілеулин ылғи губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Савельевпен қатар қол қойып отырған. Соған қарағанда ол кезде

кәсіподақтың маңызы үлкен болған сияқты (ф. 17, оп. 1., Д. 3.).

Осы құжаттардан тағы бір байқағанымыз, Ж.Тілеулин денсаулық бөлімінде істеп жүріп те сондағы қызметкерлерге арнап қазақ тілі курсы ашқанға ұқсайды. Оған дәлел сол кездегі Ақмола губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі Қожахметовтың денсаулық бөліміне 1928 жылғы 16 ақпанда жазған хаты. Бұл хатта ол денсаулық бөлімінен қазақ тілі курсының жұмысы туралы мәлімет беруін сұраған.

Гүлнәр Міржақыпқызы «Жұлдыз» журналында (1994 ж. № 3-4) жарияланған «Аманат» атты естелігінде: «Жұмағалидың ұлы медицина ғылымының докторы Серік Жұмағалиұлы Тілеулиннің айтуынша, ...Қызылжарда тұрғандарында әкесінің медтехникумның директоры болғанын әрі дәрігерлік жұмыс атқарғанын шешесі Райханнан естігенін айтады», - дейді.

Әзірше архив құжаттарынан Жұмағалидың медтехникумның директоры болғанын куәләндыратын деректер кездеспеді. Мүмкін, ол кезде жас Серік (1926ж. туған) әкесінің қазақ педтехникумының директоры болғанын ауыстырып алған болар. Бір күмәндісі – Жұмағалидың 1928-1930 жылдары қандай қызмет істегені жөнінде бізге ешқандай құжат кездеспеді.

Тек Петропавл медициналық техникумының 1930-1934 жылдарды қамтыған бұйрықтар

кітабындағы 1931 жылғы 26 қаңтарда жазылған бұйрықта:

«Тілеулин Жұмағали 1931 жылғы 9 қаңтардан бастап медициналық техникумға қазақ тілі пәнінің оқытушысы болып алынсын» делінген. Мұнда ол қанша істегені, қызметтен қашан босағаны туралы дерек жоқ.

Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарма (ОГПУ) органдары 1928 жылдың аяқ кезінен бастап Алаш партиясы мен «Алаш-Орда» үкіметінің басшылары мен белсенді мүшелерін қудалай бастағаны белгілі. 1928 жылғы 29 желтоқсанда Қызылордада Міржақып Дулатов ұсталса, 1929 жылғы 6 шілдеде Қызылжарда Мағжан Жұмабаев тұтқындалды.

Гүлнәр Міржақыпқызы: «1929-1930 жылдары оның (Міржақыптың.- Қ.М.) көп жолдастары ұсталды, жалпы саны 32. Ішінде Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тілеулин бар» («Жұлдыз», 1994 ж. № 3-4. Г.Дулатова. «Аманат» Естелік) – деп айтады.

Жоғарыда келтірілген медициналық техникумның бұйрығына қарағанда, 1931 жылғы қаңтар айында Ж.Тілеулин қызметте болған. Сондықтан оны сол 1931 жылдың қаңтарынан кейінгі айларының бірінде тұтқындаған деп жорамалдауға болады.

Аталған естелігінде Гүлнәр апай әкесінің айдауда жүргенде бірсыпыра жолдастарынан алған хаттарынан үзінділер келтіреді. Солардың бірі Павловск қаласында айдауда болған Жұмағалидың

1934 жылғы 30 мамырда жазған хаты: «Ст. Медвежья гора. Мурманск. ж.д. 1 ОЛК. Центральные курсы лекпомов при сан-отделе Дулатову М. г.Павловск ЦЧО ул. К.Маркса, дом. 6. Ж.Тлеулин. Адрестерінді жуырда алдым. Тұрмыс саулықтарың қалай? Тұрағым Павел қаласы, қаратопырақ бетінде саулық сақтау жұмысындамын. Менен басқа мұнда біздің жақтан кісі жоқ, жалғызбын. Тұтынуға қиындау болғандықтан үй-іші мұнда келген жоқ, екі жылдан бері Ташкентте тұрып жатыр... Мұнда қызмет болғанмен табыс аз. Үй-іші келе алмай отырғаны содан. Өздерің қандай халде тұрсындар. Абдолла Варонежде тұрады. Көптен хат келмей тұр. 30.05.1934 жыл. Жұмағали». Мұндағы Абдолла – Жұмағалидың бажасы Абдолла Байтасов. Ол кезде бұл да айдауда болған.

Осы естелігінде Гүлнәр апай: Жұмағали «Міржақыптың інісіндей сенімді жолдасының бірі, қатар қамалып бес жылын Ресейде өтеп, 1936 жылы Қырғызстандағы Новотроицк поселкісінде дәрігерлік атқарып үй-ішімен тұрып жатқанда, 37-нің зобалаңына ұшыраған аяулы жан», - дейді.

Міне, Қызылжар қаласында 25 жылдай денсаулық сақтау, білім салаларында халқына адал қызмет атқарған Жұмағали Тілеулиндей абзал жерлесіміз де 1937 жылғы қуғын-сүргін кезінде жазықсыз атылып кеткен. Міржақып, Мағжан сияқты оның есімі де халқымызға жақсы таныс

болуға тиісті. Оның өмір жолы мен шығармашылығын әлде де зерттей түсу бізге, кейінгі ұрпақтарға зор парыз.

СӘБИТ ЖӘНЕ МАҒЖАН (сәуір 2000 ж.)

Абай – ақылдың ақыны, ал Мағжан – ақынның ақыны. Мағжан ақын ретінде Абайдан күштірек. Біз Мағжаннан үйренуіміз керек.

Сәбит Мұқанов.

Біздің Солтүстік Қазақстан жері тамаша талантты адамдарға бай. Сол таланттардың ішінде Мағжан Жұмабаев пен Сәбит Мұқановты ерекше атауға болады. Соңғы жылдары Сәбит пен Мағжан өмір бойы бір-бірімен жауласып өтіпті, Сәбит өне бойы Мағжанды қуғындаумен болыпты деген сөздер естіліп қалып жүр. Шынында солай ма еді?

Шындығна келсек, олардың қарым-қатынасының көлеңкелі де, сәулелі де кезеңдері болған. Оның әртүрлі объективті де, субъективті де себептері болды.

Сәбит кедей малшының отбасында туды және алты жасынан әке-шешесінен жетім қалып, жетімдіктің қиыншылығын көріп өсті. Ауыл молласынан оқып хат таныды. Байлардың малын бағып, бала оқытып күнін көрді. Тек 1918 жылдың аяғында 18 жасар Сәбит қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлайтын екі жылдық курсқа оқуға

түсу үшін Омбы қаласына келеді. Міне осында ол алғашқы рет Мағжан Жұмабаевпен кездеседі, үйткені Мағжан осы курстың оқытушысы әрі бастығы еді.

Егер Сәбит бұл кезде шала сауатты, орыс тіліне шорқақ қу кедей болса, Мағжан бұған дейін Қызылжар қаласындағы 5 жылдық медресені бітіріп Уфа қаласындағы жоғары дәрежедегі «Ғалия» медресесінде бір жарым жыл оқып, Омбының мұғалімдер даярлайтын семинариясының дипломын алып шыққан болатын.

Сәбит ел ішінде әртүрлі айтыстарға қатысып өлең шығарып жүрсе, Мағжан сонау 1912 жылы Қазан қаласында өзінің өлеңдерінің «Шолпан» атты бірінші жинағын шығарып үлгерген белгілі ақын болатын. Сонымен қатар ол Алашорданың Ақмола облыстық комитетінің мүшесі. Бұл комитеттің өзі Ақмола облысының сол кездегі орталығы Омбы қаласында еді.

Сәбит Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» романының екінші кітабінде: «Курстың бастығы белгілі байшыл-ұлтшыл, кейін революцияға қарсы ақын – Мағжан Жұмабаев боп шықты... Мағжан – ол кезде алашордашылардың ең мақтаулы жазушысы. Оның өлеңдері Семейде шығатын «Абай» журналы мен «Сарыарқа» газетінде басылып тұрады» – деп жазады. Меніңше, мұндағы «Мағжан байшыл-ұлтшыл, революцияға қарсы ақын» деген сөздерді Сәбит алашордашылар

қудаланатын 30-шы жылдардағы саяси жағдайға байланысты жазған.

Сонымен бірге Сәбит Мағжанның өзіне көмек көрсеткенін де жасырмайды. Сәбиттің барар жері жоғын, әрі өз бетімен күн көретін де жағдайының жоғын көрген Мағжан оны өзі тұрған нағашысы Ғазизбайдың үйіне орналастырады. Курста оқылған сабақтары туралы Сәбит былай деп есіне алады: «Курста бізге берілетін сабақтардың саны он: Қазақ тілі, орыс тілі, география, есеп, жаратылыс тану, педагогика, тарих, дін сабағы, ән-күй, гимнастика». Мағжан курста қазақ тілі, орыс тілі, педагогика, тарих пәндерінен сабақ берген.

Сәбит Мағжанның өзінің өлеңдерін оқып, мұның пікірін сұрағанын айта келіп, оның махаббат туралы лирикалық өлеңдерін ұнатқанын, ал Колчакты дәріптеген өлеңдерін ұнатпағанын білдіреді. Ал Мағжан Сәбиттің өлеңдерін тыңдап, оның жастық туралы, және айтыс өлеңдерін қоштап, ал сол кездегі кедей-батрактардың ауыр тұрмысы туралы өлеңдерін ұнатпады – дейді.

Колчак үкіметі құлағаннан кейін Омбыдағы аталған курс жабылып қалады да, Сәбит Қызылжар арқылы еліне, Жаманшұбарға қайтады.

1919 жылғы сәуірдің 4-інде Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің қаулысымен алашордашыларға амнистия (кешірім) жарияланып, олардың кеңес мекемелерінде қызмет істеулеріне рұқсат беріледі. Мағжан Жұмабаев аз уақыт

Омбыда 1920 жылдың ақпан айынан бастап шығып тұрған «Кедей сөзі» атты қазақ газетінің редакциясында істеп жүреді де, 1920 жылдың көктемінде Қызылжарға келеді. Мұнда сол 1920 жылғы маусымның 6-сынан бастап «Қызыл мұғалімдер» курсы ашылады. Міне осы курста Мағжан мен Сәбит екінші рет кездеседі. Мағжан курста педагогикадан және қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Мұнда қазақ ауылдарында сабақ беретін мұғалімдер даярланады. Сәбит қатардағы курсант болып дәріс алады.

Бірақ бұл кезде саяси жағдай өзгерген еді. Сәбит Коммунистік партияның мүшелігіне кандидат болған, жан-тәнімен жаңа кеңес үкіметінің мүддесін қорғаушы. Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің аталған қаулысына да қарамай жергілікті жерде бұрынғы алашордашыларға сенімсіздікпен қарау жалғаса берді. Мұндай көзқарас Сәбитте де болды. Бұл туралы Сәбит: «Қазақ тілі» аталатын сабақты Мағжан Жұмабаев оқытты. Ол сөз жүзінде Совет үкіметін жақтаған болып жүрді де, іс жүзінде өзінің «ескі әніне» басты. Еңалдымен ол ... тіл сабағының мысалы ретінде алашордашыл ақын-жазушылардың реакциялық шығармаларын оқитын болды. Оның бұл «қулығы» тез әшкерленіп, мұғалімдер көпшілігінің талабы арқылы курстың

педагогикалық советі алашордашылардан мысал алуға тыйым салды...

Мағжан онымен үндемей жатып қалған жоқ. Пікірін таратуға оның екінші тапқан жолы, - өзінің шығармалары. Совет үкіметіне дәл сол бір тұста ашық қарсы шығуға батылы жетпеген оның талғажау қылғаны «тарихи» тақырып. Бір поэмасында («Оқжетпестің қиясында» – Қ.М.) ол халық жауы Кенесарыны, бір поэмасында («Ертегі» - Қ.М.) оның баласы Сыздықты мақтап, ұлтшыл-байшылдық заһарының бәрін көрбілтелеп төкті. Бұл шығармаларын мұғалімдер арасында оқуға қорыққан ол, көптің алдына тартудың басқа бір әдісін тапты.

Со кезде, Қызылжарда «Қазақ-татар клубы» деген бар, ол сақау Баймағамбет аталатын бір байдың конфискацияға алынған үйінде. Клубта, өзге мәдениеттік шаралармен қатар, сауық кештері, немесе әдебиет кештері болып жатады. Сондай кештердің біреуінде Мағжан жоғарыда аталған реакциялық өлеңдерін оқиды.

Осы мәселе, курс жанында ұйымдасқан партия ячейкасының жыйналысында арнаулы мәселе боп қаралды...

Жыйналыста саяси қырағылықты күшейту, үгіт-насихат жұмысын күшейту туралы бірнеше тармақпен алынған қаулыда, екі тармақ менің есімде осы күнге дейін берік сақталды: бірі – ұлтшылық-байшылдыққа көркем әдебиетте де жол

бермеу, ондай әрекет жасағысы келгендерді мейіріміз әшкерелеу, қазір, бұндай қылығы айқын дәлелденген Жұмабаевты қызметтен қуу, екінші – курстың жанында, революциялық рухта шығарма жазатындардың үйірмесін ашу, сөйтіп, өз кадрлерімізді шығаруға жағдай жасау.

Партия ячейкасының қараған мәселесі, ертеңінде жалпы курстық жыйналыста талқыланады... Жыйналыс ячейканың қаулысын түгел қолдады. Мағжан «түзелмейтін алашордашылға саналып», қызметтен қуылды».

Сәбит курстың жанында шығатын қабырға газетінің шығарушылар алқасының мүшесі болатын. Ячейканың аталған қаулысынан кейін ол газеттің кезекті санында «Түсімде» деген фельетонын бастырады. Соңынан, 1922 ж. 22 ақпан күні «Еңбекші қазақ» газетінің 11-ші санында жарияланған бұл фельетон Жұмабаевтың байшылдығын әшкерелеуге арналған. Бұл Сәбиттің баспасөзде жарияланған бірінші еңбегі еді.

Сәбит Мұқанов курсты аяқтай алмады. Уездік ревком оны бір айдасын-ақ Қызылжар уезінің Қостанай жақ шегіндегі Смайыл, Преснов, Таузар, Анастасьев, Аққусақ, Қаратал, Қараоба болыстарына партия ячейкаларын ұйымдастыруға, ауылдарда тұтынушылар кооперациясын ашуға, продразверстка жинауға жібереді.

Мағжан аз уақыт «Бостандық туы» газетінде істейді. Бірақ онда да көп тұрақтай алмайды. Тап

күресінің белсенділері оның әр мақаласынан байшылық, ұлтшылық, совет үкіметіне қарсылық сипаттарын іздеп тауып әшкерелейді.

Бертінге дейін Мағжанның редакциядан қуылғаннан кейін қайда істегені белгісіз болып келген еді. Тек 1997ж. жазда облыстық мемлекеттік архивтен табылған құжаттар оның 1922 жылы жазғытұрым және жаз айларында Ақмола губерниялық аштарға көмек беру төтенше комиссиясының төрағасының орынбасары болып істегенін көрсетіп отыр.

1921 жылы Сәбит ЧОН (части особого назначения) отрядінің құрамында ақгвардияшылар мен кулактардың бірлескен көтерілісіне қарсы ұрыстарға қатысады, Қызылжарда ашылған совпартшколада оқиды, 1922 жылғы тамыз айынан бастап Орынбор қаласындағы рабфакқа оқуға кіреді.

1922 жылғы қазан айында Мағжан қалыңдығы Зылиқамен Челябині, Орынбор арқылы Ташкентке барады. Осы кезде Орынборда оның «Педагогика» атты кітабі жарық көреді. Мағжан Ташкентте қазақ мұғалімдер институтында сабақ береді, әрі «Ақжол» газетімен «Сана», «Шолпан» журналдарында қызмет істейді. 1923ж. осы Ташкентте Мағжан өлеңдерінің үшінші жинағы баспадан шығады. Бұл жинаққа сол кезде Түркістан республикасының басшыларының бірі болған Сұлтанбек Қожанов былай деп алғы сөз жазды:

«М.Жұмабайұлының өлеңдері» казак әдебиетінде үлкен орын алған деп санап, басып отырмыз. М.Жұмабайұлының өлеңдерімен оқушылар бұрыннан таныс. Әдебиеті жана аяқтанып, әдебиет тілі енді жасалып келе жатқан жұртта Мағжандай ақындардың қызметі зор екені анық.

Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі саналып келген, ресми қағаздар жазуға, кітаптар жазуға жарамсыз делініп келген казак-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын, бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады. Сондықтан біз Мағжан өлеңдерінің саяси мәнісінен гөрі әдеби мәнісін көбірек көзде тұттық. Сол жақтарын ескеріп, Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүние-тануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық жағына, суреттеу жағына көбірек көз салынуы керек; тарихи мәнісіне жете түсінуі керек». Бұл сөздері қазірде күшін жойған жоқ...

Ал, Мағжан сол 1923ж. қыркүйек айында Мәскеудегі жоғары әдебиет-көркемөнер институтына оқуға түседі. Бұл институтты ол кезде орыстың белгілі ақыны Валерий Брюсов басқаратын. Ол кейін Мағжанды «казактың Пушкині» деп атаған. Осы институтта оқып жүріп Мағжан Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде (КЕКУ) сабақ береді және

«Күншығыс» баспасында қызмет істейді. Ол Мәскеуде орыс және Батыс Европа әдебиетімен кеңірек танысады, жаңа өлеңдер, поэмалар жазады, Лениннің, Горькийдің, Всеволод Ивановтың, Мамин-Сибиряктің, И.Гетенің, Г.Гейненің бірсыпыра шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Алайда «ақын жаны жай таппайды: ылғи сын, қаңқу, шаншу сөздерден көзі ашылмайды. Ескішіл, байшыл ақын атанады. Оқушы қауымға Мағжан өлеңдерін жат өлең ретінде, өткенді көксейтін, кертартпа, уайымшыл шығармалар деп уағыздайтын мақала, сөздер баспа бетінде көбейе бастайды». (М.Базарбаев).

1923ж. желтоқсан айында Орынбор рабфагінде оқып жүрген студенттер (ішінде Сәбит Мұқанов та бар) Мағжанға сырттай әдебиеттік сот жасайды. «Соттың қаулысы үш тармақтан құралды:

1. Жұмабаев қазақ халқының, онымен қатар, қазақ халқына қамқор боп отырған Совет өкіметінің қас жауы деп танылсын.

2. Оның барлық шығармалары оқудан алыну үкіметтен сұралсын.

3. Бұдан былай советтік баспасөздің бетінен оның шығармаларына орын берілмесін. (С.Мұқанов. «Өмір мектебі». 2-ші кітап. А.1953. 365-366 беттер).

1924 жылдың аяқ кезінде Мәскеуде оқитын қазақ жастарының жиналысында Мағжан өлеңдері талқыланып, оның ақын шығармаларын теріске шығарған қаулысы Қазақстанға жіберіледі. Бұл

жиналыс туралы есеп «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 14-қаңтардағы санында жарияланады. Осындай орынсыз сындардан көңілі жабыққан ақын «Елге сәлем» деген өлең жазады. Ол «Тілші» газетінде жарияланады. Өлеңде мынадай жолдар бар:

Қайтуым хақ, белді буып тас қылып,
Кет деме, елім, енді мені басқа ұрып.
Дейтін болсаң: қой жырыңды, жырауым,
Қобызымды қиратармын тасқа ұрып.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жылғы 19-желтоқсанындағы санында «Сәлем хат жазған азамат Мағжан Жұмабайұлына» деген ескертпемен Сәбит Мұқанов «Сәлемге сәлем» деген жауап өлең бастырып шығарады. Онда мынадай жолдар бар:

Сен құлан, өз қағыңнан жүрген жеріп,
Ел аман, жұрт тыныш кезде қайғыға еніп.
Сүйгіш жолыңнан табан бұрма,
Қобызыңнан, ақыным, безбе әлі.

Ақынға қарсы шабуылдың соншама қатал болғанын, елін сағынып, оқуда жүрген жанның жүрегі елжіреп жазған сәлем хатына берілген осы жауаптан байқауға болады.

«Қазақ әдебиеті тарихының очеркі» деген еңбегінде Сәбит Мұқанов былай деп жазды: «1920-1923 жылдары Қазақстанда байшыл бағыттағы ақындар күш алып тұрды. Олар Советтерге қарсы кітаптар, журналдар шығарды. Бұл кезде ешкім

оларға қарсы сөйлемеді, ешкім олардың қателіктерін көрсетпеді.

1923-1926 жылдары байшыл жазушылар Қазақстанда қуғынға ұшырады. Сондықтан олар Түркістанға барып Сұлтанбек Қожановтың айналасында топтасты. Сұлтанбек олардың билігіне «Ақжол» газеті мен «Сана» және «Шолпан» журналдарын беріп қойды». Шынында да осылай еді. Сұлтанбек Қожановтың қамқорлығын көрген жазушылардың бірі Мағжан. Соның көмегімен 1923ж. Ташкентте Мағжанның өлеңдер жинағы жарық көрді.

Бірақ 1924 жылдан бастап, әсіресе жоғарыда аталған Мағжан шығармаларын теріс қабылдаған екі жиыннан кейін Мағжанға қарсы сын күшейе түсті. Оның шығармаларын басуға тыйым салынды. Тіпті оның бұрын шыққан кітаптарын кітапханалардан аластау туралы нұсқаулар берілді. Мысалы, Қазақ баспасының меңгерушісі Кондратов Ақмола губерниялық баспасына 1925 жылғы 11 наурызда мынадай хат жазған: «Қазақ бас баспасындағы деректерге қарағанда Ақмола губерниясында Мағжан Жұмабаевтың 1923ж. Ташкент мемлекеттік баспасынан қазақ тілінде басылып шыққан өлеңдер жинағы айналымда жүрген көрінеді. Бұл басылымды айналымнан алуға бар күштеріңді салыңдар... Алынған даналарды ерекше бұйрық алғанға дейін сақтай тұрыңдар...»

1925ж. жазда Сәбит Мұқанов Қызылжарда «Бостандық туы» газетінің жауапты хатшысы болып тағайындалды. Мұнда ол жергілікті жазушылармен журналистерді біріктіріп әдеби үйірме ашады. Ал 1926 жылғы жазда ол Қызылордаға келеді. Мұнда сол жылғы маусым айында Қазақ пролетарлық жазушыларының ассоциасы (ҚазАПП) құрылады. ҚазАППтың ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып Сәкен Сейфуллин, жауапты хатшысы болып Сәбит Мұқанов тағайындалады. Бұл ұйымның бағдарламасының жобасын жасау Сәбит Мұқановқа жүктеледі. 1926 жылғы 4 қазанда бағдарлама пролетарлық бағыттағы жазушылардың жалпы жиналысында талқыланып бекітіледі. Сол күннен бастап ҚазАПП осы бағдарлама негізінде жұмыс істейді.

1927ж. жазында Мағжан Жұмабаев Мәскеудегі әдебиет-көркемөнер институтын бітіріп Қызылжарға келеді. Мұнда ол педагогикалық техникумда және совпартшколада Қазақ тілінен сабақ береді.

Мәскеуде оқыған кезінде Мағжан көп ойланып-толғанады, қоғамды таптық тұрғыдан қарай бастады. Өзінің өлеңдерін де осы принциппен жаза бастады.

1927ж. 17 тамызда «Еңбекші қазақ» газетінде оның «Тоқсанның тобы» деген поэмасы басылып шықты. Онда автор жаңа өмірді қуанышпен қарсы

алады, оған шын көңілмен ден қойғанын білдіреді. Бүкіл халықтың жаңа тұрмыс құруға бет алғанын қоштап, өзі де оған қосылатынын айтады. Тоқсан деп көпшілікті, жүздіктің онын емес, тоқсанын қолдаймын дейді:

Ес біліп ойлап, толғанып,
Қолыма қалам алғалы,
Сөйлеген емен жасыра:
Мен мұндымен мұндастым,
Адассам ел деп адастым.
Он деген емен асылы,
Он демедім, демеспін.
Ой көзінде көмескі,
Жырладым елді жалпылап,
Жасырмай жүзді жоқтадым,
Тоқсанға енді тоқтадым.
Толғанып, ойлап, талқылап
Сөздің тоқтар түйіні:
Бұл – тоқсанның жиыны,
Осы армансыз білгенім.
Тоқсаннан сонау он аулақ
Сонау оннан мен аулақ
Мен тоқсанмен біргемін.

Өкінішке орай, ақынның бұл жаңа ұстанған жолын (позициясын) республика басшылығы түсінбеді, не түсінгісі келмеді. Қазкрайкомның Орталық комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекин Қазақстан өлкелік ҮІ-партконференциясында сөйлеген сөзінде былай

деген (1927ж. қарашада): «Среди интеллигенции имеется движение, напоминающее «сменовеховцев». Вы, наверное знаете знаменитое стихотворение Жумабаева о «Девяносто». Он о себе пишет, что он на стороне девяноста, а большинство ему поверило, что это действительно так, и было обмануто. Они сначала говорили сто и потерпели поражение, а теперь говорят о девяносто. Если к нам придут с хорошими делами, мы по спине погладим, однако чтобы показать необходимость поддержки девяносто другими, мы не только по спине их погладим, но в то же время и ударим по спине».

Республика бірінші басшысының бұл сөздері Мағжанға деген пролетарлық бағыттағы жазушылардың сынын тіпті үдетіп жіберді.

Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінің» 3-ші кітабінде («Есею жылдары») былай деп жазады:

«Көркем әдебиеттегі байшылдық-ұлтшылдықты әшкерелеу жұмысы қазақ әдебиетінің даму тарихында 1927-1928 жылдары ерекше қарқынмен жүрді десек, асырып айтпаған болар едік. Оған куә – сол кездегі газет-журналдардың бетінде жарияланған көптеген мақалалар. Мен осы қызу айтыстың қалың ортасында жүргендердің бірі болдым. Байшыл-ұлтшылдар пікірлерін бүркеншікті түрде өткіземіз деп тырысқанмен, совет әдебиетінің бағытындағылар олардың бет пердесін тез

сыпырды да, кім екендіктері халық алдында айқын көрінген ұлтшылдар саяси ажалы жақындағанын сезіп, бір жүйелері:

Сонау оннан мен аулақ

Мен тоқсанмен біргемін (М.Жұмабаев), - деп, бұрынғы таптық бетінен жалтаруға тырысты». Бұдан ол кезде Сәбит Мұқановтың басқа да пролетарлық бағыттағы жазушылар сияқты Мағжанның шынымен халықтың көпшілігі (90) жағына бет бұрғанына сенбегені көрініп тұр. Ал Мағжан шынымен совет үкіметі жағына бұрылып еді, өз творчествосының жаңа бетін ашып еді. Амал не, тағдыр оған осы жаңа позициясынан жаза беруге мүмкіндік бермеді. Сталинизмнің қара бұлттары қоюлана бастады. Бұл бұлттардың көлеңкесі ең алдымен еліміздің Мағжан сынды озық интеллигенциясының басына түсті. 1929ж. шілде айының басында Мағжан Қызылжардағы өз үйінде тұтқындалды. Ол алдымен этаппен Алматыға жіберіліп, одан Мәскеудің атақты «Бутырка» түрмесіне қамалды. Одан кейін Карелия ормандарына 10 жылға каторгалық жұмысқа жер аударылды.

Міне, осы сот пен жераударудан кейін Сәбит өзінің қателігін түсінді. Сондықтан Мәскеудің Қызыл профессура институтында оқып жүрген кезінде (1932-1933жж.) лагерьдегі Мағжанға арнайы хат жазады. Бұл туралы белгілі ғалым,

филология ғылымының докторы профессор Тұрсынбек Кәкішев былай дейді:

«Мағжан сотталып Беломор каналында арып-ашып жүрген кезінде жазған хатын Сәбең 1959ж. 10 қарашада маған оқып берген еді. Оны өзімнің «Дала – жүрек» деген естелігімде тарата жаздым. 1990ж. Абай атындағы опера және балет театрында Сәбеңнің 90 жылдығына арналған салтанатты жиналыста жасаған баяндамада бүкіл республикаға естірте айттым. Ол хатта Сәбең: «Таяуда түрмеден шығасыз, сонда қай жақта боласыз, зорлық-зомбылықты кек тұтқан пиғылда шығасыз ба, әлде «Тоқсанның тобындағы» ойға ойысасыз ба?»

Біз үшін, қазақтың қасиетті поэзиясының келешегі үшін Сіздің Совет жағына шыққаныңыз олжа болар еді» деген ойларды жазыпты.

«Сізге тиісті орындар жазғызды ма? – деп сұрағанымда: «Жоқ, өзім жаздым... - арымның әмірі мен жазғанмын» – деді. (Т.Кәкішев. Санадағы жаралар. «Қазақстан». 1992ж. 224 бет).

Сәбеңнің естелігін естіген Қарағандылық жазушы Жайық Бектұровқа Сәбең: «Мен Мағжанға 1932-1933 жылдары Москвада оқуда жүргенімде, ГПУ-дан рұқсат алып, оған лагерьге Мурманск жағына хат жазып жібердім» – деген («Бес арыс». 1992 ж. 325 бет).

Сотталған Мағжанға Сәбиттің хат жазып өтініш білдіргені тарихи шындық екені қазір әбден дәлелденіп отыр. Үйткені Алматыдағы С.Мұқанов

музейі қорында хаттың түп нұсқасы сақталуда, - дейді профессор Т.Кәкішев.

1936 жылғы жазда Мағжан А.М.Горькийдің және оның әйелі Е.П.Пешкованың көмегімен лагерьден ертерек босап Қызылжарға келгені белгілі. Сол 1936жылдың қыркүйек айында Сәбит Мұқанов Қызылжарға келгенде Мағжанды әдейі іздеп тауып алып, шүйіркелесіп сөйлеседі, жылы-жылы сөздер айтып Алматыға қызметке шақырады.

Жазушы, ғалым Шериаздан Елеуенов мемлекеттік сыйлық алған «Мағжан» атты кітабінде мынадай дерек келтіреді: «1936 жылы 27 қазанда Мағжанға жазған хатында Сәбең: «Сізбен жолығып сөйлескенде мен айттым ғой: егерде өзіңіз шын ниетпен совет әдебиетіне қызмет етем десеңіз жазуыңызға ешкім бөгет болмайды деп. Сол сөзім әлі де сөз. Егерде шын ниетпен совет әдебиетіне ат салыссаңыз Сізді бетке қағатын, бұрын пәлен болып едің дейтін кісі болмайды...» (Ш.Елеуенов. «Мағжан». 1995. 135-136 беттер).

Лагерьден келген Мағжанды Қызылжар қаласында көпке дейін ешкім қызметке алмайды. Тек 1936 жылдың 1-ші қыркүйегінен бастап оны № 5 Пушкин атындағы жетіжылдық мектептің 5-7 кластарына орыс тілі мен әдебиетінің оқытушысы ретінде жұмысқа алыпты.

Мағжан бар ықласымен еңбекші елге қызмет істегісі келеді. Осы тұрғыда ол «Қаламыма», «Жамбылға» деген өлеңдер жазады. Бірақ үкімет өкілдері оның бұл қадамына көңіл аудармайды.

Оның есесіне НКВД оның соңына тағы түсіп тексерісті көбейте түседі. Ақыры 1937 жылдың қаңтар айының соңында Мағжан мектептегі жұмысынан босатылады.

Жұмыстан шығып күн көріссіз қалған Мағжан сол 1937 жылғы 20 ақпанда Алматыдағы жазушылар одағының төрағасы Сәбит Мұқановқа хат жазады:

«Құрметті жолдасым Сәбит!

Мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өзімнің қалам күшімен көрсетсем деген жалғыз тілекпен оралдым. Мен қалған өмірімді, берік ниетім мен үмітімді істе дәлелдеу үшін социалистік құрылысқа еңбек етуге бел будым. Мен үшін енді еңбекші таптың, коммунистік партияның жолынан басқа жол жоқ.

Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам орталыққа баруды ойлап отырмын. Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып, Сізді бірдемеге міндеттегім келмейді. Сізге осылай жазуға қазіргі халім мәжбүр етіп отыр. Кешіріңіз. Құрметпен Мағжан», - деген сөздерді тебіренбей оқи алмайсың.

Бұл хатқа Сәбит Мағжанға Алматыға кел деп жауап берген. Мағжан Алматыға Зылихамен 1937ж. 25 наурызда көшіп келгенде алдынан шығып қарсы алған жалғыз Сәбит. Жазушылар одағының бастығы болып отырғанда талай адамды

Мағжанды қарсы алуға жіберуге мүмкіндігі болды. Бірақ 1-ші Алматыға өзі барып қарсы алды. Бұл оның үлкен азаматтығы еді. Станса басында Мағжан: «Менің жолым – теріс, Сәкендікі – дұрыс болды. Алдымен соған сәлем берейін» – деп Сәбең ойламаған тілек білдіреді. Ыңғайын тауып хабар жеткізген Сәбиттер қалаға жеткенше Сәкен үй-іші қадірлі қонақ келе жатыр деп әлекке түседі. Келген сәтте Мағжан мен Сәкен көздеріне жас алып құшақтасады. Мағжандар сол күні Сәкен үйіне қонып, келесі күні Сәбит үйіне қонаққа барады.

Одан кейінгі бір күні Мұхамеджан Қаратаевтың айтуы бойынша, Сәбең, Мағжан. Мұхамеджан үшеуі сол кездегі Қазкрайком Орталық комитетінің бірінші хатшысы Л.И.Мирзоянның қабылдауында болады. Сәбең Мирзоянға Мағжанды таныстырып, оның қазіргі жағдайын айтып көмектесуін өтінеді. Мирзоян жылы шыраймен қабылдап:

-Жұмабаев жолдас өздеріңіз айтқандай зор талант иесі болса, алғашқы әзірде, көңіл хошы келгенше, аударма жасатыңыздар, қоныс жайын да ойласыңыздар - деп ақыл қосты.

Осы іс-әрекеттердің бәрін растайтын құжат таяуда «Қазақстан» баспасынан шыққан «Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 г.г.» деген кітаптан табылған. Онда былай жазылыпты: «21 апрель, 1937г. Секретно. тов. Джаманкулов. Как тебе известно, в Алма-Ата

приехал алашордынский поэт Магжан Жумабаев, который написал на имя Союза писателей заявление о том, что признает антисоветские ошибки и просит помочь ему исправиться и дать работу. По этому поводу я на днях беседовал с тов.Мирзояном. он мне говорил, что надо дать работу, то есть дать на перевод на казахский язык из произведений классиков русской литературы, чтобы этим ему оказать материальную помощь.

Прошу тебя, как члена партии и зав. КИХЛОМ, учесть эту мою записку и слова тов.Мирзояна на перевод с выдачей аванса по договору.

С ком.приветом Предс. ССПК и член партии С.Муканов».

Осындай хат жазуы да Сәбиттің азаматтығының жарқын беті болса керек. Бұл құжатқа Жаманқұлов мынадай резолюция жазып қойыпты: «Будет учтено при заключении договора. Редактор. 21 апреля 1937г.».

Сәбиттің Жаманқұловқа жазған хатының нәтижесі кешіге берген соң Сәкен баспа директоры болып отырған Хамза Жүсіпбековке Мағжанды ертіп барып, неміс жазушысы Л.Фейхтвангердің «Оппенгейм семьясын» аударуға шартқа отырғызады. Алдын-ала берілетін қаламақының 25 пайызын өзінің сенімхатымен сол жерде алып береді. Сәбит пен Сәкеннің осы әрекеттері өздеріне пәле болып жабысарын білсе де, сезсе де, алған

беттерінен тартынбағаны қандай азаматтық адамгершілік.

Осы істердің бірде-бірі ұмытылмай, хатқа тізіліп, сол кезде-ақ ақын-жазушылардың аузынан шығып, газет-журналдарда жазылып жатты, қайсыбірі сот ісіне тіркелді.

Сәбең Мағжанға үй тауып береді де Орталық мемлекеттік музейге жұмысқа орналастырады. Бірақ НКВД органдары ақынды онда тұрақтатпайды. Мағжан аз уақыт туберкулез институтында тілмәш болып істепті. Одан кейін Алматы түбінде «Парижская коммуна» деген колхозда медпунктте істепті. Олай болатыны: Мағжан Ақтеңіз жағында айдауда жүргенде медицина мамандығын өз бетімен игерген екен. Өзі «жазушылықтан» кейінгі екінші мамандығы – «медфельдшер» деп жазатынын Зылиқа апай айтқан екен.

Ленинградтық дәрігер (Мағжанмен айдауда бірге болған) Иван Иванович Фетисовтың жәрдемімен «Мағжанға медицина техникумының бағдарламасына сәйкес тиісті оқулықтар мен оқу құралдарын жеткізіп тұрдым. Мағжан түрмеден босағанда әлгі дәрігер Мағжанға емтихан тапсыруға көмектесіп, фельдшер деген куәлік алуына қолғабыс етті» – дегенді Шериаздан Елеукеновке Зылиқа апай айтыпты. (Ш.Елеукенов. Мағжан. 124 бет).

Алматыда болған 7-8 айдың ішінде Мағжан бірнеше жерде қызмет істеген, бірақ ұзамай бәрінен де қуылып отырған «1938ж. 30 желтоқсанда ұсталғанда тергеушінің «без определенных занятий» деп жазғанына қарағанда, Мағжан ол кезде жұмыссыз жүрген, немесе күн көріс үшін азғана жалақы алып жүрген «қызметін» айтуды намыс көрген болуы ғажап емес» – дейді Тұрсынбек Кәкішев. (Т.Кәкішев. Матасқан тағдырлар. «Парасат». 2000ж. № 1. 5 бет).

1937 жылдың маусым айынан бастап газет, журналдарда алашордашыларға болысқан, көмектескендерді сынаған мақалалар көбейіп кетеді. 1937ж. 18 тамызда жазушылар Одағы партия ұйымының хатшысы Қалмақан Әбдіқадыров «Қазақ әдебиеті» газетінде «Әдебиеттегі троцкишіл-бухариншыл, ұлтшыл-фашист зиянкестерді жеріне жеткізе құрту керек» деген сын мақала жазып былай депті:

«Сәбит өз шығармаларында, «Адасқандарда» байды мақтап, 1932 жылы басылған «XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде» халық жаулары – алашордашылардың объективті революциялық ролі бар деген қателері үстіне соңғы кезге шейін халық жауларына (Айсарин, Жұмабаев, Асылбековтерге) көріне ымырашылдық жасады. Өзінің шығармаларын халық жаулары Досмұхаметов, Молдыбаевтарға аударуға берді. Жұмабаевты қызметке орналастыруға ниеттенгені, тағы

басқалары Сәбиттің жай ғана қатесі емес, үлкен саяси қатесі».

«Халық жауларын» әшкерелеу науқаны басталған кезде біраз екпіндете сөйлеген С.Мұқанов іс насырға шауып бара жатқанын көрген соң маусымнан қазанға дейін төрт ай бойы өнерпаздық сапарда жүрді. Алматыдан алыстау үшін Мәскеулетіп кетті. Сол уақытта өткен жиындар мен партия жиналыстырында әсіресе Хамза Жүсіпбеков баяндама жасағанда: «Қаулымызда Сәбит туралы қатты айту керек. Оны тез шақырып партиялық мәселесін қарау керек» деп қадап айтқан.

1937 ж. 7 қыркүйекте «Ұлтшыл – фашистердің әдебиеттегі зиянкестік істерімен күресу және жас кадрларды өсіру туралы» жазушылар пленумында С.Сейфуллин, С.Мұқанов «Халық жауларының қылықтарына мән бермеген, либералдық, ымырашылдық істеп өздері де көп саяси қателер жіберген» дегенді қаулыға кіргізді. Оны «Правда» мен «Казахстанская правда», «Социалистік Қазақстан» газеттері даурықтыра түсті.

Сәкен 24-қыркүйекте тұтқындалды. 2-3 қазанда Сәбит Жазушылар Одағы Төрағасынан босатылып, 2 күнге созылған жиналыста партиядан шығарылды.

Жоғарыда аталған «Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 г.г.» деген кітапта мынадай құжат бар:

«Решение бюро Алма-Атинского горкома КП(б)К по апелляции С.Муканова, 2 марта 1938 г.

Слушали: «Апелляция Муканова.

Муканов Сабит, член КП(б)К с июля 1920 г. партбилет № 1559860, рождения 1900г. казах. По соц положению – служащий. В момент возникновения дела работал в качестве председателя СПК – писатель.

Муканов обвиняется в том, что в своих литературных произведениях, как-то «Сын бая», «Мырзабек», «Темиртас», «Литература XX века», протаскивал контрреволюционные националистические взгляды.

Муканов был тесно связан с Сейфуллиным, Досмухамедовым, Асылбековым, Айсариним, Валиахметовым и Джумабаевым, ныне разоблаченными врагами народа. Когда Джумабаев был в ссылке, Сейфуллин имел с ним переписку и оказал денежную помощь.

Муканов состоял в Сейфуллинской контрреволюционной националистической группировке во время совместной работы в Союзе писателей. Муканов оградил Сейфуллина от критики, тем самым зажимал критику и самокритику.

Решением бюро Фрунзенского ГРК КП(б)К Муканов «Как активный член контрреволюционной националистической группировки, как пособник врагов народа и как неразоружившийся

буржуазный националист» из рядов партии исключен.

Муқанов в своих заявлениях не отрицает предъявленные ему обвинения в допущенных ошибках в своей литературной работе и в своих связях с Сейфуллиным, Валиахметовым, Айсариним и другими, но заявляет, что он ничего не знал об их контрреволюционной националистической деятельности. Обвинение, предъявленное Муқанову о его переписке с Джумабаевым и оказании ему денежной помощи, когда Джумабаев был в ссылке, ничем не подтверждается.

Докладывал Г.Холодов. Муқанов присутствует. (Постановили):

Ввиду неясности отдельных вопросов, дело о Муқанове отложить и поручить тов.Холодову дорасследовать материал и доложить на бюро.

Секретарь ГК КП(б)К Шураков».

Мұнда «обвинение, предъявленное Муқанову о его переписке с Джумабаевым и оказании ему денежной помощи, когда Джумабаев находился в ссылке, ничем не подтверждается» делінген. Ал шындығына келсек, жоғарыда көрсеткеніміздей Сәбит Мәскеуде Қызыл профессура институтында оқып жүріп ссылкадағы Мағжанға хат жазғаны анық.

Жазушы Жайық Бектұров «Бес арыс» жинағында жарияланған өзінің Мағжанға арналған

«Тағдыры қиын талант» атты шығармасында Мағжан туралы Сәбеңнің ауызша айтқан мына сөздерін келтіреді: «Мағжанның ақындығыда, кісілігі де ерекше, бөлек еді... Тек ақындық жолы бізден бұрысырақ бағытта болды да, кейін аты аталмай қалды. Мінезі баладай, тілі балдай еді. Адамға қайырымды, кешірімді, қалтқысыз жан еді. Ол әуелде маған Омбыда ұстаз да болған. Білімді, алғыр, ойшыл, орысшаға, шығыс тілдеріне ерекше жетікті. Пушкин, Лермонтов поэмаларын бастан-аяқ жатқа айтатын. Орыс тілі оқытушыларына орыс тілінен сабақ беруші еді. Тек біз идеялық жағынан келіспедік. Мағжан бізге көп ретте қарсы шықты. Шын мәнінде қарсы ма, жоқпа, оншасын бүгін кесіп айту қиын. Әйтеуір, оның шығармалары 20-жылдары бізге жат болып көрінді. Ол советтік дәуірді, оның табыстарын жырламады, ескіні, байшылдықты, ұлтты көкседі. Көпке дейін қазақ ауылындағы тап тартысын, бай-кедейдің жігін мойындағысы келмеді. Ол ұлы орыс халқының ұлы ақын-жазушыларын құрмет тұтты. Оларды қазақша аударды...

Ал Мағжанның жеке өз басының кісілігінде, адамға, жолдастарға қалтқысыз қарым-қатынасында зәредей қалытқы жоқ-ты. Ақындық өнеріне, біліміне келсек, алаштың екі күшті адамының бірі, тіпті ең дарындысы, күштісі Мағжан болатын. Бірі – біздің осы күнгі Мұхтар Әуезов еді...

Мағжанды Алматыға шақыруға үкімет басшыларынан рұқсат алдық, бірақ қашаннан сақ келетін. Қазақстан Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы Ораз Исаев жолдас: «Әзір Мағжанның өлеңдерін баспай қоя тұрыңыздар, жұмыс беріп, аударма жасата тұрыңыздар» – деп еді. Біз Мағжанға Л.Фейхтвангердің «Семья Оппенгейма» романын аударттырдық. Бұл фашизмге қарсы жазылған сол кездегі ең күшті шығарма болатын. Баспадан көп ақша бергіздік. Әрі тез, әрі өте жақсы, жатық аударды. Әдебиетке қарая қоймаған, қаламы да мұқала қоймаған екен. Бұл кісі аудармаға әуел бастан-ақ өте шебер еді ғой. Ол орыс тіліне де, өз тіліне де өте жетік адам. Шынында біздің қазақ әдебиетінде аударма өнерін көп жұрттан бұрын бастаған Мағжан болатын. Тек неміс жазушысының әлгі күрделі кітабы баспа бетін қазақша көре алмай қалды.

Менің 1937 жылы күз көп айғайда партиядан шығып қалуыма, сөйтіп 3-4 жыл бойы партия қатарынан тысқары жүруіме Мағжанды Алматыға шақыртуым басты себеп болды. Екінші себеп: Сәкенге ертеден жақын жүруім болды. Газеттерге үстімнен Мағжанды, Сәкенді қолдады деп мақалалар жазылып жатты, партия ұйымдарына арыз қаптап түсіп жатты.

Сол тұста Мағжан әлде қалай көшеде кездесе қалып маған: «Қарағым Сәбит, менің сіздерге қырсығым тиді-ау! Кінәм болса кешіріңіз. Заман өзі

не болып барады! Енді қайтып көреміз бе, көрмейміз бе» – деп, қош айтысып, кешірім сұрады.

Бұл байғұстың не кінәсі бар? Бар жазығы шалғайдағы лагерде 6-7 жыл отырып шыққаны, елім, жұртым деп жаны қалмай өлең жазғаны. Иә, оның маған ешбір жазығы жоқ. Менің бар кінәм – Мағжанды Қызылжардан шақыртып алдыруым... Біз оның адамгершілігін, ақындығын сыйладық, қазақ әдебиетінің қамын ойладық. Түбі мұндай қырсыққа ұшыраймыз деп әсте ойлағанымыз жоқ Мағжан жан-жақты жазушы еді ғой».

«Сәбең осыларды айтқанда қасымызда ақын Сырбай Мәуленов те бар еді» («Бес арыс» 325-327 беттер) – дейді Жайық ақсақал.

1932ж. Шыққан «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген еңбегінде Сәбит Мұқанов Мағжанның қазақ тілімен әдебиетіне қатысты еңбегін былайша бағалапты:

«Қазақ поэзиясының тілін байытуға, оның көркемдік мүмкіншіліктерін жақсартуға Мағжан Жұмабаевтан артық ешкімде үлес қосқан жоқ. Қазақ әдебиетін дамытуда Абайдан кейін ешкімде Мағжаннан аса алмайды».

Қорыта айтқанда: Сәбит Мұқанов пен Мағжан Жұмабаев 20-шы жылдары идеялық жағынан бір-бірімен келіспеген. Бұл кезеңде Сәбит Мұқанов Мағжан шығармаларын өте қатты сынаған. Бұған Сәбитті сол кездегі саяси жағдай мәжбүр етті. Ал

30-шы жылдардың басынан бастап, әсіресе Мағжан сотталғаннан кейін, Сәбит Мұқанов өзінің қателіктерін түсінді, Мағжанның зор адамгершілігін сыйлады. Сондықтан да ол лагерьдегі Мағжанға хат жазды, түрмеден босап келген ақынды Алматыға шақырып алып шамасы келгенше көмектесті. Осы жұмыстары үшін Сәбең өзі де қуғындалды: Жазушылар Одағының төрағалығынан алынды, партиядан шығарылды.

Биылғы Сәбеңнің 100 жылдық мерейтойы күндері біз Сәбең мен Мағжан туралы, олардың арасындағы қарым-қатынастар туралы шындықты біліп, олардың адамгершілігіне азаматтығына бас иеміз.

МАҒЖАН МЕН СӘКЕН

Мағжан мен Сәкен бір-бірімен өмір бойы қас болып өтіпті деген сөздер ел ішінде кейде естіліп жатады. Ал осы шындыққа жата ма, әлде білместіктің салдары ма? Енді екі ұлы ақынның қарым-қатынасын шығармашылығымен қоса зерттеп көрейік.

Алғаш рет Мағжан мен Сәкен 1913 жылдың күзінде Омбы қаласында мұғалімдік семинарияда кездесіп, танысты. Сәкен осы семинарияның бірінші класына, Мағжан дайындық класына оқуға түседі. Мұнда Мағжан қазақша медреселерде оқып,

Сәкен орысша-қазақша училище бітіріп келген болатын.

Екеуі де Омбы қаласында оқып жүрген қазақ жастарының жасырын «Бірлік» атты ұйымының белді мүшесі болды. Екеуі де жасынан өлең шығарумен айналысқан жас ақын еді. Мағжан мұнда келмей тұрып 1912 жылы Қазан қаласында «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағын шығарып үлгерген болатын. Сәкен алғашқы «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағын сол Қазан қаласында 1914 жылы семинарияда оқып жүргенде шығарды.

Екеуі де көркем, екеуі де жас ақын, екеуінің де мінездерінде кербездік, тәкәппарлық болғаны шындық. Осыған сай оларда бірін-бірі сынаушылық, кекетушілік, бірінен-бірі ассам деген ойлар болғаны өтірік емес. Осындай жағдайда Сәкен 1916 жылдың қаңтарында «Бір яш (келеке)» деген өлең шығарып оқушылар арасында таратып жібереді. Онда мынадай сөздер бар:

Қазаққа, татарға
«Таң» болып атарға
«Трр» ұштым, «тырыстым»
Кіруге қатарға.

Жақанды жақтадым,
Ақанды мақтадым.
Жұсыптан жасырып,
Сөз алдым асырып.

Абайдан абайлап,
Тоқайдан тоқайлап.
Сөз алдым білдіртпей
Көп ойлап, «шоң» ойлап.

Кітапша бастырдым,
Жан-жаққа шаштырдым.
«Алашқа» – алысқа
Таяуда – танысқа.

Біреуді мақтасам,
Біреуді жақтасам,
Мені де мақтамақ
Жанасып жақтамақ.

Мағжан да қарап қалмады, үндемей қалуды
«ар» көріп, «Заманымыздың ақыны» деген өлеңді
жазды:

Терезеге қараймын,
Қарындашты жалаймын.
Келтірем деп өлшеуге
Сөздерді іштей санаймын.

Басқаға мойын бұрмаймын,
Бітірмей жазып тұрмаймын.
Не керек жұрт сезбейді
Ақырын Феттен ұрлаймын.

Сөз таласы екі жастың ақындық өресінен
хабар беріп, жалғасқанын Сәкеннің қолма-қол

қайтарған «Келеке қылушыдан» деген екінші,
жауап өлеңінен көреміз:

Мұндайды жазбаушы ем,
Күлкіге азбаушы ем.
Біреудің айыбын
Бүйтіп көп қазбаушы ем.

«Шағирі ғасырдың»
Мініңді жасырдың
Жұлдыздан жоғары
Өзіңді асырдың.

Өзіме күлер деп,
Мінімді білер деп,

Келеді ойыңа –
Сендің ғой «бойыңа».

Өкпе айтпа сөзіме,
Әм көрген көзіме.
Бәрін де білемін –
Ха-ха-ха, - күлемін.

Бұл өлеңде ақындық бәсекемен қатар
Мағжанның үлкен мінін де сөз арасына қыстырған.
Сол кездегі Мағжанды білетіндердің айтуынша
Мағжан пенделік өмірінде ойынан емес «бойынан»
талай рет «қорлық көрсе» керек.

Екі ақын да қазақтың ұлы ақыны Абайды
өздеріне пір тұтқан, оның асыл сөздеріне тәнті

болған. Мұны олардың Абайға арналған шығармаларынан байқаймыз. Мағжан өзінің «Атақты ақын сөзі алтын хакім Абайға» атты өлеңін 1912 жылы жарық көрген «Шолпан» жинағында бастырған.

Мағжан: Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанды
Дүние қолын жайып енді күтпес.

Тыныш ұйықта, кабіріңде, уайым жеме,
«Қор болды қайран сөзім босқа!» – деме.
Артыңда қазақтың жас балалары
Сөзіңді көсем қылып жүрер жөнге! – десе,
Сәкен «Өткен күндер» жинағындағы «Ақын» атты өлеңінде ұлы ақын туралы ойын былай жеткізеді:

Ғибратты сөздер айтып болдың ақын,
Мүсәнләфләр сөзіне сөзің жақын.
Үлгі қып кейінгіге жаздың нұсқа,
Қиыннан қиыстырып сөздің нақын.

Сөзіңнің қарап тұрсам мағынасы мол,
Бастаушы адасқанды болғандай жол.
Өзге сөздің патшасы – сенің сөзің
Я бар бол бұл дүниеде, яки жоқ бол.

Салыстырып қарасақ екі жас ақынның Абай туралы өлеңдерінде үндестік, ұқсастық байқалады. Әдебиетші Дихан Қамзабековтың пайымдауынша, бұл өлеңдер екі ақынның да «шеберлік көшіне

ілесіп бара жатқан жастардың өлең әлеміндегі алғашқы тәжірибесі» болатын.

Мағжан да, Сәкен де 1917-1919 жылдар аралығында абақтыға қамалып біраз уақыт қиыншылық көрді. Мағжан 1917 жылғы қазан айынан 1918 жылғы мамыр айына дейін «Үш жүз» партиясының әлегімен Омбының түрмесінде қамауда болды. Сәкен 1918 жылдың маусым айынан 1919 жылдың наурыз айының соңына дейін талай азапты күндерді басынан өткізіп, ақыры Омбы түрмесінен қашып шығады. Екі ақында абақтыда отырғанда «Сағындым» атты өлең жазыпты. Олардың осы өлеңдерінің тақырыбы да, мазмұны да ұқсас, бір-біріне үндес.

Мағжан: «Сағындым»:

Абақтыда айды, күнді жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» – деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген
Ағайынды, туған елді сағындым.

Ойыны бір құрдастарды сағындым,
Тілегі бір жолдастарды сағындым.
Келешекке бірге план құрысып

Сырласатын жан достарды сағындым.

Жүрегіме жақын жанды сағындым,
Жібек мінез, хордай жарды сағындым.
Айрыларда күншығыстан ағарып
Ақ жібектей атқан таңды сағындым.

Қазағымды, қалың елді сағындым
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Сәкен «Сағындым»:

Қайырымды қалың елі бар,
Сарыарқа сары белі бар.
Өрісті Шалқар көлі бар,
Сағындым мен қырымды.

Өзенді, көлді жайлаған,
Кермеге тұлпар байлаған.
Хабарсыз арам ойлардан
Сағындым мен аулымды.

Жібектей шашы оралған,
Қыпша белі қыналған.
Еркесі қырдың бұралған,
Сағындым мен сәулемді.

Айналып – толғап өсірген,
Ақ сүтін беріп кешірген,
Тастамайтын есінен,
Сағындым ғаріп анамды.

Таулары биік қиялы,
Орманы шалқып миялы,
Жылқы, қой, сиыр, түйелі
Сағындым Арқа – жерімді.

Қамауда қанша қиыншылық көрсе де, елін,
жерін... қанша сағынса да, екі ақын да сары
уайымға салынбайды, екеуінің де асқақ рухы
жығылмайды.

Отырмын күзет – қамауда,
Дұшпаннан тәнім жеңілді.
Жеңе алмас бірақ еш пенде
Асау еркін көңілді, - деп Сәкен шын болаттай
шамырқана түссе,

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де алаш өлмес көркейер
Істей берсін қолдарынан келгенін! – деп
Мағжан халқы үшін, алашы үшін өлсе де жаудан
жеңілмейтініне сенім білдіреді.

Мағжан мен Сәкен қазан төңкерісінен кейінгі
жылдары бірімен-бірі тура кездеспесе де, сырттай
бірінің ісін бірі біліп жүреді. Ал 1921 жылдың
наурыз айында олардың Қызылжар қаласында
кездесулеріне мүмкіндік болды. Сол жылғы

наурыздың 22-сінде Ақмола, Семей облыстарын Сибревкомнан алып Қазақстанға қосу үшін Қазақ үкіметінен Омбы қаласына келген бес кісілік төтенше комиссияның ішінде Сәкен де болады. Комиссия іске кірісіп, Сибревкоммен келіссөз жүргізіп жатқанда Қызылжарда ақ бандылар мен бай құлақтардың қарулы көтерілісінен көп адамдардың мерт болғаны, олардың ішінде белгілі революционер ақын Баймағамбет Ізтөлин де бар екендігі жөнінде суық хабар келеді. Сәкен бірнеше адаммен Қызылжарға келіп қаза тапқандарды бауырластар зиратына жерлеуге және сол құрбандарға арналған қаралы митингіге қатысады. Мағжан бұл кезде «Бостандық туы» газетінің редакциясында болатын.

Осы кез туралы Сәкен мен Мағжанның өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген белгілі әдебиеттанушы ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішев өзінің «Сайыс» атты эссесінде былай деп жазады:

«Сол уақытта кездесті ме, жоқ па, бірақ Мағжанның осы трагедиялық оқиғаға енжар қарағаны байқалады, өлең-жырынан, мақалаларынан аңғарылмайды...» Ал шындығында сол жолы Мағжан мен Сәкен редакцияда кездескен. Оған куә Мағжанның «Бостандық туы» газетінің сол 1921 жылғы 16-шы сәуірде шыққан «Ақмола, Семей облыстарын Қазақстанға қосу үшін келген төтенше комиссияның ісі» деген мақаласы.

«Жәжеке» деп қол қойған бұл мақаласында Мағжан: «Жоғарыдағы жобамен төтенше комиссияның ісі туралы комиссия мүшесі Сәдуақас Сейфуллин жолдас төмендегі хабарды берді: Комиссия Омбыға 22 марта келіп 24-інде Сибревкомда көрісті» – дей келе келіссөз жүргізілген үш мәжілісті атайды. Бұл мәліметтерді, әрине, Сәкен редакцияда айтқан да Мағжан оны жазып алып кейін газетке мақала етіп бастырған.

Сәкен Қызылжарға аттанарда Омбы вокзалында отырып «Қызыл ерлер» деген өлең шығарып, Қызылжарға келген соң «Бостандық туы» газетінде бастырып шығарады. Онда мынадай жолдар бар:

Бостандық үшін ант қылып,
Күресуге тұрдық біз.
Республика Советін
Ұран салып құрдық біз...
Жауыздар үшін қан төгіп,
«Дінім», «ұлтым» демеспіз...
Дүниенің барлық жарлысы
Бауырымыз, біздің жұртымыз,
Олардың бақыты, үкімі –

Дініміз, біздің ұлтымыз – деген идея, Түрсекеңнің айтуынша, Мағжанға ұнамағаны анық». Сәкеннің бұрынғыдан да гөрі солшылдана түскені әлемдік революцияның әуселесімен жүргендігі Мағжанның жүрегін қозғамағандығы былай тұрсын, «ұлтым», «қазағым» деп келе

жатқан Мағжанды шошындыруы да мүмкін. Тіпті бір-біріне кездесе қалғанда сезіліп те қалған шығар» (Т.Кәкішев. Сайыс. Эссе. Алматы. 2004. 138-бет).

Одан әрі Т.Кәкішев Сәкеннің сол жылғы Мағжанға арнап ашына жазған екі өлеңінің жазылу себептерін былай өрбітеді:

«Бір ақынның сандырағы» және «Ұлтшылдың сандырағы» деген екі өлеңі тап сол жылы, яғни 1921 жылы жазылуы тегін емес. Оның үстіне 1916 жылы «Заманымыздың ақыны» деген кекесінінен кейін 1920 жылы Мағжанның:

Фуллин Сәкен

Кекең, Кекең

Футурист.

Бала ақымақ

Қожа Ташмай

Басын кес. – деген қалжың-эпиграмма жазғаны, Сәкеннің құлағына жетіп жатса, ертоқымын бауырына алатындай себептің табылғаны ғой. Мағжан өлеңдерінде шамадан тыс қайталанып жырланатын жайлар мен әлеуметтік енжарлығы, әсіресе Қызылжардағы оқиғаға онша мән бермеуі Сәкеннің қаламына еріксіз жол бергендей» (Т.Кәкішев. Сайыс. Эссе. Алматы. 2004. 138-бет).

Осы өлеңдер туралы сөзді қорытындылай келе Т.Кәкішев: «Сонымен, Мағжан мен Сәкен ұстасты, бір-біріне өнер арқылы, өлең арқылы ашық келді. Бірақ бұл бір-бірін сырттан бақылап жүруге, «жылы сөз» айтпасада жазғанын біліп отыруға кедергі болған жоқ». (сонда, 141-бет).

Мағжан мен Сәкеннің шығармаларында түрікшілдік, азиатшылдық та үндестігімен ерекшеленеді. Мағжанның «Алыстағы баурыма», «Орал», «Күншығыс», «От», «Пайғамбар», «Туранның бір бауында», «Түркістан», «Ескі Түркістан» атты өлеңдері оның түрікшілдігін, турандығын, азиатшылығын көрсетеді. Бұл шығармалар бір жағынан қазақ әдебиетінің керегесін кеңейтіп, өрелі биікке көтерілуінің амалы болса, екінші жағынан, Мағжанды «пантюркизммен» айыптауға дәлел де болған еді.

Сәкеннің 1922 жылдың 8-ші тамызында «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Азия (Европаға)» деген өлеңінде ол жер дүниені жалмап бара жатқан Европа империалистерінің зұлымдығын әшкерелеп:

Сұм Европа! Арам залым тас болдың,

Бүліншілік жауыздыққа бас болдың.

Азаматқа жол көрсеткен ерлерге

Мұнша неге, уа Европа, қас болдың? – деп империалистердің жасап отырған зорлық-зомбылығын тізіп өтеді де, пайғамбарлармен қорқытады әрине, бұл өлең коммунистік идеологияға үйлеспейтінін Е.Ярославский 1923 жылы III-партконференцияда айтып, Сәкеннің ұлтшылдығының негізінде «паназиялық» пиғыл жатыр деп айыптаған болатын. Сәкеннің бұл өлеңі Мағжанның «Пайғамбар», «Күншығыс» топтамасына үндеседі, себебі Европа

империалистерін әшкерелеуге келгенде екеуі де жантүршігерлік қиястық пен жауыздықты көзге елестетеді.

Түн баласы... түн жолына түскен ол

Сақаусың деп Мұса тілін кескен ол

Тәңірінің сүйікті ұлы Айсаның

Тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол, - деген Мағжан сөздері Сәкеннің ашық та ащы ойларымен қабысып жатыр.

Екі ақын да – Европамен ұстасқанда жауға жауыздықпен жауап берейік демейді, қайта бірлікке шақырады.

Мағжан: Әй, сен кесел күнбатыс,

Бұл жатуың қай жатыс

Жоғал жылдам жолымнан!

Болмаса қорықсаң өлімнен

Үмітің болса өмірден

Ұста менің қолымнан – деп зіл мен мейірімді қатар көрсетеді, тіпті қаласын күл қылмай гүлге, перзентін күл қылмай ұлға айналдырайық деген гуманистік ой айтады.

Сәкен: Тазартуға дүниенің ластығын

Жібітуге жүрегiнiң тастығын.

Семитiмнiң көп ұрпағын тағы да

Жұмсадым мен Маркс қылып бастығын...

Немесе: Қой бауырым, әлде болса тас болма

Бүліншілік, жауыздыққа бас болма – деп ақылға шақырып, мейірбандыққа үндейді.

Бұл өлеңдерден байқағанымыз: дүниетанымымен іс-әрекеті екі арнамен өрбіп келе жатқан ақындардың құяр сағасы біреу, ол – гуманизм.

1924 жылы жазған «Қызыл жалау» атты өлеңінде Мағжан:

-Қызыл шоқ жалау кімдікі?
-Кімде-кім: «Тәңірім – от! – десе,
«Басқа тәңірім жоқ» – десе,
Қызыл шоқ жалау соныкі.

Ендеше, қазақ, сенікі! – дейді. Жаңа өкіметтің саясаты елдің қамын, алаш мүддесін көздейді, өйткені кеңестік ресми салтанатты рәміздің өзі — Қызыл Ту «сенікі, қазақтыкі» деген идеяны білдіреді ақын.

Алашордашыл Мағжанның бұл жыр жолдары «Қызыл» Сәкеннің бұдан 5-6 жыл бұрын жарық көрген атақты «Жас қазақ марсельезасымен» үндесіп, сабақтасып жатқандай. Онда Сәкен:

«Азамат, сестеніп көзіңді аш, жүрме бос,
Ұран сал, алға бас, бірігіп тізе қос.

Қызыл Ту – шылауың, қорғаның

Тізе қос, тізе қос, тізе қос! – деп ұраншыл, төңкерісшіл, қызыл туды қорған еткен және «дауылпаз ақын»:

«Күн туды – біз теңдік алайық,

Ақ ниет азамат ерлерді

Бір тудың астына жияйық, - деп ұлттың бір бөлігін емес, зорлық-зомбылық көрген барша

халықты ынтымақ-бірлікке шақырады. Бұдан Алаш-орда қозғалысының көрнекті өкілі Әлімхан Ермековтың көзінің тірісінде «Сәкенді қызылдар жағында, ал, біздерді «орда» жағында демесендер, Сәкен бізден гөрі әлдеқайда ұлтшыл еді» – дегені шындыққа жататыны көрініп тұр.

Екі ақын да халқының оқу-ағарту ісіне көп көңіл бөлген. Мағжан ақындық сапарының алғашқы қадамынан бастап ағартушылық дүниетанымының аясында толғанды. 1912 жылы шыққан тұңғыш «Шолпан» атты өлеңдер жинағында ағартушылық сарындағы «Жазғы таң», «Сорлы қазақ», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Қазағым» т.б. өлеңдері басылды. «Жатыр» атты өлеңінде ақын қазақтың надандығын сынап, еліне, халқына жәрдем беруге дәрменсіз, тек төре болып шен алғанына мәз қазақтың оқыған азаматтарын да түйреп өтеді:

Біреулер оқып төре болып жатыр,
Шен алып бақыт құсы қонып жатыр.

Ұмытып өзін-өзі бұл сабаздар

Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр, - дей келіп өлеңнің соңында ақын сөз семсерін тағы да сол халқына жаны ашымайтын оқыған азаматтарға сілтейді:

Сезінбей өз өлгенін, өзінікін,
Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр?

Мағжан ағарту ісіне үндеуші ретінде ғана қатыспай, ұстаздық қызметті қайраткерлік тірегінің

негізі етіп алған. Ол 1918-1919 жылдары Омбыда, 1920 жылы Қызылжарда мұғалімдер курсына басқарып сабақ берді, 1922-1923 жылдары Ташкентте қазақ ағарту институтында, 1923-1927ж. Мәскеуде Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде, 1927-1929 жылдары Қызылжарда совпарт школа мен педтехникумда дәріс оқыды. 1922 жылы Орынбор қаласында оның «Педагогика» атты тамаша оқулығы шықты. Бұл оқулық күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ.

Сәкен Қазақстан үкіметін басқарып тұрған тұсында оқу-ағарту саласына көп көңіл бөлді. «Қазаққа оқу бұрын бір мәрте керек болса, енді мың мәрте керек. Оқусыз қазақтың болашақтағы күні қараң. Енді бір 20 жылдың ішінде қазақ өнерлі халықтардың қатарына қосылуы керек» деген түбегейлі бағдарламасы бар Сәкен Сейфуллин өзі үкімет басында отырғанда республиканың жартымсыз бюджетінің тең жарымын оқу-ағарту саласына бөліп, өлкелік партия комитетінен ескерту алған кезі де болған көрінеді. Соған қарамастан ол жер-жерлерде мектеп аштырып, бұрынғы оқыған алаш азаматтарын ағарту ісіне тартып, оларды қолдап, демеп, газет-журналдарға жазып, оқу орындарының жатақханасына барып, асханадағы тағамдарының сапасына дейін назар аударып шет елдер мен Мәскеу-Ленинградқа топ-тобымен қазақ жастарын оқуға алдыртып, ақшалай

көмек беріп, «қазақ оқушы жастарының жерлестері» ұйымдастырған кездесулерге барып сөз сөйлеп, тарыққандарға қаражат тауып бергені халқын ағартуға деген оның зор еңбегінің куәсі емес пе?!

Екі ақын да өз ана тіліне – қазақ тіліне зор көңіл бөлген. Мағжан 1922 жылы жазған «Қазақ тілі» деген өлеңінде:

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ кен-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті кең тілім
Таралған түрік балаларын баурыңа

Ақ қолыңмен тарта аларсың сен тілім, - деп болашақтан зор үміт күтіп, қазақ тілінің әлем аренасына шығып бүкіл түрік халықтарының ортақ тілі болуын армандап, әрі үлкен көрегендікпен болжап кеткен және осы арманының орындалуына имандай сенген.

Сәкен үкімет басында тұрған кезінде күні бүгінге дейін толық шешілмей келе жатқан қазақ тілі мәселесін көтерді. 1923 жылғы 9 маусымда «Кеңес істерін қазақша жүргізу керек» деген атақты мақаласын жариялады. 25 маусым күні «Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу» деген екінші мақаласын жариялады. 1923 жылдың 22 қарашасында Орталық Атқару комитетінің декретін қабылдады. Кеңселердегі істерді қазақ тілінде жүргізу бүкіл республика көлемінде 1924 жылдың 1-ші шілдесінен басталатын болды. Әттең

Голощекин келгеннен кейін бұл игілікті іс тоқтап қалды. Қазіргі кезде қайта көтеріліп, іске аса бастағанына тәубә дейміз.

Кеңес үкіметіне қазақ жұртының ұлттық мүддесін туғып көтеретін зиялылар керек емес еді, оған өзінің пікір ұсынысы жоқ, ел қамын ойлап басын қатырмайтын, тек отаршыл басшылықтың айтқанын екі етпей орындайтын дүбәрәлар қажет болатын. Сондықтан большевиктердің түпкі мақсаты әртүрлі сылтау тауып, ең алдымен алашордашыларды, сосын Сәкен сияқты «қызылдардың» көзін құрту еді.

Дауылпаз ақынның жан-жары Гүлбаһрам Батырбекқызы Жайық Бектұровпен бір әңгімесінде:

«Сырт көзге оның мінезін былайғы жұрт тік, бірбеткей деп ойлайтын. Шыны біздің Сәкен адамға қайырымды, кешірімді еді. Өздері ертеде Омбыда оқығанда бірін-бірі сынап, жамандап, қатты сөгіп, өлең жазысқан, кейінде бірі большевик, бірі ұлтшыл ақын аталған, өзіне қатты тіл тигізген Мағжан лагерден келгенде, оны үйде құшақтап қарсы алып еді. Зор ықылас білдіріп, қадір тұтып еді. Мағжан ертеде тілін қатты қадағаны үшін одан кешірім сұрап, алдына бас игісі келгенде Сәкен: «Жоқ, сен кішірейме, сенің кінәң кешірілді, бейнет көрдің» деген. Сөйтіп талай жыл теріскейдегі айдаудан қайтқан ақын құрбысына қайырымды, сыпайы мінез көрсетті. Қызметке орналасқанша қаражат беріп көмектесті» – деген

екен. (Амантай Кәкен. Алаш арыстары және сұңқар Сәкен. – «Ақиқат», 2004, № 4).

Бұл жағдайды арнайы зерттеген Тұрсынбек Кәкішев ағамыз «Мағжан – Сәкен» деген ғылыми эссесінде: «...екеуінің арасында айта қаларлықтай қарама-қарсылық ешуақытта да болған емес. Бірақ тосыннан келе қалған қазан төңкерісі екі ақынның арасын алшақтатуға әсерін тигізді» – деген тұжырымнан осы проблеманың қайда екендігін сеземіз. (сонда).

Осы мәселе жөнінде әдебиеттанушы ғалым Мүсілім Базарбаев «Біз Сәкенді қалай түсінеміз?» («Қазақ әдебиеті». 1.07.1994) деген мақаласында: «Халық мынау Сәкен екен, анау Мағжан екен деп айырған жоқ. Айырған-большевиктер. Бір ұядан ұшқан екеуі де екі түрлі жолмен өсіп, бекіп, танылса да сол жолдары трагедиялық нүктеге келіп қиылыспай ма? Жұмсартып айтқанда, біреуі әдебиеттің оңы, екіншісі солы сияқты ұғылып келді. Ал екеуінің де жазықсыз жазаланғанын біле тұрып, олардың сонда айырмашылығы неде, қайда деген сұрақ қоя алмадық. Біреуі ақталып, екіншісі қара күйінде қала беруі жауап тілемейтін түсінікті жай деп ұғылды. Әйтпесе, Мағжан ақталуын тілеушілер аз болмағаны белгілі. Шындығында, тағдыры да, шығармашылығы да бір алтын теңгенің екі жағындай бірін-бірі толықтыратын жандар емес пе? Әрине, екеуінің де алып талант екенін бұқара халық білді. Бірақ жетекшілер тек

тап мүддесінен, тап саясаты тұрғысынан қарады. Сөйтіп жүргенде Қазақстанда кеңес өкіметін орнатушы, революционер Сәкеннің өзі мерт болды. Адалы мен арамды аралас қарбалас заманның түсінуі қиын жұмбақтары осындай» – деп жазған еді.

Ал Мағжан мен Сәкеннің арасын ажыратып бірін жоғары, бірін төмен қоюшыларға ғалым Тұрсынбек Кәкішев былай жауап береді: «Біздің көп адамдар ақындық жағынан Мағжанды – биік, Сәкенді – төмен қойғысы келетін пиғыл байқатады. Ондай ой әдебиетшілер арасында ертеде де болған, қазір де жоқ емес. Мен мұндай бағалауға, яғни бойы мен ойын сантиметрлеп өлшеуге қарсымын, өйткені екеуі екі дүние, поэзия аспанында өзінше жарқырайтын жұлдыздар... Екеуінің де тұла бойы тұнған ақындық... Мағжан да Сәкен де не айтсам екен деп те, қалай айтсам екен деп те қиналмаған. Тіпті еркін кеткен, қысылмаған, аяқтарын тарту дегенді білмеген». (Т.Кәкішев. Сайыс. Эссе. 2004, 181-бет).

Міне, осының бәрі Мағжан мен Сәкеннің ұлтымыздың мақтанышы, ұлы ақындары екенін анықтайды. Сондықтан оларды бірінен бірін ажыратпай, қазақтың қос арысы деп бағалауымыз керек.

АЛАШЫМ ДЕП ЖҮРЕГІ АТОЙ САЛҒАН

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ- ұлтым үшін өлгенім.
Мен өлсем де алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін.

МАҒЖАН

Мағжан туған халқының өз жерінен, ата мекенінен айрылып, басқа елге тәуелді болғанын көріп, жүрегі ауырады. Ол сонау 1913 жылы "Қазақ" газетінің №7 санында жарияланған "Орал тауы" өлеңінен бастап ұлт қайғысын жырлады. Сонымен бірге, осы өлеңде түрікшілдік идеяны да қозғай бастады:

Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.
Қорықпайтын таудан,тастан батыр түрік
Қойныңа жайыменен кіріп еді, - деп түрікшіл оймен бастаған өлеңін ақын ұлт қайғысын жырлаумен аяқтайды:

Оралдай ата мекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне.
Аузы түкті шет елдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне.

Ал 1914 жылы Омбы қаласындағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқып жүріп, сол қалада оқып жүрген жастардың жартылай жасырын "Бірлік" ұйымына мүше болды. Бұл ұйымның мақсаты туралы кейін белгілі қоғам және мемлекет қайраткері болған Смағұл Сәдуақасов: "Ең алғашқы жастар ұйымы Омбы қаласында 1914 жылы ашылды. Ол ұйымның аты "Бірлік" еді. Оның мақсаты программасында айтылған. "Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлтшылдықты сақтау. Бұл - айтылған мақсаттарға жету үшін жастар арасында ұлтты сүю сезімін сіңіре беру. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін 1916 жылы "Бірлік" ұйымы "Балапан" деген жазба журнал шығарып тұрды. "Балапан" заманында ауызға ілініп, жастарға көрсеткен оның қызметі көп болды", деп жазған болатын.

Өкінішке қарай, бұл журналдың бірде-бір саны сақталмаған. Тек Мағжанның "Балапан қанат қақты" деген қара сөзбен жазған өлеңі мен осы өлеңі тақырыбының астындағы "Балапан" журналына арналған" деген ескертпесі ғана қалған.

1917 жылғы патшаны тақтан құлатқан Ақпан төңкерісін басқа да қазақ оқығандары секілді Мағжан да "ұлыстың ұлы күні" ретінде бағалаған.

"Қазақ" газетінің 1917 жылғы 225-ші санында Алаш қозғалысының көшбасшылары Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқаев, Міржақып Дулатов осы Ақпан төңкерісінен кейін іле-шала "Алаш ұлына" деген үндеу жариялады. Онда мынандай жалынды сөздер бар: "Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді, міне, теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сонарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бірі кемісе оны артып, ақырында Россия қол астындағы халықтардың бәріне дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген құдайға мың шүкір" ("Қазақ", Алматы, 1998, 372-бет).

Омбы мұғалімдер семинариясында оқып жүрген Мағжан бұл үндеуді зор қуанышпен оқып шықты. Бұдан кейін өзі де әлеумет ісіне белсене атсалыса бастады. Бұл кезде облыстарда қазақ құрылтайлары (съездері) ұйымдаса бастайды. Оның біріншісі болып 1917 жылдың 1-2 сәуір күндері

Орынборда Торғай облысы қазақтарының съезі өтті. Съезге келушілер саны 300-ге жуық болды. Оған сол замандағы қазақтың игі жақсылары түгелге жуық қатысады. Солардың арасында Мағжан да болды. Съезде сөйлеген сөздер мен қабылданған қаулылар Мағжанның ұлттық тәуелсіздік жолындағы күреске бекем бет бұруына зор әсер етті. Съезден зор әсермен қайтқан Мағжан сол жылдың 25-ші сәуірі мен 7-мамыры аралығында Омбыда өткен Ақмола облысы қазақтары съезінің сапалы дайындалуы мен биік деңгейде өтуіне белсене араласып, Ақмола облыстық атқару комитетінің мүшелігіне сайланды. Съезде Ақмола облыстық атқару комитетінің төрағасы болып Айдархан Тұрлыбаев, оның орынбасары болып Сейілбек Жанайдаров пен Асылбек Сейітов сайланады. Мүшелікке жеті адам сайланады, Мағжан да солардың ішінде.

Патша құлап, уақытша үкімет билік басына келген соң, болашақ Ресейді басқаратын оның үкіметін тағайындайтын құрылтай жиналысына делегаттар сайлау мәселесі күн тәртібіне қойылады. Әлихан Бөкейханов "Қазақ" газетінің 1917 жылғы 4-ші шілдедегі 235-ші санында жариялаған "Қазақ депутаттары" деген мақаласында депутаттыққа үміткер ретінде лайық деген 43 адамның атын атайды. Соның бірі Мағжан болатын. Бірақ, кейін кеңес үкіметі құрылтайды таратып жібергені белгілі.

Мағжан сол 1917 жылдың мамыр айында Мәскеу қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне Ақмола облысынан делегат болып қатысты. 1917 жылғы 21-26 шілде аралығында Орынборда І Бүкілқазақтық съезд өтті. Бұл съезге Ақмола облысынан Айдархан Тұрлыбаев, Асылбек Сейітов, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тілеулин қатысты. Осы съезде қазақтың жаңа саяси партиясы "Алаш" деген атпен құрылады. Бұл партияны қазақтың либерал-демократ зиялыларының басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақыл Дулатов басқарады. Бұл партияға, ең алдымен аталған басшылардан басқа қазақтың белгілі ғылыми және шығармашылық зиялылары - Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков, Жанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Жұмағали Тілеулин, т.б. кіреді.

Осы съезден соң онда қабылданған қаулыларды Омбы оқығандары да талқыға салады. 1-4 қазан аралығында Мағжан мүше болған "Бірліктің" кеңейтілген жиналысы болып, оған қатысқандар Орынборда өткен жалпы қазақ съезінің қаулыларын құптайды. Жиналыс жаңа құрылған "Алаш" партиясын заман талабына сай және көздеген мақсатқа тез қол жеткізе алатын партия санайды, сондықтан да, оны қолдап, халық

арасында оның пікірлерін таратуды өз міндетіне алады.

Бұл істерден әлеуметтік-саяси жұмыстарға ынта салып, араласып жүрген Мағжан да шет қалмайды. Алайда, осы кезде Омбы зиялылары екіге бөлінеді. "Бірлік" қоғамының айналасындағылар "Алашты" жақтаса, "солшыл" бағыттағылар "Үш жүз" партиясын құрып оған қарсы шығады.

"Алаш" партиясының облыстық ұйымдарын құру үшін Әлихан Бөкейханов 1917 жылдың қазан айының екінші онкүндігінде Семей, Ақмола облыстарын аралайды. 13-14 қазанда Семей қаласында болып, қала жұртшылығымен кездесулер өткізіп, баяндамалар жасайды. Одан кейін Омбыға келіп қазақ жастарының "Бірлік" қауымымен кездесу өткізеді. Осы кездесу кезінде "Алаш" партиясының облыстық комитеті құрылады. Оның құрамына енген он адамның ішінде Мағжан Жұмабаев та бар. Комитеттің төрағасы болып Айдархай Тұрлыбаев сайланады. Жиналысқа келген "Үш жүз" партиясын құрушылар осы кездесуде талас-тартыс туғызып, өз пікірлерін өткізуге тырысады. Олармен Ә. Бөкейханов арасында ұлттық саяси партияның сипаты мен бағдарламасы төңірегінде пікірсайыс болады. Дегенмен, жиналысқа қатысқандардың көпшілігі "Алашты" жақтап қол көтереді.

Бұдан соң "Үш жүз" партиясын құрушылар алашшылдарға ашықтан-ашық қарсы шығады. 20-қазан күні олар Омбы қаласындағы Ақмола облыстық қазақ комитетіне басып кіріп, онда отырған Мағжан Жұмабаев пен Мұратбек Сейітовты тұтқындайды. Алайда, уақытша үкіметтің милициясы бұларды босатып, "Үш жүздің" белсенділерін қамауға алады.

Мағжанның саяси іске араласуы мұнымен шектелмейді. 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен II Бүкілқазақтық съезге қатысып, Алашорда үкіметін сайлауға дауыс береді. Жаңа құрылған Алашорда үкіметінің 5 кісіден тұратын оқу комиссиясына мүше болып сайланады. Ахмет Байтұрсынов басқарған бұл комиссияға Мағжан мен бірге Елдес Омаров, Бидахмет Сәрсенов, Телжан Шонанов та кірген.

Н.Мартыненко құрастырып, 1929 жылы жарық көрген "Алашорда" құжаттар жинағында "Автономияны дереу жариялау керек пе, әлде Түркістан қазақтарының қазақ автономиясына қарым-қатынасын білгеннен соң жариялау керек пе?" деген сұраққа жауап бергендердің ішінде Мағжанның да есімі бар. Ол автономияны жағдайды білген соң жариялаушылар жағында болыпты.

1918 жылдың 5-13 мамыр аралығында Омбы қаласында Қазақстанда құрылған әр түрлі жастар ұйымдарының біріккен съезі болды. Бұл съезді

шақырған осындағы "Бірлік" ұйымы. Бұл ұйым "Алашорда" үкіметі құрылған соң осы үкіметтің тілектесі болады. Смағұл Сәдуақасовтың мәліметіне қарағанда, Қазақстанда бұл кезде "Бірліктен" басқа 21 жастар ұйымы бар екен (оның ішінде Петропавл қаласындағы "Талап" атты ұйым да бар). Аталған жиналыста қазақ жастары ұйымдарының бәрі бірігіп, "Жас азамат" деп ат қойып, орталық комитет сайлайды және "Жас азамат" атты газет шығаруға қаулы алады. Оның редакторы болып Қошмұхамед Кемеңгеров сайланады. Газет Петропавл қаласында шыға бастайды. Мағжан осы "Жас азамат" ұйымына ақ тілеу тілеп, газет бетінде өзінің "Мен жастарға сенемін" деген өлеңін жариялайды.

Мағжан өмірінің соңына дейін "Алаштың" тілектесі болды. Ол, тіпті, бірнеше рет тұтқындалып абақтыда отырса да, бірде-бір рет ұлт-азаттық Алаш қозғалысына мүше болғанына өкінбеген. Ол өзінің туған халқы - қазағы, алашы үшін шыбын жанын да аямаған.

Биылғы 29 мамырда Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев бір топ қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары басшыларына берген сұхбатында "Біз Қазақстанның еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен азаматтарды ерекше қадірлей білуіміз керек... Алаш арыстары бізге мемлекеттілік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы атты

мемлекет - сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы", деп атап көрсетті. Міне, бұл алаш арыстарына, олардың ішінде ұлы Мағжанға да берген әділ баға емес пе?!

Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылық жолының көрсеткіші

1893ж. 25 июнь	Ақмола облысы Петропавл уезіндегі Полудино болысы (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданындағы Сарытомар ауылының маңындағы) Сасықкөл жанындағы ауылда туган
4 жасынан бастап	Ауыл мектебінде Ахитден Ақанов деген башқұрттан оқып сауатын ашқан
1905-1910жж.	Петропавлдағы Мұхамеджан Бегішевтің қазақ және татар балаларына арналған медресесінде оқыды
1910-1911жж.	Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқыды
1910-1911жж.	Петропавл қаласында Міржақып Дулатовпен кездесіп танысты және одан орыс тілі мен әдебиетінен сабақ алды
1912 ж.	Қазан қаласында тұңғыш «Шолпан» өлеңдер кітабы шықты
1913-1917жж.	Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды. Осында Сәкен Сейфуллинмен танысты, бірге оқыды
1914-1918жж.	Омбыда жастардың жасырын «Бірлік»

	ұйымының мүшесі болды
1916 ж.	«Бірлік» ұйымының «Балапан» журналына арнап жазған «Балапан қанат қақты» деген шығармасы жарық көреді
1917ж. апрельдің басы	Орынбор қаласында өткен Торғай облыстық қазақ съезіне қатысты
1917 ж. 25 апрель-7 май	Омбы қаласында өткен Ақмола облысы қазақтарының съезінде Ақмола облыстық Қазақ комитетінің мүшесі болып сайланды
1917 ж. 1- 12 май	Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне делегат болып қатысты
1917ж. 21- 26 июльде	Бірінші Бүкілқазақтық съезге қатысты, «Алаш» партиясына мүше болды
1917ж. 30 октябрьде	Омбы қаласында Ақмола облысы қазақтарының «Алаш» партиясын құруға арналған құрылтай съезіне қатысты
1917 ж. 5-13 декабрь аралығында	Орынбор қаласында өткен II Бүкілқазақтық съездің жұмысына қатысты. «Алашорда» үкіметінің Ахмет Байтұрсынов басқарған оқу комиссиясының мүшесі болып сайланды
1917 ж. декабрь 1918 ж. май	Омбы қаласында «Үш жүз» партиясының әлегінен түрмеде отырды. Сонда отырғанда «Сағындым» өлеңін жазды
1918 ж. июнь -июль	Омбы облысының Полтавка селосында мұғалімдердің 2 айлық курсына дәріс оқыды
1918ж. ноябрь -1919ж. февраль	Омбы қаласында қазақ мұғалімдерін даярлайтын курстың директоры болды әрі курсанттарға қазақ тілі мен әдебиетінен, тарихтан, педагогикадан сабақ берді
